XX ғасырдың соңғы жылдары дами бастаған тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшу үрдісі "адам-тіл-мәдениет" және "адам-тіл-ойлау" үштігіне сүйенетін гуманитарлық зерттеулердің жаңа бағыттарына жол ашты. Қазіргі тіл біліміндегі өзекті саланың бірі әр түрлі жүйедегі туыс емес тілдерді салыстыру болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанда салыстырмалы типологиялық тіл білімі лингвистикада кеңінен қанат жайып келе жатқан салалардың бірі. Құрылымы әр түрлі тілдерді салыстыра зерттеудің маңыздылығына ең алғашқылардың бірі болып академик Н.Л.Марр терең мән берген. Осы пікірді қолдап, әрі қарай дамытқан Л.В.Щерба, И.И.Мещанинов, В.В.Виноградов, І.Кенесбаев, Ә.Қайдар, А.Д.Райхштейн, С.Е.Исабеков, З.Қ.Ахметжанова, А.Ислам, т.б. ғалым-лингвистер өз еңбектерінде салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулердің тіл білімінде алатын орны зор екендігін айқындап берді.

Зат есім - заттың, құбылыстың атын білдіріп, кім? не? деген сұраққа жауап беретін *сөз табы* болып табылады. Күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен уақиғаларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды. Мысалы: құс, тас, су, шыны, адам, қол деген сөздермен қатар, жаңбыр, найзағай, сайлау, жүріс, капитализм, эволюция, ұғым, ақыл, сана деген сөздер де зат есімге жатады [1]. The noun is a part of speech which has the general meaning expressing substance in the widest sense of the term. In other way, nouns are words that name things, human beings, materials, abstract notions which have the grammatical category of number, case and gender [2].

Кім? деген грамматикалық сұрауға жауап беретін зат есімдерге

жалпы адам атаулары жатады. Адам атаулары деп жалпы адамға тән атауларды (*кісі, бала, қыз, бөпе, шал, кемпір, келіншек, еркек, әйел*, т.б.) туыс атауларын (*әке, шеше, әже, ата, аға, іні, апа, сіңлі, немере*, т.б.), іс-әрекет пен кәсіп-мамандық иелерінің атауларын (*әнші, атишы, арбашы, залым, мұғалім, сатушы*, т.б.), әр алуан қызмет баптары мен лауазым атауларын (*директор, лейтенант, бастық, мырза, ханым*, т.б.), кісі аттарын (*Асан, Әсет, Айбек, Иса, Алма, Рабига, Жәмила, Гүлсім, Жанна*, т.б.) және басқа да осылар сияқты адамға тән атауларды айтамыз. Не? деген грамматикалық сұрау, әдетте, адамнан өзге барлық жан-жануарлардың және күллі заттар мен нәрселердің атауларына қойылады. Жалпы есімдер деп тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттар мен ұғымдарды білдіретін зат есімдер аталады. Мысалы: *ағаш, ат, ас, арал, арба, бас, бала, ақыл, сана, түсінік, ер, ес, ет, дала, су, отын, көмір, кеңсе* сияқты зат есімдердің барлығы жалпы есім болады. Common noun is a noun used to refer to a person, thing or substance: an animal, a family, a nature, a teacher, etc. Жалқы есімдер деп белгілі - бір ғана затты арнайы, даралай атайтын зат есімдерді атаймыз. Мысалы: кісі аттары (*Асқар, Арлан, Ағыбай*, т.б.); үй хайуандарына берілген арнаулы аттар (*Тайбурыл, Теңбілкөк, Ақтабан, Таймас* т.б.); өндіріс, мекеме, ұйым аттары ("Еңбек", "Қайрат", "Түркісіб" т.б.); газет, журнал, фильм, кітап аттары мен жеке шығармалардың аттары ("*Егемен Қазақстан*", "*Өркен*", "*Менің атым Қожа*", "*Қан мен тер*", т.б.); географиялық атаулар (*Алатау, Қаратау, Іле, Ертіс*, т.б.); қала, көше, алаң аттары (*Теміртау, Абай даңғылы, Республика алаңы*, т.б.) тағы басқа жалқы атаулар жатады. Proper noun is the name of a particular person, place, organization, etc. For example, person: Azamat, Arman, place: Almaty, Astana, America, organization: Nur Otan Party, the Bobek fund. Жалқы есімдер мағына жағынан белгілі бір ұғымды білдірмейді, тек бір жеке-дара затты басқа заттардан ажырату үшін қойылған белгі - ат ретінде ғана жұмсалады. Морфологиялық тәсіл деп сөздердің жұрнақтардың көмегімен жасалуын айтады [3]. Зат есім ағылшын және қазақ тілдерінде негізгі (simple nouns), туынды (derivative nouns) және күрделі (compound nouns) болып үшке бөлінеді. Мысалы, қазақ тіліндегі негізгі етіс: аю, аға, құс, бас, шаш, қыз, қыс және ағылшын тіліндегі негізгі зат есім: a box, a bag, a tree, a pen, a cat, etc. Ал, қазақ тіліндегі туынды зат есім: көршілес, қорқақтық, қарындас, басқыш, сорғыш және ағылшын тіліндегі туынды зат есім: a teacher, an agreement, a worker, misadventure, non-smoker, etc. Қазақ тіліндегі күрделі зат есім: қайыната, ҚР, Айбота, ата-ана, жеміс-жидек және ағылшын тіліндегі күрделі зат есім: merry-go-round, sister-in-law, coachman, hand-me-down, etc. According to the morphological structure nouns can be classified in

English and Kazakh languages into: simple nouns, derivative nouns and compound nouns. The simple nouns have only root stem. For example: a box, a bag, a tree, a pen, a cat, etc. Derivative nouns in English language are formed by adding either suffixes or prefixes, sometimes the both. Kazakh derivative nouns are formed by adding suffixes only. For example: a teacher, an agreement, a worker, misadventure, non-smoker, etc. Compound nouns consist of two or more stems. For example: merry-go-round, sister-in-law, coachman, hand-me-down, etc. Сонымен қатар, зат есімнің көпше түрлерінің жасалу жолдарына тоқталар болсақ, зат есімнің көпше түрінде қазақ тілінде -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер көптік жалғаулары жалғанса, ағылшын тілінде –s, –es жалғаулары жалғанады. Мысалы, балалар, адамдар, үйректер, сәбилер, ағылшын тілінде: boxes, letters, books, etc.

Мысалы: *атишы, басшы* деген туынды зат есімдер *ат, бас* деген зат есім түбірлерінен жасалса, *атишылық, басшылық* деген туынды зат есімдер *атишы, басшы* деген зат есім негіздерінен (туынды зат есімдерден) жасалған. Ал, *жақсылық, үлкендік* деген зат есімдер **-лық (-дік)** жұрнағы арқылы жақсы, үлкен деген сын есімдерден туған. Сондай-ақ, *егін, сауын* туынды зат есімдері *ек, сау* деген етістік түбірлерінен жасалса, олардан **-шы (-ші)** жұрнағы арқылы егінші, сауыншы деген туынды жаңа зат есімдер жасауға болады [4].

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі зат есімнің ұқсастықтары мен айырмашылықтары
Кесте 1

Ағылшын тілі	Ұқсастықтары мен айырмашылықтары	Қазақ тілі
<p>In English the noun is divided into:</p> <ul style="list-style-type: none"> • simple nouns; • derivative nouns; • compound nouns. 	<p>Ұқсастықтары: Ағылшын және қазақ тілдерінде де үшке бөлінеді. Зат есімнің көпше түрінің жасалуында ағылшын тілінде –s, –es жалғаулары жалғанса, қазақ тілінде -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер көптік жалғаулары жалғанады.</p>	<p>Қазақ тілінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • негізгі; • туынды; • күрделі.
<ul style="list-style-type: none"> • The words <i>he, she, it</i> is translated into Kazakh language as <i>ол</i>. He refers to a person or an animal regarded as male. She refers to a person or an animal regarded as female. • English language has 2 cases (the common case –жалпы септік, the possessive case – тәуелдік септік). 	<p>Айырмашылықтары: Ағылшын тілінде зат есімнің септелуі қазақ тіліндегі зат есімнің септелуінен сан жағынан өзгеше болып табылады. Лексикалық мағынасына қарай ағылшын және қазақ тілдеріндегі зат есім 8 топқа бөлінеді, бірақ, зат есімдердің түрлері әр түрлі болып келеді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақ тілінде ешқандай род категориясы жоқ, <i>he, she, it</i> – ол болып аударылады. • Қазақ тілінде 7 септік (атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес) бар.

Зат есімнің ағылшын және қазақ тілдеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттей келе, екі тілде келесідей айырмашылықтар табылды. Олар: 1. Зат есімнің род категориясы. Қазақ тілінде ешқандай

род категориясы жоқ, *he, she, it* – ол болып аударылады. Ал, ағылшын тіліндегі зат есімнің род категориясына келсек, ағылшын тілінде жансыз заттарды, жануарларды, дерексіз ұғымдарды білдіретін жекеше түрдегі үш есім *it* – ол есімдігімен алмастырылады, ал адамдарға байланысты жекеше түрдегі зат есімдер жынысына қарай *she* – ол (әйел адамды), *he* – ол (ер адамды) білдіретін есімдіктермен алмастырылады. Gender – the use of different grammatical forms to show the difference between masculine (male), feminine (female) and neuter, or between human and non-human. Moreover, Kazakh language has not any gender. The words *he, she, it* is translated into Kazakh language as *ол*. He refers to a person or an animal regarded as male: boy scout, man student, male nurse, he goat, he elephant. She refers to a person or an animal regarded as female: she goat, she elephant, girlfriend, girl scout, woman student, lady cashier, female patient, a woman, girl, a daughter.

2. Зат есімнің септелуі. Ағылшын тілінде зат есімнің септелуі қазақ тіліндегі зат есімнің септелуінен сан жағынан өзгеше болып табылады. Қазақ тілінде 7 септік (атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес) болса, ал ағылшын тілінде 2 септік (the common case – жалпы септік, the possessive case – тәуелдік септік) бар. Case is the grammatical category which indicates the relation of the noun with other words in a sentence. There are seven cases in Kazakh language and two in English: common and possessive case. Although, common case has not any inflexion, it has a very wide and general meaning. E.g. Nazira is a professor.

The possessive case shows possessions or source of two constructions. Some grammarians call possessive forms genitives. The possessive case is generally formed by adding `s to the noun. Қазақ тіліндегі зат есімнің септік түрлері: Nominative case - Who? Кім? What? Не? - бала, Жанар, Алматы, кітап, көйлек; Genitive case - Whose? Кімнің? Of what? Ненің? -ның, -нің: баланың, Зәмзәмнің, -дың, -дің: Диярдың, үйдің, -тың, -тің: Азаматтың, есіктің; Dative case - To whom? Кімге? To what? For what? Неге? Where? – ға, -ге: Сашаға, Зәмзәмға; -қа, -ке: Азаматқа, Меруертке, -на, -не: досына, дәптеріне; -а,-е: қызыма, ініме; Accusative case - Whom? Кімді? What? Нені? -ды, -ді: Жанарды, -ты,-ті: Алматы, суретті; -ны,-ні: Алманы, бөлмені; Locative case - Where? Қайда? At (by) whom? Кімде? When? Қайда? -да, -де: Жанарда, балада, сөреде; -та,-те: Жандоста, жәшікте; -нда,-нде: кітабында, дәптерінде; Emanative case - From whom? Кімнен? From what? Неден? From where? Қайдан? -нан, -нен: адамнан, орманнан; -дан,-ден: теледидардан, үйден -тан, -тен жұмыстан, еттен; Instrumental case - With whom? Кіммен? With what? Немен? -мен, -ман, -пен, -бен: Жанармен, балғамен, сөзбен, Жолдаспен.

3. Лексикалық мағынасына қарай ағылшын және қазақ тілдеріндегі зат есім 8 топқа бөлінеді, бірақ зат есімдердің түрлері әртүрлі болып келеді. Ағылшын тіліндегі зат есімнің классификациясы төмендегі кестеде берілген.

Кесте 2

Common						Proper		
Countable		Uncountable		Collective		Personal	Geographical	Organization
concrete		abstract	things	human	non-human			
a chair	a city	advice	butter	the Askarovs	an animal	Azamat	Alatau	Bobek
a computer	an iron	love	grass	a crowd	fruit	Diyar	Aral	Elitstroy
a disk	a country	father hood	hair	a family	furniture	Zhanar	Esil Kazakhstan	K-Mobile Nur-Otan
an overcoat	a paper	kindness	sugar	people	goods	Nazira	Kazygurt	Soros

Қазақ тіліндегі зат есімдер келесі түрлерге бөлінеді: Common nouns - жер, кітап, қалам, арыстан, піл, қарлығаш, құмырсқа, боран, дауыл, сел, соғыс; Proper nouns - Абай Құнанбаев, Зәмзәм, Қазақстан, Астана, Алматы, Құлагер, Байкал көлі, Алатау тауы, Достық даңғылы; Concrete nouns - қыз, ұл, көше, гүл, алша, шие, тақта, әріп, сәбіз; Abstract nouns - арман, ой, ақыл, сезім, қуаныш, өтініш, батырлық, ептілік; Human nouns - адам, бала, кісі, ақын, жігіт, бойжеткен, бозбала; Non-human nouns - ағаш, гүл, көлік, ғимарат, мемлекет, теледидар; Material - алтын, күміс, темір, нан, сүт, ет, күріш, су, көмір; Collective nouns - адамзат, құс, ата-ана, жануар, жеміс, табиғат, жанұя.

Қорыта келгенде, зерттеу барысында өзара туыс емес бірі - түркі тілдер тобына, екіншісі -герман тілдер тобына жататын ағылшын және қазақ тілдеріндегі зат есімдердің морфологиялық сипаттары мен жасалу тәсілдерін зерттеу кезінде біршама ұқсастықтар мен айырмашылықтар таптық және зерттеу барысында салыстырмалы – салғастырмалы тәсіл қолданылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998, 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3.
2. Askarova S., Badanbekkuzi Z. Modern English and Kazakh grammar in comparison (Morphology). – Алматы, 2008.-376 p.
3. Блқақов А. Қазіргі қазақ тілі, 1974.
4. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Нысанбаев Ә. –Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. ISBN 5-89800-123-9.

А.А.ҚОНЫСОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АШЫҚ РАЙ КАТЕГОРИЯСЫ

В этой статье рассмотрены некоторые особенности категории изъявительного наклонения в английском и казахском языках.

The article deals with some peculiarities of the indicative mood in the English and Kazakh languages.

Етістік – ағылшын және қазақ тілдеріндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы ең кең грамматикалық категория. Етістіктің күрделілігі мен қарымдылығы оның аса өрісті лексика-семантикалық сипатымен, бай лексика-грамматикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты.

Етістіктің лексика-грамматикалық формаларының бай болатын себебі – «ол формалар амал-әрекеттің болу мезгілін, жүзеге асу кезеңін және олардың өту сипатын, яғни бағыты, қарқыны тәрізді жайларды бағдарлатады, демек, етістік шлформалары осы және олардан өзге әр түрлі құбылыстардың көрсеткіштері есебінде қызмет етеді» [1.163].

Шақ, рай, етіс, амалдың жүзеге асу сипаты сияқты жүйе-жүйе категориялар - етістіктің семантика жағынан ең бай формалары.

Бұлар етістіктің нағыз грамматикалық сипаттарының белгілі көрсеткіштері болып есептеледі. Осы тұрғыдан қарағанда, қарастырылып отырған етістік формаларының жүйесі бірнеше грамматикалық категорияларға бөлінеді. Соның ішінде ағылшын және қазақ тілдеріндегі ашық рай категориясының мазмұны мен формалары, сондай-ақ қызметтері төменде баяндалады.

Салыстырып отырған тілдерде рай категориясы – адам сөйлегенде я жазғанда белгілі бір жайт туралы жалаң хабар беріп қана қоймайды, соған қатысты өзінше түйген көзқарасын, көңіл қошын, ой құбылысын да қоса білдіріп отырады. Өйткені ондайда көңіл, ой құбылысы арқылы айтылатын хабардың анықтығы, қанықтығы, ақиқаттығы, шындығы, айқындығы, неғайбылдығы, күдіктілігі, күңгірттігі, күмәнділігі, болжалдылығы, жорамалдылығы, ықтияттылығы, тыңғылықтылығы, үстіртіндігі, шалағайлығы, орындылығы, мүмкіндігі, ықтималдылығы... тәрізді жай-жапсарлар да, сондай-ақ, аяныш, жалыныш, қуаныш, реніш, жиреніш, өкініш, өтініш... сияқты көңіл күйі жайлары да аңғартылып отырады.

Етістіктің райы – мазмұн жағынан да, форма жағынан да – аса бай категория. Мысалы: мен барайын; мен барайыншы; мен барсамшы; мен бара алмаймын; мен бара қояйын; мен бара салайын; мен барып көрейін; мен барып та қалармын; мен барсам етті; мен барып едім ғой; мен барар ма екенмін; мен барсам керек; мен барған екенмін; менің барғым келеді... тәрізді жай сөйлемдердегі етістік формаларын алсақ, олардың әрқайсысында өзіне ғана тән өзгелерінде жоқ модальдік мән бар [2.110].

Зерттеліп отырған тілдерде сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер және олар арқылы берілу жүйесі модальдық категория деп аталады. Ал модальдық категорияның етістік формалары берілетін амал-тәсілдерінің жүйесі етістіктің рай категориясы деп аталады. Ағылшын тілінде етістіктің 3 рай (the Indicative Mood, the Subjunctive Mood, the Imperative Mood) категориясы болса, ал қазақ тілінде 4 түрлі рай (Ашық рай, Бұйрық рай, Қалау рай, Шартты рай) бар.

Екі тілде де етістіктің райлары ашық райлар (индикатив) және ирреальды райлар деп екі салаға бөлінеді.

Ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де ашық райдың (the Indicative Mood) арнаулы грамматикалық форманттары жоқ. Өйткені райдың бұл түрі іс-әрекеттің шындыққа қатысын тікелей уақыт, мерзіммен байланысты көрсетеді. Кез келген етістік лексика-семантикалық мәні жағынан алғанда нақты (реалды) іс-әрекетті білдіреді. Мұндай мағына түбірдің өз бойында болады. Сондықтан ол ешқандай грамматикалық формантты қажет етпейді. Ашық рай (the Indicative Mood) іс-әрекеттің шындыққа қатысын тікелей уақытпен байланысты көрсететіндіктен осы шақ (Present Tense), өткен шақ (Past Tense), келер шақ (Future Tense) деп сараланады.

Ағылшын тілінде ашық райды (the Indicative Mood) кейбір ғалымдар «нөлдік тұлға» [2.111] деп атайды. Өйткені ағылшын тілінде де ашық рай (the Indicative Mood) индикатив тұлғалары арқылы айтылатын хабардың реалды құбылыс екенін білдіреді, тікелей осы шақ (Present Tense), өткен шақ (Past Tense), келер шақ (Future Tense) категорияларымен байланысты және арнаулы көрсеткіштері жоқ.

Ағылшын және қазақ тілдерінде ашық райда арнаулы грамматикалық көрсеткіштер болмайды, неғайбыл райларда арнаулы қосымшалар болады. Арнаулы көрсеткіштері болатыны және болмайтынына қарай, неғайбыл райлар мен ашық рай бір-біріне қарама-қарсы қойылып қаралады. Демек олар «формалары жағынан көрсеткішті және көрсеткішсіз райлар деп танылады да, семантика-грамматика жағынан ашық рай амалдың (әрекеттің, қимылдың) реалды екенін, ал

неғайбыл райлар амалдың реальды емес екенін білдірулеріне орай бір-біріне қарсылас категориялар деп танылады» [3.226].

Екі тілде де ашық рай, амалды (әрекетті...) реальды етіп көрсететіндіктен, мезгіл ұғымымен – өткен, қазіргі және келер шақтармен байланысты болады да, сөйлеу тілінде сол осы шақ (Present Tense), өткен шақ (Past Tense), келер шақ (Future Tense) шақ формалары арқылы көрінеді, мысалы:

Ann lives in London with her brother.

Анна інісімен бірге Лондонда тұрады.

Бұл сөйлемде *lives* (тұрады) етістігі осы шақ формасында тұрғанын көрсетеді.

Yesterday teacher read the 5th lecture.

Кеше оқытушы 5-ші лекцияны оқып берді.

Бұл сөйлемде *read* (оқып берді) етістігі өткен шақ формасында тұрғанын көрсетеді.

After lesson he will go to the library.

Сабақтан кейін ол кітапханаға барады.

Бұл мысалда *will go* (барады) етістігі келер шақ формасында тұр.

Жоғарыдағы мысалдардан екі тілде де етістіктің ашық рай формасы іс-әрекеттің нақтылығын көрсетіп тұрғанын байқаймыз.

Ашық райдың ең негізгі қасиеті – шақты, шақтың неше қилы мөндерін, реңктерін білдіру болады. Сонымен қатар, шақ формаларының әрі көп, әрі түрлі-түрлі болып қалыптасуына осы категорияның мазмұны, оның формалары және неше алуан модальдық реңктері себеп болған.

Сонымен, ашық рай (Indicative Mood) деп амал-әрекеттің өткенде, қазірде және келешекте болу я болмауын білдіретін негативті грамматикалық категорияны айтамыз.

Ашық рай (Indicative Mood) формалары арқылы айтылатын хабар ақиқат шындықты, реальды құбылысты білдіріп, тікелей өткен шақ, қазіргі шақ, келер шақ категорияларымен байланысты болатындықтан, оның (ашық райдың) нақтылы мазмұны мен формалары шақ категорияларымен байланысты қаралады.

Қорыта келе, ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістіктің ашық рай категорияларының ұқсастықтары басымдау деп айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Blokh M.Y.* A Course in English Theoretical Grammar. – Moscow: Vysshaya shkola, 1983. -95 p.
2. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Ғылым, 1974.
3. *Мусаұлы Ж., Әміренова Р.* Қазақ, орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы. –Көкшетау: Келешек-2030, 2003.

ЖУРНАЛИСТИКА

Б.СЕРДӘЛІ

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

ТЕЛЕОПЕРАТОРДЫҢ ЖАРЫҚПЕН ЖҰМЫСЫ

В данной статье речь идет об искусстве работы со светом в профессии телеоператора.

This article deals with work art with light in a profession of the television cameraman.

Жарық – түсірілімді сапалы бейнелеудің көркемдік тетігі ғана емес, кино мен телевизиядағы бірден-бір шеберлік құралы да. Бұл ретте кадрдағы сезім мен көңіл-күйдің ең нәзік сәттері жарықтың көмегімен айқындалатынын атап өткен абзал. Сондықтан да жарықпен жұмыс жүргізу өнері кәсіби оператор үшін аса маңызды рөл атқарады. Егер белгілі бір түсірілімдегі бірегей кадрлар (портрет, пейзаж, интерьер, натюрморт, т.б.) әр түрлі жарықпен түсірілсе, олардың бейнелік сапасы да бір-бірінен мүлдем бөлек болып шығады, тіптен ол фильмде кері пікір қалыптастырады.

Жарық деген не? Біз мектеп партасында отырып-ақ физика пәнінен жарық сәулесінің энергия легін өзімен бірге ала жүретінін жақсы ұққанбыз. Ол көз арқылы қабылданып, қарашыққа оңды әсер етеді. Мұндай энергия басқа энергия түрлеріне қарағанда ұзақ толқындармен ерекшеленеді. Нақ осы толқын ара қашықтығы жарықтың денеден өту сапасын айқындайды. Төмендегі кестеде электромагниттік сәуле талшықтарының тербелу аясының өте кең, ал толқын мүмкіндігінің одан да ауқымды болатыны сипатталған.

Жалпы радиотолқын инфрақызыл сәулелер арқылы тарайды. Көзге көрінетін немесе көрінбейтін ультракүлгін сәулелердің табиғаты ұқсас көрінгенімен, олар толқын қашықтығына байланысты әртүрлі әрекет жасайды. Осыған қарағанда сәулелі энергияның арақашықтығы денеге әртүрлі әрекеттер арқылы дариды, ол тек керемет сезім мүшесі – көз арқылы ғана қабылданады.

Электромагниттік ауытқуға ұшыраған сәулелер жиынтығы

<i>Электр толқындары</i>	<i>1000 км</i>
<i>Радиотолқындар</i>	<i>1 км</i>
<i>Герц сәулелері</i>	<i>1м – 1мм</i>
<i>Инфрақызыл сәулелер</i>	<i>0,001 мм-ге дейін</i>
<i>Көзге көрінетін сәулелер</i>	<i>390-770 нанометр</i>
<i>Ультракүлгін сәулелер</i>	<i>10⁻¹⁰ метрге дейін</i>
<i>Рентген сәулелері</i>	<i>Молекулалар мен атомдар</i>
<i>Фарыштық сәулелер</i>	<i>10¹³ метрге дейінгі атомдық бөлшектер</i>

Ақ түстің шағылысқан ағымы призманың жәрдемімен үздіксіз сәулелерге бөлініп жатады, сондықтан оның ауытқыған электромагниттік өрісі төмендегідей болады [1]:

Күлгін – 390-440 нанометр

Көк – 440-480 нанометр

Аспан көк – 480-510 нанометр

Жасыл – 510-575 нанометр

Сары – 575-585 нанометр

Қызғылт сары – 585-620 нанометр

Қызыл – 620-770 нанометр

Көзге көрінетін сәулелік энергия жарық қуатының жалпы ағымында айтарлықтай маңызды орын алмайды (390-770 нанометр ғана). Бұл тек қана спектрдің линза көмегімен берілетін жарығы іспетті. Яғни, ол әртүрлі жарықтарды адамдардың көзбен қабылдауына мүмкіндік береді.

Толқын қашықтығының әртекті болуы біздің көзімізге түр-түстің айырмашылығын байқауға мүмкіндік береді. Көз торларының сезімталдығы көру спектрінің барлық аймағында бірдей бола бермейді. Сезімталдықтың ең жоғары деңгейі оның сары-көк бөлігінде ғана кездеседі (555 нанометр).

Жарық қызуы. Әдетте қалыпты температура тиісті нормаларға сәйкес қара түске теңестіріліп, өлшенеді. Яғни, барлық нысандардың түр-түсі қара денемен салыстырыла сипатталады. Өйткені қара түс түр-сипаты жағынан нысан түсіне сай келеді.

Қанық қара түс (абстрактылы ғылыми құрал) жылу сәулесін беруші (мұны «Планкалы сәулелендіруші» деп те атайды) түр-түстің әрбір қызуында белгілі бір спектрлік құрамды береді. Оны нақты білу үшін нысандағы бұлыңғыр аумаққа әлсіз жарықты түсіріп, салыстыра қараймыз. Абсолютті қара дененің сәуле шашу спектрі осы өлшеммен ғана айқындалады.

Біз үйдегі қалыпты кернеудегі электр жүйесіне жалғанған лампа ішіндегі нәзік вольфрамды спиральдың ақ түс беріп жарқырайтынын жақсы білеміз. Кернеуді күшейткен кезде спираль сымы қатты жарқырап, ақырында күйіп кетеді, яғни вольфрам балқиды.

Енді осы секілді қайтар бағыттағы электр жүйесінің кернеуінде кездесетін өзгеріс процестерін қарастырып көрейік. Қалыпты кернеуде вольфрамды сым бірте-бірте солғын тартып күнгірттене береді, сонан соң ашық қызыл түске енеді, әрі қарай қызыл түске боялып, күнгірт

кызылға айналады, сосын күнгірт-сарғыш тартып, сұр түске ауысады. Металды еріткен кезде де дәл осындай құбылыс байқалады. Мысалы, мартен пешінде балқып жатқан металл әбден қызған соң өте ашық ақ түске айналады да, ыдысқа құйып, суытылған соң лампа сияқты қызыл түстен сұр түске ауысады.

Кез келген дененің қызуы – молекулалардың қозғалысы болып есептеледі, сондықтан молекула неғұрлым жылдам қозғалған сайын қызу да соғұрлым жоғарылай береді.

Сонымен байқағанымыздай, әрбір температурада жарық қызуына сәйкес келетін белгілі бір сәуле болады екен. Температураны төмендете отырып, біз молекулалардың қозғалысын да әлсірете аламыз. Бұл процесс $273,16^{\circ}\text{C}$ -қа тең абсолютті нөл температурасында ғана кездеседі. Металл салқындаған кезде температура шамамен $600\text{--}800^{\circ}\text{C}$ -қа тең келіп, температура абсолютті нөлді көрсеткенде темір мүлдем қара денеге айналады.

Жарық пен түр-түс температурасының көрсеткіші қондырғыларды буландыру арқылы іске асырылады. Цельсий градусы бойынша ең жоғары температура 273°C -қа дейін көтеріледі. Мысалы, 4000°C -тық температура 4273K жарық температурасына тең болады.

Көк және қызыл бояулардың үйлесімі түсірілім процесіне қарай әр түрлі жарық беру арқылы әрқилы сәулелердің көмегімен жасалады, осыған байланысты бейненің түрі де қалыптасады. Сәуледегі қызыл түс неғұрлым көп болса, экрандағы жарық қызуы да төмендей береді. Мысалы, ыстық жалынның жарық қуаты 1800K -ға, орнатылған лампаның жарық қуаты 2650K -ға, ал гологенді лампаның температурасы 3200K -ға тең делік. Бұл жерде жарық күшінің оншалықты қуаты болмағанын байқаймыз. Егер біз 200 Вт -тық күші бар 3200K жарық қуатының алдына аспан көк түсті фильтр қойсақ, жарық температурасын 5500K -ға дейін көтере аламыз. Бірақ бұдан лампаның қуаты артпайды. 5500K – нақты заттың түсірілімі кезінде жарық температурасын бағалаудың күнделікті тәжірибесінде қолданылатын цифр ғана. 1500 өлшемі 4800K деңгейінде болатын күннің тура жарығының қуаттық температурасы мен 6500K болатын бұлтты күннің жарық температурасының аралық шамасы ғана [2].

Жарық қуатының шкаласы өте кең:

0 – абсолютті нөл қуаты – (-273°C)

1700 – сіріңке жалыны


- 1800 – шырақ жалыны
- 2650 – 100 Вт-тық лампа
- 3050 – 500 Вт-тық прожекторлық лампа
- 3200 – галогенді лампа
- 4800 – тура түскен күннің жарығы
- 5500 – газдың интенсивті жану алауы
- 6500 – бұлтты күннің жарығы
- 800/1000 – сұр-көгілдір аспан
- 2000 – жасыл-көгілдір аспан
- 22000 – көгілдір аспан

Жарық таралымы. Біркелкі кеңістікте жарық түп-тура бір сызықтың бойымен таралады. Бұл көлеңке деңгейімен оңай айқындалады. Кез-келген заттың көлеңкелі сұлбасы кеңістікке тура түседі. Мұнда ырғақты қозғалыстармен қатар электромагниттік сипаттағы көледенен ауытқулар да пайда болады. Оның формуласы мынадай:

$$C = \lambda x \nu$$

Бұл жерде C – жарықтың және басқа да электромагниттік толқындардың жылдамдығын, λ – толқынның қозғалысын, ν – ауытқудың жиілігін білдіреді.


$C = 300000$ км/секундты құрайтындықтан, бұл электромагниттік сәуленің барлық түрлеріне арналған тұрақты өлшем болып табылады. Демек, $\lambda x \nu$ – тұрақты өлшем. Толқынның ұзындығы қысқарған сайын ауытқудың жиілігі де жоғарылай түседі, нәтижесінде $\lambda x \nu$ қосындысы барлық уақытта 300000 км/секундқа тең болып қала береді. Жарық ағынының ауытқу жиілігі шамамен, 10^{14} -ке тең. Ауытқу жарық таралымына перпендикулярлы бағытта өрбиді (1-сурет).



1-сурет

1-суретте XY өсі бейнеленген. Бұл жарықтың таралу бағытының


көрсеткіші: a – ауытқудың тербелу шегі, λ – толқынның ұзындығы; $\lambda/2$ – толқын ұзындығының жарты бөлігі. Бір толқын ұзындығының ауытқуы $ABCD$ жазықтығы бойымен өрбиді, ал қалғаны $A1$, $B1$, $C1$, $D1$ және тағы басқа да жазықтықтарда көрініс табады (2-сурет). XU өсі арқылы өтетін мұндай тығыздық өте кең. Әрбір тығыздықтағы толқынның ұзындығы қандай да бір түске немесе түр-түстің белгілеріне сәйкес келіп отырады (2-сурет).



2-сурет

Егер Y нүктесінен X нүктесіне қарай көз салсақ, онда XU сызығы бізге нүкте сияқты болып көрінеді, ал $ABCD$ жазықтығы осы нүкте сызығы арқылы өтетін шексіздікке айналады.

Жарықтандырудың мөлшері жарық көзінің қашықтығына да байланысты. Жарықтандырудың құбылуын толық түсіну үшін және оларды өзгерту үшін жарық көзіндегі сәулені барлық жарық ағымының көздерімен салыстыра қарастырған жөн. Мұнда P нүктесіндегі пирамиданың ішкі биіктігін ескеру қажет болады (3-сурет). Жарық 1 метр биіктікте орналасуы қажет, ал екінші жарық қондырғысы 2 метр арақашықтыққа бекітілуі тиіс.




3-сурет

Жарықтың шағылысуы екі негізгі жағдайда кезігеді:

- жарықтың түсу бұрышының шағылысу бұрышына тең келуі;
- жарықтың түсу және шағылысу сәулелерінің бір нүкте бойында жатуы.


Әр түрлі зат жарық қабатын әрқилы шағылыстырады.

1. **Айна.** Жарық айнаға ешқандай кедергісіз сол қалпында түседі. Шағылысқан сәуле айналасына тиісті мөлшерде жарық бере алады. Мұны «бағытталған айналы шағылысу» дейді (4-сурет).




4-сурет

2. **Тегіс қабат** (металл, ағаш, керамика т.б. беткі жағы). Тегіс қабатқа түскен жарықтың сәулесі шашыраңқы түрде көрініс табады. Бұл «шашыраңқы шағылысу» болып табылады (5-сурет).



5-сурет

3. **Ақ қағаз.** Ақ қағаз бетіне шағылысқан жарық оның барлық тұсына бірдей тарайды. Мұнда біз жарықтың нақты нүктелі сәулесін көре алмаймыз. Қағаздың қай жағынан қарасақ та, жарық бірдей түсіп тұрған сияқты көрінеді. Бұл «диффизді-шашыраңқы шағылысу» болып табылады (6-сурет).




6-сурет

Жарықтың «сынуы». Жарық түскен нысан шегінде сәуленің бір бөлігі ғана шағылысады да, қалған бөлігі шағылысу бағытын өзгертіп, жаңа бағытқа қозғалады. Жарықтың мұндай ауытқуы «жарықтың сынуы» деп аталады. Жарықтың қақ бөлінуі жарық сәулесінің бір нысаннан екінші нысанға алмасуы барысында кездеседі. Бұл нысанға түскен жарық пен тығыздықтан қақ бөлінген сәуленің бір нүктеге қадалуы сипатында көрініс табады.

Жарық бұрышының синусы мен қақ бөлінген бұрыш синусының қатынасы – сәуле қандай да бір түрде шағылысса да бәрібір тұрақты болады.

Төменде тегістіктің әр түрлі қабатындағы сәуленің қақ бөлінуінің формуласы берілген (7-сурет).



7-сурет

Ауа – 1,0009

Орғшыны – 1,49

Шеңберлі шыны – 1,51

Канадалық бальзам – 1,54

Флинтті шыны – 1,61

Ауыр шеңберлі шыны – 1,61

Ауыр флинтті шыны – 1,92


Алмас – 2,42

Белгілі бір нысан жарықтың өтуіне қаншалықты кедергі жасаған сайын, оның оптикалық тығыздығы да соғұрлым сәуле жиілігін

арттыра түседі.


Жарықтың өтуі:

1. **Шыны.** Жарық көзі шыны арқылы толық әрі анық өтеді. Бұл «жарықтың тікелей өтуі» болып табылады (8-сурет).




8-сурет

2. **Бұжыр шыны, арказоль, диффузды мата.** Мұнда жарықтың шағылысқан көзі ашық дақ сияқты болып көрінеді. Материалға түскен әлсіз сәулес өте кең ауқымда тарайды да, ол бірте-бірте жарықтың жұмсақ сәулесіне айналады. Бұл «жарықтың тікелей шашыраңқы өтуі» болып табылады (9-сурет).



9-сурет

3. **Сүт түсті шыны, мақталы ақ мата, шыны түстес мата, ақ қағаз.** Мұндай материалдармен керілген нысан тұтастай біркелкі жарқырайды. Қай жағынан қарасаң да, оның толықтай ашық түсі көрінеді. Мұны біз «жарықтың диффузды тікелей өтуі» деп атаймыз (10-сурет).



10-сурет

Көріп отырғанымыздай, оператор үшін кадрдағы бейненің сапасы қаншалықты қымбат болса, жарықтың да маңызы одан кем соқпайды. Сондықтан ол жарықпен жұмыс барысында жоғарыдағы барлық талаптарды қатаң сақтауға және оны шеберлікпен кәдеге асыруға міндетті. Бұл түптей келгенде телесюжет әзірлеуде маңызды орын алмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Моргунов В.* Видеосъемка и постановка света / <http://videojournal.dp.ua>.
2. *Кривенко Ю.* 10 схем света для съемки портрета в студии / <http://photokubik.com>.

А.К.СӘДІБЕКОВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**ЖУРНАЛИСТІҢ КӘСІБИ ЭТИКАСЫН ЗАҢДАСТЫРУ –
УАҚЫТ ТАЛАБЫ**

В данной статье говорится о профессиональной этике журналиста. Приводятся различные мнения об изданиях, дальних от норм профессиональной этики журналиста. Приводятся доводы в пользу необходимости узаконить кодекс профессиональной этики журналиста.

This article deals with professional ethics of the journalist. The author presents various opinions on editions far from norms of professional ethics of the journalist. Arguments in favor of need to legalize the code of professional ethics of the journalist have been given in the article.

Кейінгі жылдары журналистік этика, яғни кәсіптік әдеп туралы сөз баспасөз беттерінде көп айтылып жүр. Журналистің кәсіптік әдебін терең біліп, оны зерттеу – Қазақстан журналистикасы үшін зәру мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы дүние жүзі бойынша, алғаш қоғамдағы моральдық қарым-қатынастарды жан-жақты зерттеп, әр түрлі пікірлерді жинақтаған Аристотель деп айтуға болады. Оның «Никомахова этика» атты еңбегін зерттеушілер этика ғылымының бастауы деп біледі. Ал, ұлы ойшыл Әл-Фараби этиканы, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарастырған көрінеді. Сондықтан, оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді [1].

Журналистің кәсіби этикасына келер болсақ, бұл – қоғамдағы ең маңызды мәселелердің бірі. Қазіргі таңда БАҚ саласы мамандары мен аудиториясы арасында немесе респонденттері мен сыналушы субъектілердің бір-бірімен келісе алмай сотқа жүгінуге тура келетін жәйттар көптеп орын алуда. Мұндай жағдайлардың орын алуы журналистердің кәсіби этикасы төңірегіндегі біліктілігінің аздығын көрсетеді. Сонымен қатар елде журналист этикасына арналған кодекстің, ереженің болмауы себеп деп ойлаймыз. Дәл осы тақырып қазіргі таңда мерзімді басылым беттерінде қызу талқыға түсіп жатыр. Себебі, бұл мәселеге мемлекет басшысы арласты, нақты тапсырмалар берді. Демек, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың да көңіл бөлуі тек емес екендігін көрсетеді. Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» газетінде журналист Кәмшат Әбдірайымның «Журналист этикасы мен ақпарат мөлдірлігі уақыт талабы» аталатын мақаласында: «...журналистика көбіне келелі әңгімелерден тыс қалып жатады. Бұл жолы Елбасы тарапынан арнайы

назар аударылып, журналистер этикасына қатысты құжат дайындау, ақпарат берудің бұрмаланбауы және шынайылығын қамамасыз ету туралы сөз қозғалуы қуанышты және ол айтылғандар бүгінгі Қазақстан журналистикасының басты қажеттіліктері. Әйтпесе, ел бірлігіне іріткі салар жалған ақпараттардың неге апарып тірері де белгісіз, сондықтан журналист этикасын заңдастырып, ақпараттың мөлдірлігіне талап қою – өте орынды» - деп жазды [2]. Елбасының Үкіметке елді жалпыға ортақ еңбек қоғамына жұмылдыру жөнінде нақты тапсырма беруі, оның ішінде Мәдениет және ақпарат министрлігіне қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, журналистік этика кодексінің жобасын және отандық БАҚ-тарды жаңғырту жоспарын әзірлеуді жүктеуі – төртінші биліктің қоғамдағы рөлі мен қызметін лайықты бағалаудың нақты дәлелі десек қателеспейміз [3].

Олай болса, қоғам мен БАҚ этикалық кодекске зәру деген сөз. Соңғы уақытта елімізде түрлі қоғамдық ұйымдар журналист этикасы тақырыбында түрлі іс-шаралар өткізіп жүр.

Ал, Ресей ғалымдары журналистикадағы этикалық ғылымға көңіл аударғанына біраз уақыт болды. Мәселен, ғалым Р.Г.Бухарцев қазіргі таңдағы кәсіби этиканың табиғатын, этика мен журналистің шығармашылық даму үрдісінің байланысын ашық дәлелдесе, зерттеуші В.А.Казакова журналистің жұмыс істеу барысындағы әдептілік қарым-қатынастардың түрлерін жан-жақты атап көрсетті. Ал, ғалым В.М.Теплюк журналистің әлеуметтік мәселелердегі жауапкершілігі мен дерек, дәйектерді қолданудағы этикалық нормаларды қарастырады. Баспасөз зерттеушілері Г.В.Лазутина мен Д.С.Авраамов журналистің кәсіби этикасын бүгінгі жаңа тұжырымдар мен көзқарастар негізінде қарастырса, ғалым М.А.Федотов журналист этикасын БАҚ туралы заңның негізгі тармақтарымен байланыстыра отырып зерттейді [4].

Этика дегеніміздің өзі не? Осы сауалға жауап іздеп көрсек? Этика термині ежелгі гректің «*ethos*» (этнос) деген сөзінен пайда болған. Алғашқыда бұл сөз мекен ету, орта, үй, жануарлар апаны, құс ұяшығы деген мағынаны білдірді. Кейіннен әдет-ғұрып, салт-сананы, мінез-құлықты білдіретін сөзге айналғанды [3]. Ал, бүгінгі журналистің кәсіби этикасы жөнінде елімізде өте аз зерттелген. Осы маңызды мәселемен арнайы айналасып жүрген ғылыми мамандар да жоқтың қасы. Сондықтан, алдағы уақытта журналист этикасы туралы мәселелерді жан-жақты терең зерттеу қажеттілігі бүгінгі өмірден туындап отыр. Жалпы, этика – философиялық категория. Ол педагогика, психология, филология және заң ережелерімен

сабақтас, салалас, құрамдас болып келеді.

Этика теориялық жағынан заң-ережелерден тұратын құрылым. Объектісі – мораль, адамгершілік, ізгілік. Табиғатына формальдылық жат. Ол қоғамның, жалпы адамзат дамуының қозғаушы күші, нормасы. Журналистік жауапкершілік – этикалық жауапкершілік. Қоғамымызда этикалық заңдылықтар нормалары сақтала бермейді. Бұл – этикалық проблема. Журналистік дәстүрлер сабақтастығының сақталмауы аға ұрпақ тәжірибелерінен қол үзу проблемадан туындаған мәселелер жиынтығы. Сондай-ақ, этика адамгершілік пен мораль туралы теориялық заңдар мен практикалық талап-тілектерді зерттеп, қалыптастыратын ғылым саласы. Яғни, адамдардың қоғамдағы өмір сүру нормалары мен бір-бірімен қарым-қатынасы жайлы ұғымды танытады. Еңбек сүйгіштік, адалдық, достық, сыйластық, сыпайылық, өзінді-өзін дұрыс ұстай білу, жақсы мінез осының бәрі этика критерийлерін анықтайды. Өйткені, журналистің кәсіби мамандығы мұндай қасиеттерсіз табысқа жетуі қиын. Этикалық нормалардың заңда жасалмаған тұстарын журналист өзі ақылымен, сана-сезімімен ұғып-білуге тиіс. Ол адамгершілік идеал мен азаматтық парыздан туындайды [5].

Ендеше, этика кәсіби моральдың құрылымын зерттейтін ғылым десек, журналистке моральдық нормаларды ұстану – ең бір қажетті қасиет. Журналистердің жазған материалдары, ең бастысы одан шыққан қорытындылары көптеген бұқара халықтың мүддесіне тиісті болып табылады. Себебі, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамның көзқарасы, оқиғаны түсінуі үнемі өзгеріп отырады. Журналистке қойылатын моральдық талаптың қиындығы жоқ, тек талапты дұрыс пайдалана білу қажет. Тіпті, егжей-тегжейлі қабылданған кодекстің өзі журналистің аяқ-асты тап болған оқиғасына түсінік бере алмауы мүмкін. Бұл кезде тек журналистің кәсіби этикасы мен ар-ұяты ғана ең қажетті де маңызды рөл атқарады. Журналист этикасы – қоғамда, әлеуметтік ортада БАҚ өкілінің ұстанымымен, қызметімен, сондай-ақ, белгілі тұлғалар, ұжымдық топтармен арадағы қарым-қатынастармен тікелей байланысатындықтан оның кәсіби шеберлігіне де ықпал етуші негізгі фактор бола алады. Қоғам және халық арасындағы үлкен жауапкершіліктің өзі журналистке моральдық-этикалық және имани игі қасиеттерді игеруін талап етеді.

Себебі, журналист – кәсіп иесі. Сондықтан оның әрбір қимылы белгілі бір адами, кәсіби заңдармен шектелуі тиіс. Кейбір журналистер еш нәрсеге жіті мән бермей, кәсіби әдептілік сатысының биігіне «өзінің өмір сүру

қағидасы» арқылы көтерілуі тиіс. Алайда, кейде журналистер шектен шығу салдарынан тіпті арсыз атанып та жатады. Бұл жағдайда өз қатесін дер кезінде түзетуге шешім қабылдамаса, оның алда әлі де талай қиындықтарға тап болары сөзсіз. Журналистер арасындағы мұндай өрескел жайттар көбінесе өзін-өзі жоғары бағалаудан келіп туындайды. Көп ретте олар өз бойындағы қабілеттің жоқтығын есепке алмай жатып, барлық кінәні тек кәсібіне арта салады. Сондықтан да ең алдымен, журналистика мамандығын таңдау үшін оның маңыздылығы мен қажеттілігін терең сезіну қажет.

Кәсіби мораль – еңбек етуші әр қызметкердің жұмыс істеу барысында өзін ұстауы. Яғни, белгілі бір іс-әрекеттен пайда болады. Оның қызметі – кәсіби топ мүшелерінің өз-өздерін ұстау арқылы еңбектің жақсы көрсеткіштерін көрсетіп, қоғамдағы өз орнын ақтай білу. Еңбек пен кәсіби моральдың арасында айырмашылық бар. Еңбек моралі қоғамға қызмет етеді. Ал кәсіби мораль кәсіби топ пен қоғамға қызмет етеді. Кәсіби және жалпы моральдың өзара байланысынан «кәсіби борыш», «кәсіби жауапкершілік», «кәсіби ар-ұят», «кәсіби міндет» т.б. қосымша осы сынды қажетті мағыналар пайда болды.

Кәсіби міндет баршамызға белгілі журналистің іс-әрекетіндегі кәсіби тәрбиелік қарым-қатынастан туындайды. Бұл кәсіби тәрбиелік қарым-қатынаста «кәсіби жауапкершілік» пен «кәсіби ар-ұяттың» тығыз байланыстылығы айқын көрінеді. Журналист ар-ұяты адами болмысымен бірге өсіп-өнеді. Журналистің ар-ұяты – күллі іс-әрекетінің өлшемі, көрсеткіш нәтижесі іспетті. Егер де журналист тәрбиелік, этикалық заңдылықтарды бұзып, оған қайшы келетін іс-әрекет жасаса, ар-ұятының деңгейі тереңірек айқындала түседі. Осы ретте данагөй ғұлама Әл-Фараби: «Қайырымдылық екі түрлі болады: этикалық және интеллектуальдық. Интеллектуальдық – жанның ақыл-парасаттық жағына жататын, қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық қайырымдылық – жанның ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік. Жаман қылықтар да осылайша бөлінеді. Этикалық қайырымдылықтар мен жаман қылықтар адам жанында адамгершілік сападан туатын әрекеттердің белгілі бір уақыт бойына көп рет қайталануы және оған бой үйренуі нәтижесінде пайда болып, тұрақтайды», - деп кезінде өзінің құнды еңбектерінде жазады [6].

Журналист моралі – шынайы ақпаратты тауып алу құқығын шектеп, кедергі келтіріп отырған жөнсіздікке қарсы кәсіби топтардың берген жауабы іспетті пайда болған дүние. Жалпы кәсіби моральды белгілі топтарға қатысты қарастырған дұрыс. Ал, норма – кәсіби моральдың ең алғашқы элементі болумен бірге, мінез-құлық, ар-ұжданның қоғамға қажетті, ортақ әрі әдеттегі нұсқаларды анықтап, мойындалмаған әрекеттерге тыйым салу секілді негізінен

сүзгіштің рөлін атқарады. Мұнымен қатар, журналист жеке басының тәрбие деңгейін, мәдениеттілігін, әдептілігін қоғам алдындағы парызын қалай түсінетіндігін аңғартатын этикалық мәселелер бар. Этикалық талаптар, нормалар жазылмаған заң деп те аталып жүреді, олардың орындалуы не орындалмауының журналистер қауымы үшін маңызы өте зор.

Дүние жүзілік журналистер одағында журналистің іс-әрекетімен ұстанымдары жайында декларация бар. Онда да БАҚ өкілдері үшін көптеген жайлар қарастырылған. Тоғыз бөлімнен құралған. Онда журналистердің мінез-құлқы және ақпарат таратудағы әдеби жазылған.

1. Қоғамдағы адамдардың құқықтарын сыйлауын бірінші кезекке қою;
2. Сондай-ақ, халыққа адал қызмет атқару;
3. Журналист міндетті, тек фактілі ақпарат таратуға;
4. Журналист қолындағы ақпаратын, фотосуреттерді және құжаттарды шындық жолында ғана пайдалануға міндетті;
5. Журналист қоғамға қауіп төндіретін ақпарат жазғанда мейлінше абай болуы тиіс;
6. Сонымен қатар, журналист өз кәсібіндегі құпияны сақтауға міндетті;
7. Журналист өзіне есеп бере білуі керек;
8. БАҚ өкілі өзінің кәсібінде мынадай жайлардан аулақ болуы керек: фактілердің әдейі бұрмалануы, өсек, қорлау, дәлелсіз айыптаулар жазудан, пара алудан сақ болуы тиіс;
9. Ең соңғысы журналист «төртінші билік» атағына лайық болып, заңдарды қатаң сақтап, жоғарыда аталған принциптерді адал орындауы керек,[6]-делінген.

Қорытындылай келе еліміздегі БАҚ-та жария көріп жатқан материалдардың қоғамға берер тәрбиесі орасан екенін ескерсек журналистиканың кәсіби этикасы турасында кодексті қабылдау қажет. Журналистиканың функциясы мен принциптерін толық аша алатын этикалық нормаивке қазіргі қоғам өте мұқтаж.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. www.google.kz/kazgazeta.kz/
2. Әбдірайым К. Журналист этикасы мен ақпарат мөлдірлігі – уақыт талабы. // «Егемен Қазақстан» газеті. №392-393. 14 шілде, 2012.
3. Сүлейменов Ж. Адал жолдан адаспау үшін журналистің этикалық кодексі керек. //«Егемен Қазақстан» газеті. №431-435. 28 шілде, 2012.
4. Ким М.Н. Основы творческой деятельности журналиста. - Москва: Питер, 2011. 198-199 с.
5. Лазутина Г.В. Профессиональная этика журналиста. - Москва. Аспект Прес, 2011. 8 с.
6. Эл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. 195-196 б.

Б.СЕРДӘЛІ

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

ТЕЛЕПОРТРЕТ

В данной статье рассказывается о технике создания телепортретов, которая требует от оператора выполнения большого круга работ, начиная от анализа пластической формы и цвета лица героя и кончая поисками наиболее выразительного освещения.

This article deals with some equipment of creation of teleportraits which demands performance of a big circle of works from the operator, beginning with the analysis of a plastic form and complexion of the hero and finishing with searches of the most expressive lighting.

Жанр – форма мен мазмұн бірлігі арқылы негізі қаланған көркем шығарманың типі. Ол шығармашылықтың көптеген саласына – көркем әдебиетке, журналистикаға, фото және сурет өнеріне, театр және кино туындыларына да тән. Осылардың ішінде телевизия өнерінде жанр заттың бейнесін әр қырынан түсірудің негізінде қалыптасты: олар телепортрет, телесюжет, теледебат, телерепортаж, телесұхбат, телеэтнод, телешоу, реалити-шоу, т.б. болып түрлене береді. Қазіргі кезде телевизия жанрлары іштей модернизациялауға, яғни түрленуге ұшырауда. Олардың басқа өнер салаларымен бірігуі, өзара ықпалдасуы байқалады.

Кино өнері мен телевизияда белгілі дәрежеде сурет өнерінің портрет, пейзаж, интерьер, натюрморт сияқты жанрлары қолданылып жүр. Көлемді телетуындыларда көп адам қатысқан көріністерде күрделі инженерлік-пиротехникалар арқылы жанрлардың жаңаша типпен байығанын сеземіз.

Тележанрлардың ішінде, әсіресе, портреттің жөні бөлек. Себебі мұнда адам образы әр түрлі пішінде, оператордың түрлі планда түсірген шеберлігі арқылы көрініс табады.

Театр, кино, телевизияда адам көркем шығармадағыдай сюжеттің басты кейіпкері болып табылады. Шығарманың негізгі идеясын көрерменге сол адам жеткізеді. Туындыда айтылған ой, автор идеясы осы кейіпкер арқылы көрермен жүрегіне жол табады. Ал оның жанды бейнесін оператор камерасы арқылы түрлендіре жеткізу тіпті маңызды болмақ.

Телепортретте басты кейіпкердің мінез-құлқы, оның іс-әрекеті әр қырынан, әр түрлі көзқарастар арқылы қабылдануы мүмкін:

1. Кейіпкердің сын-келбетіне, оның мінез-құлқына, іс-әрекетіне

автордың көзқарасы тарапынан баға берілуі.

2. Басты кейіпкер туралы екінші бір кейіпкердің баяндауы.

3. Басты кейіпкердің өзіне-өзі баға беруі.

4. Кейіпкердің телеоператор түсірілімі арқылы сипатталуы.

Кейде оператордың ішкі шығармашылық толғаныстары басты кейіпкерге берілетін бағаны толықтыруы да мүмкін. Бұл адамның өзі туралы және басқа кейіпкерлер туралы мәліметін байыта түседі. Нәтижесінде туындының басты қаһарманы туралы белгілі бір көркем портрет пайда болады.

Экрандық өнерде басты кейіпкердің сан қырлы бейнесін жасау үшін әр түрлі тәсілдер қолданылады: ол автор баяндауы арқылы, кейіпкердің өз әңгімесі арқылы және басқа қатысушылардың пікірі арқылы атқарылуы мүмкін. Дегенмен, осылардың ішінде оператор жасаған телебейне айрықша рөл атқарады. Әрбір қатысушының өз пікірі, өз көзқарасы болуы мүмкін, дегенмен сол көзқарас пен ұстаным телеоператор ұсынған байламды толықтырады. Мысалы: басты қаһарман (егер ол көрікті адам болса) өзінің көркем бейнесімен айналаға әсер етеді, сол әсемдікке сүйсінген басқа кейіпкерлер де эфирде бойларын тіктеп ұстап, телепортрет маңызын аша түседі. Мұны біз «Сен сұлу» бағдарламасының кейіпкерлерінен анық байқаймыз. Осылардың барлығының өзара үйлесімі арқылы оператор әр түрлі көзқарастардың жиынтығын сомдап, нәтижесінде басты қаһарманның біртоға емес, сан қырлы бейнесін жасай алады. Жалпы реалистік шығарманың кейіпкерлері бір қырынан ғана көрінеді, тек қана біржақты ақ бояудан жасалады десек, қателесеміз. Әр адам жақсы және жаман кейіптердің қарама-қайшылығынан тұрады. Аталған қаһармандардың шығармада қай қырынан бейнеленетіндігі оператор үшін маңызды болмақ. Көптеген көріністерді түсіру барысында қаһарманның көрерменге әсер ететін көркем бейнесін жасау, оның өмірдің әр түрлі жағдайындағы әлеуметтік-психологиялық сипатын ашу және мұны телетүсірілімде нанымды дәлелмен шығару – оператордың алдына қойылған негізгі міндет.

Қалай болғанда да, телепортрет жасау шеберлігі оператордан қыруар жұмысты талап етеді. Ол түсірілім алаңын таңдаудан бастап, кейіпкердің көркем бейнесін жасауға дейінгі бірталай шаруаны қамтиды. Адам бетінің пластикалық үйлесімін көрсетудің де өзіндік күрделілігі бар: оның көз жанары, бет-пішін ерекшелігі – түсірілім нәтижесін бере алады.

Оператордың негізгі міндеті – басты қаһарманды экранда бейнелі етіп шығару, оның шынайы кескін-келбетін таныту. Композициялық шешім арқылы портреттік кадрларды орайы келгенде орта және ірі планда алмастыра көрсету – оператордың талғампаздық жұмысының негізі болып табылады.

Адамның бет пішіні – түс палитрасын айқындайды, сонымен қатар барлық көріністің колористік композициясын құрайды. Кейін олар монтаждалған кадрды көру нәтижесінде толықтай қалыптасады.

Егер орта және жалпы пландағы түсірілімнің біріндегі түс бұзылып кетсе, барлық эпизодтың колористік бірлігі бұзылады. Бұл әсіресе көп камералы түсірілімде байқалады. Әр түрлі камерамен түсірілген түсірілімдегі түстің айнып кетуі – бір түстен екінші түске ауысқан кезде жиірек ұшырасады. Көп камералы түсірілімдер, әсіресе, монтаж жасағанда қиындыққа ұрындырады. Түрлі сападағы камера арқылы түсіріліп, әрқалай монтаждалған эпизодтың барлығында да адамның бет-бейнесінің түрліше болып өзгеріп кетпеуі оператор үшін маңызды болмақ. Орта планда «суық» түспен түсірілген кейіпкер портреті жалпы планда «жылы» түспен қайта монтаждала түсірілгенде де бәрібір қалыпқа келмеуі мүмкін. Бұл оператор жұмысының кемшілігін көрсетеді.

Экранды портрет – кейіпкер бейнесінің көркемдік жиынтығын құрайды немесе деректі туындыдағы өмір көрінісінің бір шынайы үзінгін білдіретін жинақтық портрет болып табылады. Бұл бейнені жасауда кейіпкердің сыртқы кескін-келбеті үлкен рөл атқарады: мұнда оның қимыл-әрекеті, сыр-сымбаты маңызды болып келеді.

Бейне көптеген портреттердің үйлесімі арқылы қалыптасады. Статикалық (қозғалмайтын) кадрмен түсірілген түсірілімдердің сюжетті-монтажды композициясының бейнені қалыптастырудағы өзіндік орны бар: олар динамикалық (қозғалмалы) мизансцена арқылы біріктіріледі де, әртүрлі ауқымда түсірілген бірнеше портреттер пайда болады [1].

Жоғарыда келтірілген гипотетикалық мысалдағыдай, егер біз бірнеше қаһарманның бір-біріне ұқсамайтын бірнеше сюжет-портретін жасағымыз келсе және олардың әр түрлі өмір жағдайындағы бейнелерін сомдауға талпынсақ, онда оператор сол қаһармандардың ешкімге ұқсамайтын әрекеті арқылы көркем бейне жасауға тырысуы керек.

Портретті түсіру кезінде операторға суретті жұмсартып түсіретін

оптиканы қолдану міндетті емес. Кейде бір кадрда кейіпкердің беті көлеңкеде, кеудесі жарықта қалып қоюы мүмкін. Орта планды түсірілім кезінде кейіпкердің қолы кадр сыртында қалып қоятын жағдайлар да кездеседі. Ондайда оператор кейіпкердің психологиялық күйін толық бейнелей алмайды.

Беттің қимыл-пішіні арқылы да негізгі ойды беретін жағдайлар да жиі ұшырасады. Мысалы, «Ән-жұмбақ» тележобасында ән әуенін іздеген қатысушы кейіпкердің бет жүзі мен көз жанарының әрекеті оның қуаныш пен күдігін, ойынға тұтастай берілген кейпін аңғартатынын оператор әдемі көрсетіп отырады.

Егер экранның орта шеніне орналасқан бір штрих адамды назар аударуға итермелесе – ол түсірілімнің басты нүктесіне айналады, сол арқылы сюжетте драмалық бір шиеленістің бар екені сезіледі.

Ірі планды алғанға дейін біз басты кейіпкермен етене таныс болып үлгереміз, онымен үнемі қатар өмір сүргендей әсерге бөленеміз. Дегенмен бұл басты қаһарманды басқа кадрлардан ерекшелеп алуға себеп болмайды. Назар түсетін бағытқа ұмтылу үшін міндетті түрде кадр ішінде бос кеңістік берілуі керек. Көрерменнің назары түсетін бағытқа қарама-қарсы монтаждалған кадр көрсетілуі керек: міне, сол кадр көрерменге мағыналық түсініктеме береді.

Адамның көзі бағытталған тұста экранда басты кейіпкердің көрермен арқылы тоқайласатын негізгі көрінісі болуы мүмкін. Бұл оператор үшін үнемі назарда ұстар басты ілік болмақ.

Өте ірі план, С.Эйзенштейннің сөзімен айтқанда, көрерменге басты қаһарман туралы сенім ұялатуға негіз бола алатын түсірілім түрі. Бірақ мұндай ауқымда түсіру жақын орналасқан көрініске көрермен назарын бөліп, пішіндік және артқы қапталдан түсірілетін жарық эффектілерін көрсетуге кедергі жасайды.

Портретте сомдалатын кескінге қарағанда фонның контрасты болғаны жөн. Басқаша айтқанда, адам бетіндегі жарық пен көлеңкенің ортасындағы контрастылыққа қарағанда фонның көлеңкесі мен жарығы арасындағы өтпелі бейнелер жұмсақ болуы керек. Сонда ғана кеңістіктің ауқымын сезіне аламыз. Деректі фильмдерде адам әр түрлі жағдайда көрсетіледі, оқиғаға байланысты құбылып отыратын жағдайлар да бар. Осындайда оператор фон мен кейіпкер арасындағы үйлесімділікті тапса, ол – үлкен жеңіс. Кейіпкер айналадағы әр түрлі жағдайлармен үйлеспей мүмкін, ол тек көркемдік шешім қарастырылған жағдайда ғана әсерлі бола алады. Қысқа фокусты

оптикамен түсірген кезде жоғарғы және төменгі ракурсты абайлап қолданған жөн, бұл көп жағдайда беттің тепе-теңдігін бұзады.

Орта және ұзын фокусты оптикамен түсірілген портрет өте көркем шығады, оның фоны дәл, бейне әсері пластикалық болып шығады. Тіптен орта планда түсірілген адамның сұлбасы екінші ауқымда түсірілгенде де бірінші ауқымдағы адамдарға қарағанда сенімдірек шығады.

Ол үшін объективтің тетігін барынша ашып қойып түсіруге тура келеді. Объективтің диаграммасын $f=1:2$, $f=1:2,8$ өлшемімен ірі және орта планда алғанда ғана жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Ертеде бір неандертальдық тау үңгірінде жанған алаудың жанында отырып, болашақты көрмек ниетпен қабырғада қозғалып тұрған өз көлеңкесін шоқтың бір түйірімен ұрып пішінін жоймаққа талпынған екен. Бұл сол замандағы өзінің және өзге замандастарының күйгелек бейнесін ұрпақтарына білдірудің тамаша көрінісі еді. Өзін және айналаны үнемі біліп отыру адамға тән қасиет. Бірақ мұны ұрпақтарына сурет бейнесінде қалдыру өнер туындылары арқылы ғана жүзеге аспақ. Суретші қылқаламынан туған кез келген портрет қабылдануы бойынша субъективті болып табылады, кейде суретші оны түпнұсқаға жақындата жеткізуі де мүмкін. Сондықтан да суретшілер салған көптеген портреттер қоғамның өзіндік көрінісін білдіріп, замандастарының жиынтық бейнесін жасай алады.

Бірақ мүсін мен сурет туындылары статикалық өнер ғана. Бұл мағынада кино мен теледидар анағұрлым көркемдік композиция жасай алады.

Репортажды портрет. Деректі фильм түсіріп жүрген оператордың репортаждық портреттер түсіруі оның еңбегінің ең бір қиын саласына жатады. Өйткені мұндағы оқиға уақыт кезеңіне байланысты әр түрлі кеңістікте дамиды. Оны кідіруге, тоқтатуға немесе қайталауға болмайды. Бұл жерде оператордың шеберлігі қажет: шектеулі уақыт ішінде ол оқиғаның өрбуін негізіне қарай «қиындатып», формасына қарай көркемдеп, қажетінше кадр жинақтай алады.

Хроникалы түсірілімдер өмір ағысындағы оқиғаларды қас қағым сәтте түсіруге тәрбиелейді, шығармашылық шешімді жылдам қабылдауға үйретеді, аяқ астынан монтаждық түсірілімдерді құрастыруға жол ашады, көркем үлгідегі түсірілімнің ең жақсы нүктесін табуға жәрдемдеседі. Кадрдағы адам өзін міндетті түрде шынайы әрі табиғи ұстай білуі керек, ол түсіріп жатқан камераны тіптен елемей тиіс. Мұндай жағдайда адам өзін еркін сезіне алмаса «жабық камера» тәсілі қолданылуы мүмкін. Кейіпкер камераны тіптен көрмегені дұрыс. Камераны әбден еті үйренген,

техниканы елемейтін кейіпкерге ғана қолданған абзал.

Телерепортажды түсіру барысында бұрыннан мәлім жанр талаптары қолданылады: кадр тепе-теңдігінің сақталуы, кадрдағы негізгі композициялық-мағыналық ерекшеліктердің айқындалып тұруы, басы артық алаңдататын деталдардың болмауы, портретке түсетін тұлғаның кескін-келбетінің талапқа сай болуы, т.б.

Қаһарманның ербеңдеген қолы бізге оның бет пішінінен, айтар сөзінен де мол ақпарат беруі мүмкін. Кейде экранда сыртқы бет-келбетінде ешқандай ерекшелігі жоқ адам күрделі түсірілімде камера алдында өте сенімді отыруы мүмкін, «қалай өзіне-өзі сенімді» деп режиссердің өзі таңқалады. Оператор кенеттен әлгі «сенімді» адамды ірі планда жақындата көрсетеді, сонда біз оның бет жүзінің емес, ербеңдеген қолының «сенім ұялатып» тұрғанын байқаймыз [2].

Репортажды портретте композиция еркін өрбиді: кейіпкерлердің, фонның өзгермеуі композиция еркіндігіне ықпал жасайды.

Репортажды түсірілімде оператордың шеберлігі барынша сарқа пайдаланылады. Мұнда оптика, жарық беретін құралдар да жоғары дәрежеде қолданылады.

Заттың сұлбасын бейнелеген репортажды түсірілімде бейтарап – сұр фильтрлер нәтижелі қолданылады, ол объективтің тетігін барынша ашып қойып түсіруге мүмкіндік береді де, оптикалық көріністің жақсы нәтижесін бейнелеп алуға жол ашады. Интерьердегі жасанды және табиғи жарық арқылы портрет түсіргенде оператордың алдына бірнеше міндеттер қойылады: біріншіден, интерьер фон секілді барынша табиғи тартымды болғаны жөн, кейіпкердің өзі бұған барынша қызығып, оның құрамдас бір бөлігіне айналып кетуі тиіс; екіншіден, интерьер мен адамға түсетін жарықтың өте көркем болғаны абзал, ол түсірілген сұлбалардың көлемін, түр-түсін анық көрсетумен бірге адамның да ішкі психологиясын аша алады.

Табиғи жарық кезінде терезеден түскен сәуле адамның жүзіндегі жарық пен көлеңкенің контрастылығын тудырады. Сондықтан мұндай түсірілімде көлеңкені жарықтандыруға тура келеді. Мұны жарық беретін шамдардың көмегімен орындауға болады: қуаты 5500К мөлшеріндегі жарық бергіш құралдар бұған өте қолайлы. Жасанды жолмен берілген жарық әсерлі болуы тиіс, өйткені ол интерьерді жарықтандырумен қатар портретті түсіру кезінде де кеңінен қолданылады.

Ұнамды және ұнамсыз қызығушылықты тудыратын портреттер.

Барлық адамдар өздеріне таныс жандарды сүйкімді, ал бейтаныс кісілерді сүйкімсіз деп екіге бөледі. Ал кино және телевизия өнерінде бұл түсінік

төмендегі синонимдермен алмастырылады: ұнамды, қызығушылық тудыратын адам немесе ұнамсыз, қызығушылық тудырмайтын адам. Бірде-бір режиссер ұнамсыз актерге ұнамды кейіпкерді бермейді. Ал ұнамды адамға ұнамсыз кейіпкердің рөлі тапсырыла береді. Мұндай фактіні көрермен аңғармайды және ол сюжеттің жұмбағы болып қала береді.

Көрсетілімдерде тележүргізушілерді дұрыс таңдау – табысқа жетудің бірден-бір көзі. Мәселенің күрделілігі мынада: тақырыптың негізгі идеясының ұнамды кейіпкердің ауызымен айтылуында. Егер осы жаңалықты дәл сол қалпында жұртты тартпайтын ұнамсыз кейіпкер жарияласа, көрермен оған сенбес те еді. Мұндайда барлық еңбек заяға кетеді. Деректі туындыларды ірі планда көрсеткенде кадрдағы титімдей ақаудың өзін жасырып қала алмайсың. Олар көзге бадырайып ұрып тұрады. «Ақ көңілдің аты арымайды, тоны тозбайды, арамзаның қулығы көзінен білінеді» деген мәтел осыдан қалса керек.

Бейнелеу өнерінің кез келген саласында мінез-құлықтың құпия сырлары ашық көрсетілмейді, ал кино мен телевизияда ондай мінезді жасырып ұстай алмайсың. Өкінішке орай, біздің көрсетілімдерімізде барлық кейіпкерлер ұнамды қасиеттерімен көріне бермейді. Әр түрлі адамдардан сұхбат аламыз, оны түрлі тележүргізушілер жүргізеді. Осы жерде оператордың бейненің жағымды ауқымын аса сезімталдықпен таңдауына тура келеді.

Режиссерлер ірі планы түсірілімдерді жиі таңдайды, бірақ мұндай ауқымның оның кейіпкерлерінің кемшін тұстарын көрсетіп қоятынын олар байқай бермейді. Әсіресе бұл ән салатын әртістерді түсіргенде өте маңызды болмақ. Ән айтқанда оның бетіне күш түседі, мойындары жиырылады, ауыздары ерекше кең ашылады. Сондықтан ірі ауқымды түсірілімдерден гөрі орта ауқымда түсіру мұнда оңды нәтиже бермек. Ал көрерменге өзінің сезім сырларын тындап отырып-ақ жақсы жеткізетін, тек қана тындаушы болып отырған кейіпкер кейпі қызығырақ көрінеді. Бұл түсірілімнің режиссерлік шешіміне еш нұқсан келтірмейді.

Жалпы, портрет жанрының ерекшелігі телевизия үшін студиялық жобаларда маңыздырақ ашылады. Сондықтан операторлар студиялық түсірілімдерде бұл жанрға көбірек иек артады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Вольнец М.М.* Принципы работы телеоператора со светом. М., 1997.
2. *Коптеруд Рой, Нельсон Рой Пол.* Как преподносить новости. М., 1998.

ПЕДАГОГИКА

Б.Т.ОРТАЕВ

педагогика ғылымдарының докторы, доцент

С.Ж.ТЕМІРБЕКОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
МӘДЕНИЕТІ ЖӨНІНДЕ**

В статье речь идет об исследовательских направлениях, которые были проведены по составляющей культуре учителей.

The article deals with research directions which have been made according to the teacher's culture.

Еліміздің дамыған мемлекеттер қатарында көрінуі, оның экономикасына, білім беру сапасына, білімді де білікті азаматтарының болуына, т.б. құраушыларға байланысты екендігі белгілі. Білім беруді жетілдіру өзекті мәселенің бірі және ол ұзақ, үзіліссіз үдеріс екендігі айқын. Үздіксіз білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісі оның басқа құраушыларына қарағанда ерекше мән беретін буын болып табылады. Оның себебі, даярланған мамандар білім берудің құраушыларында өздерінің кәсіби іс-әрекеттерін ұйымдастырады. Ал, болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісі бүгін ғана қолға алынып отырған іс-әрекет бағыты емес және оның өзінің даму тарихы бары айқын.

Болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісін жетілдіру күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі ретінде қарастырылады. Ол жөнінде Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» деген тақырыбында аталғаны еліміздің халқына, оның ішінде педагогтарға айқын. Жолдаудың педагогтар үшін өзіндік ерекшелігі бар екені де белгілі. Елбасы мұнда басымдық берген бағыттардың ішінде, адам капиталына ерекше назар аударды, оның ішінде «Қазақстанда адами капитал сапалы өсуі, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтауға байланысты екендігін айта келіп, «Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор; ...бесіншіден, оқу жастарға тек білім ғана беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйренуі тиіс;

алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет» - деп маңызды іс-шараларды атап көрсетті [1]. Бұл мәселелер білім меңгерту негізін құрайтын оқыту үдерісін ұйымдастыруды, болашақ педагогтарды даярлау сапасын арттыруды алға тартады. Ал, даярлығы толық мәнді және ынталы мұғалім оқыту үдерісін сапалы ұйымдастырудың кепілі ретінде қарастырылады.

Заманауи кезеңнің мұғалімдеріне білім беру мазмұнын дамыту мен қалыптастырудың тарихи жолын айқындау үшін ең алдымен басымдыққа ие негізгі өткен тарихи мәдениетіміздегі білімдерді, заманауи білім беруді анықтау қажет. Бұл білімдер зерттеу кезеңінде бағдар алатын әдіснамалық база ретінде көрінеді. Олар әсіресе бүгінгі күні жаңа кезеңмен, технологиялық мәдениетпен байланысты қажеттілікте артып отыр.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын зерделеу және талдау көптеген ғалымдардың қызығушылықтары кәсіби-педагогикалық мәдениетті және оның жекелеген түрлерін қалыптастыру мәселесін қарастырғандығын көрсетеді:

- гуманитарлық (В.А.Сластенин, Е.Н.Шиянова және т.б.);
- рухани (Б.З.Вульф, М.М.Мукомбаева, Н.Е.Шуркова және т.б.);
- коммуникативтік (В.С.Грехнев, В.А.Кан-Калик, О.О.Киселева, Т.Н.Левашова, А.В.Мудрик және т.б.);
- кәсіби (И.Ф.Исаев, А.А.Молдажанова және т.б.);
- әдіснамалық (Е.В.Бережнова, В.Э.Тамарин, В.В.Краевский және т.б.);
- адамгершілік–эстетикалық (Э.А.Гришин, Н.Б.Крылова, Е.Г.Силева, С.А.Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова, А. Саипов, Д.С.Яковлева және т.б.);
- техникалық (Ю.К.Васильев, К.Ә.Дүйсенбаев, В.А.Комелина және т.б.);
- психологиялық (М.И.Лукьянова, Ф.Ш.Мухаметзянова және т.б.);
- технологиялық (Ю.П.Беспалько, С.А.Жолдасбекова, М.М.Левина, М.В.Николаева және т.б. (педагогикалық-технологиялық (Н.А.Максимова, Б.Т.Ортаев); техникалық-технологиялық (О.Сыздықов, Д.А.Крылов));
- зерттеушілік (Ш.Таубаева және т.б.);
- ақпараттық (Г.Ж.Шуйтенов, К.М.Беркімбаев және т.б.);
- дене (физикалық) (М.Я.Виленский, Б.Қ.Мухамеджанов және т.б.).

Бұл зерттеулерде педагогикалық мәдениет кәсіптік сапалар жүйесінде және педагогикалық іс-әрекет өзгешелігінде көрінетін мұғалімнің жалпы мәдениетінің басты бөлігі ретінде қарастырылады.

Мұнда педагогикалық мәдениет жөнінде айта келіп, философтар, педагогтар, психологтар кәсіби-педагогикалық мәдениетті кәсіптік деңгейде субъекті іс-әрекеті мен қарым-қатынасын құраушы педагогикалық қызмет, педагогикалық қарым-қатынасты және жеке тұлға болып табылатын педагогикалық еңбекті жүзеге асыруға бағытталған адам туралы ойды түсінеді. Сонымен, кәсіби-педагогикалық мәдениетті тасымалдаушылар педагог мамандар, ал педагогикалық мәдениет кәсіптік деңгейде және кәсіптік емес деңгейде тәрбиелік практикамен шұғылданатын адамдарға тән.

Бүгінгі таңда мәдениетке, технологиялық мәдениетке философиялық, педагогикалық зерттеулер жүргізіліп, сәйкес еңбектер мен сөздіктерде «мәдениет», «технологиялық мәдениет» ұғымдарына анықтамалар мен түсініктер берілген. Мәдениетке қатысты негізгі мазмұндауды төменде беруді дұрыс деп таптық.

Орта ғасырда дәнді дақылдарды өңдеудің латын сөзімен **culture** деп аталатын едәуір прогрессивті және жетілдірілген жаңа тәсілдері пайда болғанда, оның бұл ойдағы, мағынадағы ұғымның қаншама өзгеретінін және кеңейетінін ешкім де болжамады. Егер **agriculture** термині біздің уақытымызда дәнді дақылдарды өңдеуді білдірсе, XVIII-XIX ғғ. өзінде **culture** сөзі өзінің алғашқы мәнін жоғалтты. Мәдениетті деп оқыған, тәрбиелі, көркем мәнерді меңгерген адамды атай бастады. «Мәдениетті» ақсүйектер «мәдениетті емес» қарапайым халықтан осылайша бөліне бастады. Германияда өркениет дамуының жоғары деңгейін білдіретін ұқсас **kultur** сөзі қолданылды.

Мәдениет феномені көпқырлылығымен, күрделілігімен және қарама-қайшылығымен ерекшеленеді. Осындай объективті себептен бүгінде бірыңғай жалпы қабылданған мәдениет ұғымы жоқ. Француз ғалымы А.Моль оның 250-ден, ал А.Е.Кертман 400-ден астам түсіндірмесін келтірген. Ол жөнінде Д.Қ.Пошаев «Дүниежүзілік әдебиетте оның 250-ге жуық анықтамасы бар. Бұл мәселе, мәдениет ұғымының күрделілігімен қоса, оның әлеуметтік тұрғыдан көпмәнділік екенін аңғартады» деп өзінің ойын түйіндейді [2. 24].

Жүргізілген талдау мәдениет феноменінің көптүрлі және көпәспектiлi екендiгiн көрсетедi. «Мәдениет» ұғымы әлеуметтік-философиялық білімнің іргелі категориясы болып табылады және

оның әзірге дейінгі (жүргізілген теориялық зерттеулерге сәйкес) аяқталған, белгіленген теориялық мәртебесі жоқ. Мәдениет ұғымының мазмұны, көлемі, оның басқа категориялармен қатынасы әр түрлі зерттеу тұрғысы мен көзқарасы барын көрсетеді. Мәдениет табиғат, қоғам және адам, құндылық және шығармашылық, белгі коммуникативті жүйе және іс-әрекет ұғымына қатысты. «Мәдениет» ұғымының көп мәнділігі оның әр түрлі ой мен қатынаста пайдаланылуы мен қолданылуы, біріншіден, мәдениеттің күрделі және көп жоспарлы құбылыс екендігімен; екіншіден, мәдениет қандай да бір өзінің элементіне сәйкес келмейтінімен және қандай бір тұтастық, күрделі жүйе ретінде қарастырылмайтынымен түсіндіріледі.

Зерттеулерге сәйкес мәдениеттің адам іс-әрекетіне тән болып табылатын негізгі құраушыларын төмендегідей көрсетуге болады: іс-әрекетті ұйымдастыру түрлері, адамның шығармашылық күші мен қабілеті, адамның өзін және қатынастарды жасау үдерісі.

Кез келген әлеуметтік іс-әрекет адамның әлеуметтік күшін қалыптастыруға және жүзеге асыруға қабілетті етуі мүмкін. Бұл іс-әрекеттің мәдени аспектіні иеленуін, оның қандай да бір мәдени іс-әрекетке айналуын білдіреді. Барлық іс-әрекет белгілі мәдениетті талап етеді.

«Технологиялық мәдениет» ұғымын анықтау және оның педагогика ғылымында қалыптасуын зерттеу мәселесі осы бағыттағы қарастырылған заманауи философиялық, психологиялық, педагогикалық, социологиялық әдебиеттерге жүгінуді қажет етеді.

«Технологиялық мәдениет» ұғымын қарастырған әдебиеттерге талдау жасау заманауи феноменнің зерттеулердегі жаңа және маңызды жағын ашады. Технологиялық мәдениеттің қалыптасу үдерісі үшін жаңа тиімді тәсілдердің пайда болуы, түрлендірілуі және өзгеруі қозғалыстардың алдында болуымен тұжырымдалады. Академик П.Р.Атутов «заманауи техниканы жетік меңгеру үшін ең алдымен барлық техникалар мен технологиялық үдерістердің негізделген табиғат заңдарын пайдалануға терең білім, жоғары жалпы сауаттылық және мәдениет талап етіледі» - деп атап көрсетеді [3. 60].

Сондықтан да технология іс-әрекеттің сипаттамасы болып табылуы оның практикалық, рухани формасымен қатар адамзат мәдениеті формасының бірін құрайды. Технология мәдениеттің феномені, адамзаттың болмысынсыз болуы мүмкін емес.

Э.С.Маркарян, Н.Ф.Тарасенко, З.Файнбург және басқа да зерттеушілер

өздерінің жұмыстарында мәдениеттің технологиялық сипатын көрсеткен. Олар мәдениетті адам іс-әрекетін жүзеге асыратын ерекше тәсіл немесе технология ретінде қарастырады. Нақтырақ айтқанда, Э.С.Маркарян мәдениет «қоғамдағы адамның белсенділігі ынталандырылатын, бағдарланатын, үйлестірілетін және жүзеге асырылатын, ...өзіне биологиядан тыс өндірілген механизмдердің кенеттен күрделі және көпқырлы жүйелерін қамтитын адам іс-әрекетінің ерекше тәсілі» ретінде атап өтеді [4. 20].

Мәдениеттің заманауи теориясы «технология» ұғымын тек материалдық-өндірістік практикалар саласымен шектелмейтін, мәдениетті тасымалдаушы әрекет, іс-әрекет салаларында көрсетеді. Мәдениеттің туындауы қоғамда кездесетін әр түрлі мәселені шешуге бағытталған, функционалдық өзара байланысты технологиялық ішкі жүйелердің күрделі жүйесін өндіруді білдіреді. Мәдениеттің арнайы компоненттеріне сәйкес идеялары, рухани құндылықтары және мінез-құлық мақсаттары қоғам мүшелерінің әрекетін реттейтін және ынталандыратын басты әлеуметтік құрал ретінде көріне отырып, аса технологиялық мәнге ие.

«Технология» ұғымының түсінігі оны таза өндірістік саладан алып шығып, технологияны материалдық және рухани әлемге және оның түрленуіне әрекет ететін әдістер мен құралдардың барлық жиынтығын қарастыруға мүмкіндік береді. Осылай технологияның кеңейтілген түсінігі қазіргі уақытта кең тараған болып табылады («сайлау технологиясы», «білімдік технологиясы» және т.б.). «Технология», «алгоритм», «тәсіл», «әдіс» сөздерінің синонимі.

Сол себепті, мәдениет құрамында адамды қоршаған оның ортасын түрлендіруге және адамның өзін түрлендіруге байланысты технологиялық мәдениетті бөліп көрсету қажет етіледі. Технологиялық мәдениет – бұл тектік (мәдениетке) ұғымға қатынасы бойынша түрлік ұғым. Ол барлық мәдениет жүйелерін кіріктіруші басты факторлардың бірі болып табылып, адам іс-әрекетінің әр түрлі салаларын технологияландырумен үйлестірілген технологиялық мәдениет тұтастай адамзат мәдениетінің бөлігі және солай бола тұра олардың арасында диалектикалық өзара байланыс, жалпы мен жекеңің, тұтас пен бөліктің арасында өмір сүреді.

Технологиялық мәдениет, сонымен қатар, педагогикалық іс-әрекетке де байланысты болып табылады. Бұл жағдайда технологиялық мәдениет сипаттары өзіндік ерекшеліктерге ие.

И.Ф.Исаев [5] мұғалімнің технологиялық мәдениетіне педагогтің белгілі оқыту мен тәрбие технологиясы жүйесін, сондай-ақ педагогикалық үдерістегі баламалы педагогикалық технологияны талдау іскерлігін меңгеруді теңестіреді.

В.А.Сластенин [6] аталған ұғымды талдап қорыта келе, өзінің жұмысында төмендегідей анықтама береді: мұғалімнің технологиялық мәдениеті – бұл педагогикалық іс-әрекеттің және оның мағынасындағы операциялық құрамның жеке тұлғалық бағыттылығын анықтайтын, өзіне педагогикалық үдерістің гуманистік құндылықтарын біріктіретін кіріктірілген жеке тұлғалық білім; педагогикалық іс-әрекет технологиясын көрсететін және оның операциялық құрамының технологиялық деңгейге ауысуына мүмкіндік беретін кіріктірілген педагогикалық іскерлік; кәсіби-педагогикалық іс-әрекет мағынасындағы жеке тұлғалық тұжырымдаманы және оның шығармашылық тұрғыдан жүзеге асуын ашатын педагогикалық іс-әрекеттің жеке тұлғалық-шығармашылық стилі.

В.А.Сластениннің берген анықтамасы кеңінен ашылған және толық болып табылады. Бұл педагогикалық кәсіби іс-әрекеттің оқыту мен тәрбиелеуге қатысты екендігін көрсетеді.

И.В.Никишина «Технологиялық мәдениет деп өзіне жеке тұлғаның кіріктірілген сапасын: педагогикалық іс-әрекетінің гуманистік бағыттылығын, кіріктірілген педагогикалық іскерліктерін анықтаушы, педагогикалық іс-әрекет технологиясын көрсететін және оны операциялық құрамнан технологиялық деңгейге ауыстыруға қабілетті педагогикалық үдерістің гуманистік құндылығын; кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің жеке дара тұжырымын және оның технологияда шығармашылықпен іске асырылуын ашып көрсететін педагогикалық іс-әрекеттің жеке тұлғалық-шығармашылық стилін біріктіру түсініледі» - деп сипаттай келе, «Заманауи педагогикалық технологияны және технологиялық мәдениетті меңгерген педагог оқытудың әдістері мен тәсілдерін пайдалану кезінде икемділік көрсетеді, өзінің жеке педагогикалық технологиясын әзірлеумен кәсіби әрекетін өзгерте алады» - деп оқытушының технологиялық мәдениеті ұғымы мен мәнін көрсетеді [7.40-41]. Бұл сипаттаудан технологиялық мәдениет педагогтарға ортақ педагогикалық іс-әрекеттің гуманистік құндылыққа және шығармашылық сипатқа ие болатыны көрсетіледі.

Н.А. Максимова өзінің диссертациялық зерттеу жұмысында:

«мұғалімнің технологиялық мәдениеті деп, мұғалімнің педагогикалық құндылықтарының, технологиялық іскерліктерінің (педагогикалық техника мен педагогикалық технология) және шығармашылық жеке тұлғасының динамикалық жүйесін түсінеміз» - деп қысқаша анықтама береді [8.36].

Зерттеулер нәтижесі мұғалімнің технологиялық мәдениеті педагогикалық мәнді жүйе болып табылатынын көрсетеді және бұл берілген жүйенің құрылымын айқындауға, оның құраушыларын бөліп алуға мүмкіндік береді.

Әр түрлі ой-пікірлерді талдай келе, Н.А.Максимова мұғалімнің технологиялық мәдениетінің төмендегідей компоненттерін бөліп көрсетеді:

1. Педагогикалық позиция және кәсіби-жеке тұлғалық сапа.
2. Технологиялық білім және педагогикалық ойлау мәдениеті.
3. Технологиялық іскерлік.
4. Педагогикалық технология.

Біздің ойымызша, берілген құраушыларға шығармашылық жеке тұлғалық сапаны қосу қажет, себебі бұл компонентсіз өзінің кәсібіне заманауи талапқа бағдарланған толық кәсіп иесін, мұғалімді елестету мүмкін болмайды.

Мұғалімдердің технологиялық мәдениеті құраушыларын көптеген зерттеушілер тұрғысынан анықталған. Оларды атап көрсетуде әртүрлі көзқарастардың, әдіснамалық тұғырлардың орын алғандығын көруге болады. Оның ішінде педагогикалық іс-әрекетке және педагогтың еңбек іс-әрекетінің түріне байланысты технологиялық мәдениеттердің де болуы атап көрсетіледі [9].

Мақала тақырыбына байланысты біздер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-әрекет түріне сәйкес технологиялық мәдениетін Ю.Л.Хотунцевтің анықтауы бойынша – бұл мәдениет материалдық және рухани құндылықтарды әзірлеудегі түрлендіруі, шығармашылығы, экологиялығы расталған, табиғи сәйкестіктегі іс-әрекеттер [10, 11] негізінде айқындалуын дұрыс деп білеміз. Олардың ішіндегі негізгілері төмендегідей:

- еңбек мәдениеті – еңбек үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыру, құрал-саймандар мен жабдықтарды оңтайлы таңдау, қауіпсіз еңбек ету, технология-лық және еңбек тәртібін, өнімнің сапасын бақылауды және еңбеккердің әлеуметтік функциясын орындау үшін қажетті шарттарды қамтамасыз ету;

- графикалық мәдениет – бұл технологиялық үдерісті қамтамасыз етудегі графикалық, оның ішінде сызба жабдықтарын пайдалану білімі, іскерлігі мен даярлығы;

- дизайндық мәдениет - өнімнің бәсекелестік қабілетін қамтамасыз етудегі материалдарды көркем өңдеу және эргономика, эстетика, дизайн принциптері білімі, оларды пайдалану іскерлігі мен даярлығы;

- ақпараттық мәдениет – ақпарат көздерін жинау, сақтау, өңдеу принциптері білімі және оларды пайдалану іскерлігі мен даярлығы;

- адами қатынастар мәдениеті - өндірісте, отбасында адамдармен сыпайы қарым-қатынаспен өзара әрекетті жүзеге асыру білімі, іскерлігі мен даярлығы;

- экологиялық мәдениет мазмұны табиғатты өмірдің және әдеміліктің қайнар көзі ретінде түсіну, экологиялық білімі, табиғатты қорғау іс-әрекетіне терең қызығушылығы, оны сауатты жүзеге асыру, қоршаған орта мен адам денсаулығын табиғат пен қарым-қатынаста туындаған рухани-эстетикалық сезім байлығы және оны сақтаудағы жауапкершілігі;

- үй мәдениеті – үйді құрастыру мен сәндеу, отбасының берекесін, салауатты өмір сүру үлгісін қамтамасыз ету және ойластырылған үй шаруашылығын жүргізу, жақсы отбасының әлеуметтік функциясын орындау білімі мен іскерлігі;

- тұтынушылық мәдениет – тұтынушының әлеуметтік функциясын орындаумен тауарлар мен қызмет көрсету нарығында өзін алып жүру білімі, іскерлігі және даярлығы;

- жобалау мәдениеті – жобаны орындау кезінде тұтыну мен мүмкіндік іс-әрекетін анықтау, жобаны орындау үшін ақпаратты жинақтау, талдау және пайдалану, жобаны орындауда идеяларды ұсыну, оңтайлы идеяны таңдау, осы идеяны зерделеу, қосымша білім мен іскерлікті меңгерумен жобаны жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру және орындау, жобаны бағалау және оны қорғау білімі, іскерлігі және даярлығы.

Бұл аталған технологиялық мәдениет құраушылары бастауыш мектепте «Бастауыш мектепте еңбекке баулуды оқыту теориясы мен технологиясы және практикумы» (Көркем еңбекті оқыту теориясы мен технологиясы), «Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін оқыту теориясы мен технологиясы және практикумы», «Дүниетану пәнін оқыту теориясы мен әдістемесі», ««Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі», т.б. пәндерді толық мәнді оқытуды, оқушылардың білім сапасын

арттыруға негіз қалайды.

Дегенмен, бастауыш сынып мұғаліміне тән жоғарыдағы технологиялық мәдениет құраушылары педагогикалық кәсіби іс-әрекетті толықтай сипаттамайды. Ол толық мәнді болуы үшін педагогикалық үдеріске тән құраушылармен толықтырылуы қажет. Оған болашақ мұғалімнің педагогикалық позициясы мен кәсіби-жеке тұлғалық сапасы; технологиялық білім және педагогикалық ойлау мәдениеті; технологиялық іскерлігі; педагогикалық технологиялар бойынша даярлығы; кәсіби іс-әрекеттегі шығармашылық бастамалары қамтылуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Астана, 2012ж. 27-қаңтар (// Егемен Қазақстан. №41-42 (27114), 28-қаңтар. 2012ж.).
2. Пошаев Д.Қ. Педагогика, педагог және заман талабы. Оқу құралы. –Шымкент, ОҚМУ, 2007. - 40 б.
3. *Атутов П.Р.* Политехнический принцип в обучении школьников. – М.: Педагогика, 1976. -192 с.
4. *Маркарян Э.С.* Системное исследование человеческой деятельности //Вопросы философии. 1972. - №10. –С. 20-22.
5. Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя высшей школы: воспитательный аспект. – Москва – Белгород: Вздзелица, 1992. – 102 с.
6. Сластенин В.А. Формирование профессиональной культуры учителя: Учебное пособие. М.: Прометей, 1993. – 177 с.
7. *Никишина И.В.* Инновационные педагогические технологии и организация учебно-воспитательного и методического процессов в школе: использование интерактивных форм и методов в процессе обучения учащихся и педагогов. – Волгоград: Учитель, 2007. – 91 с.
8. *Максимова Н.А.* Проектирование системы формирования технологической культуры учителя: дисс. ...канд.пед.наук: 13.00.01. –Смоленск. 2004. -207 с.
9. *Ортаев Б.Т.* Болашақ мұғалімдерді оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. докт. ... дис.: 13.00.08 - Түркістан, 2010. – 320 б.
10. Временное требование к обязательному минимуму содержания основного общего образования и требования к условию подготовки выпускников по образовательной области «Технология» //Школа и производство. 1999. №3. –С. 6-8.
11. Экспериментальная программа образовательная область «Технология». /В.12. Симоненко, Д.А.Хотунцев и др. – М.: ВНИК «Технология», 1994. – 270 с.

С.Ж.ТЕМІРБЕКОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЕҢБЕККЕ
БАУЛУ БОЙЫНША ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ
МАЗМҰНЫ**

В статье рассматриваются технологическая культура в целом и технологическая культура учителей начальных классов и ее составляющие.

The authors of the article pay attention to technological culture in general and to the technological culture of primary school teachers and to its components.

Әлеуметтік-экономикалық мәселелермен қатар қоғамның дамуына мәдени-тарихи факторлар үдемелі түрде ықпал етеді. Бүгінде әлемдік технологиялық қайта құру «қайта индустриализациялаудың» қарқынды сатысына аяқ басты. Адамды қоршаған әлемде оның тағдыры негізгі мәселеге айналды. Біздің заманымыздағы, тарих ағысы мен келбетіне әсер ететін әлеуметтік және рухани оқиғалардың бәрінде де «адамзат іс-әрекетін бағалаудың қажетті алғышарты және критерийі» ретінде мәдениеттің мазмұны мен мәніне және кейпіне үңілу бұлтартпас қажеттілікке айналуда.

Қазіргі кезеңде дүние жүзіндегі елдердің даму қарқыны барлық салада жаңа технологияны қолдануға байланыстылығы айқындалып отыр. Жаңа технология кезеңінде адамдардың өзіндік орын алуы технологиялық мәдениетке тура қатынаста. Сол себепті де, дамыған шетелдердегі сияқты еліміздің білім беру жүйесінде технологиялық мәдениетке жастарды баулудың қолға алынуы құптарлық. Осыған байланысты болашақта өндірісте жұмыс жасайтын мамандардың технологиялық мәдениетін орта мектепте, қала берді мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінде, бастауыш сыныптарда жүзеге асыру қарастырылуы қажеттілік болып табылады. Ол үшін болашақ мұғалімдердің аталған дайындыққа сәйкес даярлығы мәселесі назардан тыс болмауы қажет.

Педагогикалық зерттеулерде «технологиялық мәдениет» ұғымына және оның аясындағы іс-әрекеттерге түсініктер берілген. Мәдениеттану терминдерінің түсіндірме сөздігінде: «Мәдениет (араб тілінде «маданият» - қала деген мағынаны білдіреді; орыс. – культура) – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтік жемістері мен нәтижелері» – деп мазмұндалған [1.113].

Педагогикалық, психологиялық, философиялық, энциклопедиялық

және басқа да сөздіктерде берілген анықтамалардан мәдениет қоғамның және адамның түрлендіруші іс-әрекетінің барлық түрінің жиынтығы және нәтижесі ретінде сипатталатынын, оның төмендегідей құраушыларды қамтитынын көруге болады:

- іс-әрекетті ұйымдастыру түрлері;
- адамның өзін жасау үдерісі;
- қоғамдық қатынастарды жасау үдерісі
- адамның шығармашылық күші мен қабілеті;
- қоғамның даму деңгейі;
- материалдық - рухани игіліктер, т.б.

«Технология» термині материалдық өндіріс сферасында пайда болып, өндірістік жүйеге қатысты дамиды және зерттеледі, сондықтан да, бір жағынан оның талдап қорытындыланған пайымдауы өндірістік технология қасиеттеріне негізделеді, ал басқа жағынан өндірістік талдау беру (түсіндіру), бүгінгі таңдағы технологиядағы пайда болып жатқан жаңаны анықтау үшін оның құрастырушы базасы болып табылады. Өзінің дамуында, технология бір жағынан адамның қажеттілігінде заттарға айналдырудағы саналы, мақсатты, ұйымдастырылған үдеріс, ал екінші жағынан адамның қажеттіліктері мен мақсаттарын заттандыру үдерісін көрсетеді. Оған өз кезегінде ғалым – зерттеушілердің пікірлері сәйкес келеді [2]. Технология адам іс-әрекетінің түрі (субъективтік, заттық, іс - әрекеттік) ретіндегі көзқараспен талдау негізінде, онда адамның білімі, санасының белсенділігі, оның мәні мен іс-әрекеті орнығады.

«Технологиялық мәдениет» ұғымын зерделеген әдебиеттерді талдау жасау, заманауи феноменнің зерттеулердегі жаңа және маңызды жағын ашады. Академик П.Р.Атутов атап өткендей: «заманауи техниканы жетік меңгеру үшін, ең алдымен жоғары жалпы сауаттылық және мәдениет барлық техникалармен негізделген, табиғаттың заңдарын пайдалануды терең білуді талап етеді», - деп атап көрсетеді [3. 60].

«Технологиялық мәдениет» ұғымына адамның қоғамдағы азамат, жұмысшы, жеке кәсіпкер, отбасы мүшесі ретінде тұтынушы және оқушы орындайтын функциялары ескеріледі. Оның төмендегідей құраушылар: еңбек, графикалық, дизайндық, ақпараттық, кәсіпкерлік, адами қатынастар, экологиялық, үй, тұтынушылық, жобалау мәдениет.

Аталған мәдениет құраушылары ішінде бастауыш сыныптан басталып, назарға алынатындарының ішіндегісі, ол – еңбек мәдениеті. Ал, оқушылардың еңбек мәдениеті дағдылары қалыптасуымен байланысты көрсеткіштерге төмендегілер жатқызылады [4]:

1. Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру мен ұстау.

2. Жұмыстағы технологиялық тәртіпті сақтау.
3. Жұмысты жоспарлай алу.
4. Еңбек қауіпсіздігі ережелерін және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.
5. Қоғамдық меншікке ұқыпты қатынас жасау.
6. Өзінің жұмыс уақытын, материалдарды, электр энергиясын үнемді жұмсау.
7. Еңбек тәртібін, шеберханадағы ішкі ережені сақтау.

Технологиялық мәдениет білім, іскерлік және жеке тұлғалық басты сапаларды қамтиды [5.137-142]. Технологиялық білім – бұл технологиялық әлемді тану үдерісінің нәтижесі және соған сәйкес ұғымдардың, түсініктердің, талқылаулардың және ой қорытындыларының адамның санасында көрінуі. Оқушыларға базалық технологиялық ұғымдарды білу қажет: технология, технологиялық орта, технологиялық үдеріс, іс-әрекеттің қайта түрлендіруші тәсілдері және т.б. Одан басқа олар материалдық және рухани өндірістің прогрессивті технологиялары және адамның өмірлік іс-әрекетінің негізгі формалары жөнінде түсінікті алуы қажет.

Технологиялық іскерлік – адамның меңгерілген ғылыми білімдер негізінде қайта түрлендіруші іс-әрекетті игеруі. Оған өзінің іс-әрекетін жоспарлау, оның нәтижесін және тиімділігін болжау және бағалау, өз бетінше қажетті білімдерді алу, графикалық жұмыстарды орындау, технологиялық ортада, жұмыс орнында және тұрып жатқан ортада дизайн-талдауды жүзеге асыру, өзінің кәсіптік жарамдылығын анықтау іскерлігі жатады.

Технологиялық басты сапалар – бұл адамның түрлендіруші іс-әрекетін нәтижелі игеру үшін қажетті қасиеттер. Оған жоғары кәсібилік, тапқырлық (іскерлік), кәсіби жұмылушылық, шығармашылық белсенділік, жоғары жауапкершілік және тәртіптілік, өзінің кәсіби-технологиялық білім мен іскерлігін ұдайы жетілдіруге деген қажетсінуі сияқты сапалар жатады.

Сондай-ақ технологиялық мәдениет төмендегідей сапалық қасиеттерді қамтиды: тәртіптілік (жұмыс ережелерін орындау, еңбектегі мінез-құлық ережелерін орындау, жұмысты аяғына дейін жеткізу), еңбек сүйгіштік (еңбекке және еңбек адамына қатынасы (еңбек және еңбек адамы жөніндегі білім мен түсінігі, қоғамдық игіліктерге ұқыпты көзқарасы), өзінің еңбегіне қатынасы (оқушылардың еңбегі жөніндегі білім мен түсінігі, қиындықты жеңудегі табандылығы)); қоғамдық-еңбек белсенділігі (көпшілік игілігі үшін ұйымдық еңбекке дайындығы

(ұжымдық еңбекке қатынасы, еңбектегі ұжымға қатынасы), еңбектегі өз бетінше іс-әрекет етушілік (мақсат қою, орындау, жұмыстың барысын бақылау және бағалау, еңбек нәтижесін бағалау), еңбекке шығармашылық қатынасы; Еңбек тәртібін бұзушыларға және еңбектегі ұқыпсыздыққа теріс қатынасы, қоғамдық игіліктерге); Тәртіптілік (жеке тұлғаның басты сапасы, қоғамдық ұстанымдарды және мінез-құлық нормаларын мүлтіксіз орындаудың қатаң көрінісі, қатаң тәртіптегі әдет, заңдарды сақтау мен қоғам қызығушылығы үшін жеке тұлғаның мойын ұсынуы).

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері жоғары оқу орындарында 5В010200 – «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша әзірленген жоғары кәсіптік білім стандарты негізінде даярланады [6]. Аталған мамандықтың білім стандартына сәйкес «Бастауыш мектепте еңбекті оқыту теориясы мен технологиясы және практикумы» оқу оқу пәнін зерделейді [7]. Аталған пәннің мазмұнында төмендегідей тақырыптар технологиялық мәдениет қалыптастыруға бағытталған деп білеміз: материалдар мен еңбек әрекетіне сипаттама беру, бұйымдар жасау технологиясы; Халықтық сәнді-қолданбалы өнер (көркем еңбек); Тұрмыстық еңбек.

Сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдері аталған пән бойынша тәжірибелік жаттықтыру сабақтарын төмендегідей тақырыптар бойынша зерделейді:

1. Қағаз және қатырмақағазбен жұмыс түрлері.
2. Тоқыма материалдармен жұмыс жасау.
3. Техникалық үлгілеу.
4. Папье-маше жасау техникасы.
5. Сабаннан жасалынған ойыншықтар.
6. Ермексаз және сазбалшықпен жүргізілетін сабақтардың ерекшеліктері.
7. Фольга мен қаңылтырдан бұйымдар дайындау.
8. Сәнді-қолданбалы өнер түрлері.
9. Тұрмыстық еңбекті ұйымдастыру.
10. Қоғамға пайдалы еңбек түрлері.

Қарастырылған тақырыптар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің еңбек іс-әрекетіне байланысты технологиялық мәдениетінің құраушыларын толықтай қамтиды деп білеміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің еңбекке баулу бойынша технологиялық мәдениетін студенттердің өздік жұмыстарының төмендегідей тақырыптары толықтыра түседі: Матамен жұмыс. Тігістің түрлері. Оқушыларды политехникалық еңбекке даярлау. Тоқыма

материалдармен жұмыс. Табиғи материалдармен жұмыс істеу ерекшеліктері. Қауіпсіздік техникасының ережелері. Еңбекке баулу сабақтарындағы шығармашылық жұмыс түрлері.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық мәдениетін еңбекке баулу пәні мазмұнындағы «Қағазбен және картонмен жұмыс істеу» тақырыбына сәйкес төмендегі етіп оқу материалдарына сәйкес көрсетуге болады (Оқушылардың технологиялық мәдениетінің мазмұнына сәйкес).

Материалтану оқу материалдары бойынша: Қағаздың маңызы, түрлері; қасиеттері: қалыңдығы, тығыздығы, беріктігі; материалдық қасиеттері: иіледі, бүктеледі, кесуге, тігуге, бояуға, жазу жазуға, сурет салуға, таңба басуға болады; қағаз түрлері (сурет салып, сызба сызатын). Қағазға тән қасиеттер: беріктігі, ылғал тартқыштығы; картон туралы мағлұматтар. Оның қасиеттері; бұйымдардың қырларын, жақтарын қағазбен желімдеу арқылы беріктігін арттыру. Бұйымдардың пайдаланылуына қарай қағаз және картон іріктеп алу;

Графикалық (бейнелеу) мәдениеті бойынша: ақ қағаз бен түсті қағаз; қарапайым фигуралардың техникалық суреті. Бүктеу сызығын анықтау; бұйымдардың үлгілері бойынша көлемін анықтау формасы. Призмалы бұйымдардың техникалық суретін (нұсқасын) оқу; қағаз және картоннан жасалған қарапайым көлемді бұйымдардың техникалық суретін (нұсқасын) оқу тәсілі;

Техника, құрал-жабдықтар, біріктіретін материалдар бойынша ұғымдар: қайшы, желім; құралдар мен аспаптар – сызғыш, бұрыштық, қосымша тақта, пышақ, пресс, кітап түптеу жиынтығы. Құралдарды қолдану және олармен жұмыс істеу әдісі; қағаз және картонмен жұмыс кезінде пайдаланатын құрал мен саймандар: пышақ, циркуль, аралық-сызғыш, қосымша тақтай, металл сызғыш, таптағыш, пресс (құрылысы, жұмыс тәсілдері, сақтау және қауіпсіз жұмыс істеу ережелері); құралдар мен аспаптар – циркуль, біз, тескіш, балға.

Технологиялық іс-әрекеттер: қағазды бүктеу әдісімен қарапайым бұйымдар дайындау операцияларын; Әшекей қағаз жапсырылған картонмен жұмыс тәсілдерін орындау.

Ұйымдастыру іс-әрекеттері: жұмыс орнымен танысу. Қауіпсіздік және санитарлық ережесі; еңбек қорытындыларын қадағалау. Жұмыс тәртібі, жұмыста ұйымдастыра білу және қауіпсіз жұмыс істеу; қауіпсіз жұмыс жасау ережесін орындау.

Экономикалық білім элементтері: материалды үнемдеу; бұйымдар

сапасына қойлатын талаптарды ұғыну; материалды үнемдеу.

Экологиялық білім элементтері бойынша білімі мен іскерлігі: қоршаған ортаны аялау.

Осы аталған технологиялық мәдениет құраушыларын бастауыш сынып оқу үдерісінде «еңбекке баулу» пәнін оқытуды жүзеге асыру тиіс.

1-4 сыныпқа арналған еңбекке баулу бағдарламаларындағы негізгі тақырыптар [8, 9]:

1. Өзіне-өзі қызмет ету.
2. Ауылшаруашылық еңбегі.
3. Қағаз. Қатырма қағазбен жұмыс. (4-сыныпта «Техникалық еңбек (Ағаштан, т.б. әр түрлі материалмен жұмыс)» тақырыбы).
4. Құрастыру (4-сыныпта «Техникалық үлгілеу» тақырыбы).
5. Көркем еңбек (1-2-сыныпта «Ермексазбен жұмыс» тақырыбы).
6. Матамен жұмыс.
7. Қолданбалы қолөнер.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық мәдениетін қалыптастыру негізінен оқу пәні бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастыруға; мұғалімнің даярлығына, білімгерлердің бейімділігіне және оқу материалдық базаға тікелей байланысты деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәдениеттану терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 200 б.
2. *Тарасенко Н.Ф.* Природа. Технология. Культура. (философ.-мирововзр. анализ) – Киев.: Наук. Думка, 1985. – С. 255-163
3. *Атуттов П.Р.* Политехнический принцип в обучении школьников. – М.: Педагогика, 1976. – С.192 - 60.
4. Соединение трудового обучения и воспитания учащихся с производительным трудом: (Из опыта работы). /Под ред. Л.П. Шило. –М.: Просвещение, 1983. – 176 с.
5. *Ортаев Б.Т., Әлімбаева С.Ш., Ашықбаева Г.* Оқушылардың технологиялық мәдениетінің мазмұны. «Қазіргі заманғы ҰКББЖ инновациялық даму перспективалары мен мәселелері» атты ХҒПК еңб. жинағы. I-том. – Алматы: АГТУ, 2009. -268 б.].
6. 5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы ҚР МЖМБС (ҚР МЖМБС 6.08.012-2009). Астана, 2009. 24 б.
7. «Бастауыш мектепте еңбекті оқыту теориясы мен технологиясы және практикумы» пәнінің типтік оқу бағдарламасы. Алматы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. 2006. -6 б.
8. *Күтпейіс Ж.* «Еңбекке баулу» пәнін оқыту әдістемесі (1-4 сынып). -Алматы «Дарын» 2005. – 256 б.
9. *Сатқанов О., Нұрсейітова С., Сатқанова Г.* Еңбекке баулу бағдарламасы (1-4 сынып). – Алматы. РОНД, 2003. – 20 б.

ТАРИХ

Қ.МӘМБЕТОВ

филология ғылымдарының кандидаты
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ

В статье рассматривается роль Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева в укреплении единства тюркских народов.

The article deals with the role of President of Kazakhstan in the strengthening of unity the turkic peoples.

Түріктер ерте заманнан бастап өркениетті мәдениеттің іргетасын қалап, өздерінің саяси және мәдени жетістіктерін Еуропаға таратқан. «Еуропа елдерінің соңғы 500-ге жақын жылдарда алға өрлеуіне Шығыс халықтары өздерінің айтарлықтай әсерін тигізгеніне тарих ғылымы куә» [1. 9].

Белгілі түріктанушы ғалым Л.Н.Гумилев: «Қағанаттың шекарасы батыста Византиямен, оңтүстікте Персиямен және Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен шектес созылып жатқандықтан да, ол елдер тарихының қиын-қыстау кезеңдерінің ... түркі мемлекетінің тарихымен тығыз байланыста болуы әбден табиғи нәрсе еді... Батыс пен Шығыстың өзара қарым-қатынас жасауына шетсіз-шексіз кең дала мен созылып жатқан биік таулар кедергі жасады. Тек соңғы кезде ағаш арбаны алмастырған металл және жүк тиейтін әбзелдердің ойлап табылуы ғана керуендердің шөлді алқаптар мен қиын-қыстау асуларды салыстырмалы түрде алғанда едәуір басып өтуіне мүмкіндік берді» [2. 148].

Ұлы Жібек жолы ертедегі байланыс тәсілдерінің бірі болды. Ол тұрақты дипломатиялық және сауда-саттық қарым-қатынас жасалатын күре жол қызметін атқарып келді. Қытай жібегі тиелген керуендер шығыстан батысқа қарай, ал Орталық Азиядан, Таяу және Орта Шығыстан, Жерорта теңізінен тауар тиелген керуендер батыстан шығысқа қарай тап осы түркілердің жерін басып өтетін. Бұл байланыс көпірінің маңызы дүниенің екі бөлігі арасындағы материалдық ауыс-түйіспен ғана шектеліп қалмай, оның шеңбері өте-мөте алысқа кетіп жатты. Ол алуан түрлі мәдениеттер мен халықтарды бір-бірімен байланыстырып, сонау ежелгі заманнан бері идеялар алмасудың тұрақты да маңызды факторы ретінде қызмет етіп келді.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, ХХІ ғасырда «Түркі әлемінің

көшбасшысы» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолының құрылысын жүргізіп, мәдени, саяси, экономикалық қарым-қатынастың нығайыуына, түркі мәдени өркениетінің дамуына зор ықпалын тигізуге зор мүмкіндік жасап отыр.

Түркі әлемінің бірлігін, ынтымағын сақтауда барлық күштерін, саналы еңбегін жұмсаған ал-Бумынь, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сияқты мемлекет қайраткерлерінің қажырлы еңбектері бүгінгі ұрпаққа үлгі, өнеге.

Тарихта: «Білге қаған – халқын, ұлтын сүйетін, халыққа ұнайтын; Күлтегін – соғыс өнерінің ұстазы, оған қарсы тұратын күш жоқ деп, ал Тоныкөкті – беделді, білімді және жоспарлы кісі деп сипаттайды» [3.7].

Ал-Бумын, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сияқты ақылды зиялылар түріктерді бірлестіру үшін Көктүрік мемлекетінің сыртқы, ішкі жауларымен күрес жүргізді. Білге қағанның мемлекет басқарудағы көрегенділігі мен парасаттылығы ерекше аңғарылады. «Тарихымыздың ерекше тұлғаларының бірі Білге қағанның тартымды ерекшеліктері бар. Тек тарихи оқиғалар тұрғысынан емес, түркі тілі жағынан да құнды қазына болып есептелетін Күлтегін жазбасы, мазарының ішкі қабырғалары, оның ержүректілігін, ерлігін, батырлығын бейнелеген әшекей «барқы» көріністермен кестеленген. Осы жазбалардың мағынасы әкесінің баласына деген, ұрпақтан ұрпаққа деген насихаты, рухани ескертулері сияқты. Оның ішінде Білге қағанның өсиеті айрықша орынға ие. Ол 40-қа жақын бөліктерден құрылған. Олардың ішінде Білге қаған түркі әлемінің бірлігіне айрықша көңіл бөлген. Бұл жерде тек Түрік халқының өмір сүру жолдарын көрсетумен бірге мемлекет философиясын да жазып, айқындап кеткен. Түріктердің нанымы және құқық жүйелері баяндалған, әлеуметтік жағдайы және экономикалық іс-әрекеттердің ел үшін маңызды жақтары айтылған. Білге, Тоныкөк және Күлтегін жазбалары ешбір халықта кездеспейтін тарих, әдебиет, әлеумет, дін және құқықтық сипатын қамтиды» [3.18].

Түркі халқын жан-тәнімен сүйген Білге қаған – халқына шын берілген ұлы тұлға. Өзінің жасаған көп жорықтарында көптеген жерлерді бағындырып, Көктүрік мемлекетін күдіретті күшке айналдырып, халқын байлыққа жеткізгендігін былай тұжырымдаған: «Тәңірдің бұйрығы үшін халқымның көзінің көрмегені, құлағының естімегені үшін күннің шығысына, күннің батысына, күндізге, түнге

жеткіздім. Алтынның сарысын, күмістің ағын, жібектің тазасын, аттың айғырын, нәжістің қарасын, тиынның көгін түрік халқына енгіздім» [4. 8].

Білге қаған халқына сүйеніп, сеніп игілікті істерді атқарғанын түрік халқының батырлығын, оның өмірді бағалай білетінін және өзінің халқына шексіз сенетіндігін төмендегідей қысқа тұжырымдаған: «Ей, Түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей, сенің мемлекетінді, әдетінді кім жоя алады» [3.9], – деген. Бірлескен, ынтымақта жасаған түркі халқын жеңетін жер бетінде күш жоқ екенін баяндайды.

«Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады» деген ұлы сөзге жүгінсек, тартысқа толы сол бір арпалыс тұсында тұқым тұяғы құрып кетуге айналған ұлысының басын біріктіріп, елдікке жеткізген ерлердің бірі, түркі халқын өзге ұлттар мен ұлыстардың деңгейіне көтеріп мойындатқан – Бумын қаған. Ол:

Кедей халықты бай қылдым

Аз халықты көп қылдым [5], – деп тасқа мәңгі жаздырды.

Түркі халқының бақыты жолында күші мен білімін сарп еткен Тоныкөк:

Түнде ұйықтамадым

Күндіз отырмадым

Қызыл қанымды төктім,

Қара терімді ағыздым.

Күш-қуатымды аямадым [5], – дейді, яғни түркі халқы үшін «Түнде ұйықтамай», «Күндіз отырмай», «Қызыл қанымды төктім», «Қара терімді ағыздым», «Күш-қуатымды аямадым» деп түркі әлеміне мәңгі өшпес өсиет қалдырды.

Түркі халқының күші, олардың бірігуінде, ынтымағында екені айдан ақиқат, бұлжымас қағида. Ынтымағы бір болса, мемлекеттеріне, жерлеріне ие болатын болса, Түркі халқының мәңгілік еркін өмір сүретіндігі ғұламалар сөзінде ерекше айтылады.

Түркі әлемін бірлестіруге барлық күштерін, саналы еңбектерін жұмсаған ал-Бумын, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк бабаларымыздың ел бірлігін сақтауда жүргізген қажырлы істерін дамытуда Елбасының атқарып отырған еңбектері орасан. Ол – халқын сүйген ұлы тұлға. Елбасы: «Садаған кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойда қуат, ойда нәр, бәрін аянбай сарп етуге пейілмін» [4], – деп қаған өсиеттерін қуаттай түседі.

XXI ғасыр Әлем Түркілерінің бірлесу ғасыры болуы тиіс. Түріктер дербес мемлекет құрып, ұлттық экономикасын, мәдениетін дамытып, өзіндік бет-бейнесіне ие болды. Түркі халықтары тек интеграциялық қарым-қатынасы арқылы қайта жаңғырған мәселені шеше алады. Түркі тектес үлкенді-кішілі халықтар жан-жақты дамып, барған сайын бір-бірімен қарым-қатынастары нығая түсуі тиіс. Осы байланыстар саяси, экономикалық және мәдени, ғылыми бағыттарда іске асуы керек.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының нәтижесінде бұл жұмыстар нәтижелі жүзеге асуда. Елбасының көп ұлтты халқымыздың бірлігін сақтауда көп жұмыс атқарып жатқаны баршамызға мәлім. Соның ішінде Елбасы Түркі халықтарының бірлігіне айрықша көңіл бөлуде. Халықтардың бірлігін сақтау бабалар өсиетімен сабақтасып, сол өсиетті іске асыру – Түркі халықтарының қасиетті борыштарының бірі.

Елбасының «Тарих толқынында» (1999) кітабында «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам Ортаазиялық Одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну деңгейіміздің көтеріле түсетіндігі сөзсіз. Менің ойымша, мұндай ықпалдастық құрылымдарының есігі түркі халықтарына, тіпті түркі емес халықтарға да әрқашан айқара ашық болуға тиіс. Өйткені, өзгелерден іргені аулақ салу мәдени томаға-тұйықтыққа және тоқырауға ұрындырмай қоймайды» [б.121-122], – дейді. Елбасы әрбір мәдениет өркениеттердің бір-бірімен жанасып, ортақ тіл тауып араласуы арқасында ғана өзінің дербес тұтастығы мен ұқсастығына қайта қол жеткізе алатындығын, сондай-ақ көрші және Еуропа елдерімен мәдени, экономикалық байланыста қатар өмір сүргенде ғана толағай табысқа жететіндігін ескертеді. Елбасының бастамасымен «Еуразиялық Экономикалық Одақтың» құрылуы осының дәлелі.

Қазіргі түркі әлемі уақыт өткен сайын өзара тығыз бірлесе түсіп, өзінің мәдени мүмкіндіктерін танытуы тиіс [б. 119].

Елбасы ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдындағы борышын да ұмытпайды. «Біз өзіміздің бұған дейінгі дүниеден өткен ата-бабаларымызды, болашақта дүниеге келетін ұрпақтарымыздың алдындағы, адамгершілік-имандылық алдындағы борышымызды

жалпыға бірдей ортақ мәдениетінің өзара ұқсастығын сақтап қалып, соны саялағанда ғана адал өтей алатын боламыз» [5.120]. Бабалар өсиетін болашақ өркен жайып келе жатқан ұрпаққа уағыздау, үйрету, жеткізу – бүгінгі түркі халықтарының адамгершілік, парасаттылық борышы.

Тарих әрбір түркі халқы түркілердің мәдени әлеміндегі бөлінбейтін құрамдас саласы екенін барған сайын көз жеткізе дәлелдеп берді.

Тарих уақыт зымырап өткен сайын мәдени геоландшафттағы жасыл жазираны мекен еткен Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық, саяси рөлінің арта түсуі нәтижесінде оңды өзгерістерге жетіп дамуда.

Елбасының Түркі халықтарының болашағын ойлап, болжаған көреген саясатының нәтижесінде 1999 жылы шыққан «Тарих толқынында» атты кітабында Түркі халықтарының мәдени, экономикалық, саяси байланысы туралы жазған толғаныстары бүгінгі таңда іс жүзіне асуда. Атап айтқанда, ТүрікПА, ТЫМ-кеңесі, ТҮРКСОЙ, Түркі академиясы құрылымдарының және Түркі әлемінің мәдени байланысы, бірлігі мен дамуына байланысты басқа да атқарып жатқан жұмыстарды ерекше атауға болады. Түркі әлемінің бірігуі, Түркі әлемінің гүлденуіне ықпалы зор.

Қорыта айтқанда, Түркі әлемі өкілдерінің қазіргі ұлттық сана-сезімінің деңгейі бұл міндетті ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді. Әлем түркілерінің мәдени байланысы, бірлігі мен дамуы ХХІ ғасырда әлемдегі өркениеттің қарыштауына зор ықпалын тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шәлекенов В.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. –Алматы: Қазақ университеті, 2003, –289 б.
2. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. –Алматы: 1994, –500 б.
3. Білге қағанның өсиеті. –Түркістан, 2001, –250 б.
4. Назарбаев Н. Әділеттің ақ жолы. – Алматы: Қазақстан, 1991, –288 б.
5. Кіші Орхон Енисей. (Енисей) жазбалары «Бумын қағанның өсиеттері» /Аударма М.Жолдасбековтың «Асыл арналар» кітабындағы мәтіні бойынша берілді.
6. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1992, –296 б.

С.ӘБУШӘРІП

философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.МӘМБЕТОВ

филология ғылымдарының кандидаты

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІН НЫҒАЙТУ – ТАРИХИ ҚАЖЕТТІЛІК

В статье обосновывается историческая необходимость укрепления единства тюркских народов.

The article deals with the historical necessity of unity strengthening of Turkic peoples.

Тарих қатпарына үніле тереңдеген сайын осы халықтардың шаруашылығы мен тұрмысында, қоғамдық құрылысында, мәдениеті һәм өнерінде ғажайып ұқсастық, бір тектілік барын көреміз. Меладқа дейінгі 1 мыңжылдықты алайықшы. Апайтөс өлкені соғдылықтар, хорезмдіктер, сақтар массагеттер тәрізді туыстас түрлі үрім-ұлыстың мекендегені мәлім. Ал енді, қазіргі оңтүстік және батыс Қазақстанның көп уақыт бойы хвайриезм (немесе Хорезм – шуақты жер деген мағынаны білдіреді – С.Ә.) мемлекетінің құрамында болғанын біреу біліп, біреу білмес те. Ол елдің заманында тілі – бір, әліпбиі – ортақ еді.

Орта Азиядағы атақты келтеминар, табизабияқ мәдени үрдістерінің іздері қазақ жерінде де сайрап жатыр. Ал, андрон мәдениеті жөнінде тәптіштеп жатпай-ақ қояйын.

Зады, Түркістандықтардың түп негізінің бір екендігін дәлелдейтін мысалдар көп. Қазақ халқының зәузаты саналатын кейбір ру-тайпаның өзбектерде де, қарақалпақта да, башқұртта да кездесетінін еске алайықшы. Сол сияқты Қорқыт ата, Алпамыс батыр, Ер Төстік сияқты аңыз-ертегілерге елең етпейтін түркі халқы жоқ. Ежелгі мәдениет жауһарлары – Ж.Баласағұнның «Құтадғу білігін», М.Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түркін», А.Йассауидің «Диуан-и-хикметін», сондай-ақ, тарихи-шежірелік әдіпте жазылған Қ.Жалайыридің «Жамиғи-тарихи» және М.Хайдаридің «Тарих-и Рәшидиін» тегі түркіліктердің бәріне ортақ мирас дейміз.

Түркі халықтары сыртқы жауларға, атап айтқанда, біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда ахманилықтарға, одан соң грек-македон басқыншыларына тізе қоса қарсы шығып, тойтарыс бергені де тарихта қатталған...

Ел ішінде партиялардың көбейіп, қоғам өміріне батыл араласып жатқандығы саяси жаңғырулардың шарапаты, санамыздың сілкінісі шығар. Бірақ рухани, экономикалық тұтастық болмайынша біз азуын айға білеген қуатты елдермен ешқашан да терезе теңестіре алмаймыз. Өзіміздің «Азат», «Желтоқсан», Халықтық конгресс ұйымдарының жумхуриятымызды шынайы тәуелсіздікке жеткізіп, көші-қон, азаматтық туралы заң қабылдатуға деген құлшыныстары құптарлық. Біздің айтарымыз – есімізді енді жиып, егемендігімізді көсеп жатқан шақта тегі бір түркі халықтарының сол баяғыша сиырдың бүйрегінде бөлшектеніп қалуының опа таптырмайтындығы еді.

Өткен тарихтың бізге берер тағылымы мол. Жоңғар шапқыншыларының, Ресей отаршыларының тіміскі әрекеттерінің, «бөліп ал да билей бер» деген саясатының кесірінен бір кездері гүлге оранған Түркістан өлкесі соңғы жүзжылдықтарда күл бораған медиен мекенге айналғанын білеміз. Азғыруға еріп, айдап салуға көнгендігінен түркілер көне мәдениетінен, сән-салтанатынан айырылды, олардың рухы әлсіреп, қоғамдық-саяси даму қарқыны тоқырап қалды.

Талай ғасыр тар жол, тайғақ кешуді маңдайына жазған тағдырлар жұрттың Кеңес өкіметінің тұсында да көрген теперіші аз емес. Жалаң интернационалшылдық саясатының тақсіретін тартып, тілі мен ділін, Махатма Ганди айтпақшы, басты байлығы – халықтық рухын жоғалтып ала жаздады. Төскейде – малы, төсекте – басы қосылған ағайын жұрттың арасына әзәзіл кіріп, олардың өзара қарым-қатынасының, рухани, мәдени сабақтастығының тіні жіңішкеріп, үзіле бастаған еді.

Өткенге – салауат, келер күнге аманат етеріміз – отаршылдық езгінің тезі Орта Азия мен Қазақстан халықтарының табиғи туыстығын, бір-біріне риясыз ұмтылысын жоққа шығарып, бәрібір жойып жібере алмапты. Оған да шүкіршілік.

«Пантүрікшілдік», «панисламшылдық» деген қара бояу жағылып, қапасқа тығылса да, таң қараңғысында туар Үркердей қасиет дарыған ағаларымыз бізге бір сөнбес маздақ – арман-аңсар тұтатып кетіпті. Ол – Түркістан еді. Түркі халықтарының іргелі елге айналып, ұлт болып ұйысуы еді.

Ендігі мұратымыз – осы халықтардың зәуаттық туыстығын, рухани бірлігін уағыздап, жумхурияттардың арасындағы төте шаруашылық қатынастардың орнығуына атсалысу болмақ. Келешекте конфедерациялық (немесе федерациялық) негізде аталмыш аймақты

қамтитын біртұтас Түркістан мемлекеті құрылса игі. Ол үшін қазірден бастап бірегей әліпби, ортақ астана таңдау мәселесіне көңіл бөлуіміз керек. Осы этникалық ортаға ұйысу, табиғи түрде кірігу арқылы түбінде әлемдік өркениетке оң ықпалын тигізерлік ортақ саяси-мәдени бірлестік құру қажет-ақ.

Орталық Азия мемлекеттеріне кезінде КСРО құрамына кірген Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстан жатады. 4 млн шаршы километр аумақты алып жатқан бұл мемлекеттер – пайдалы кен қазбаларына бай өлке. Батыс пен Шығыс елдерінің қызығушылығын тудырып отырғандығы да анық. Бүгінгі күні Орталық Азия аймағы жаһандық нәм әлемдік саяси картадан өз орнын іздеуде. Аймақ тұрақтылығы мен үдемелі дамуының басты жолы – аймақтық ықпалдасуды Қазақстан сыртқы саясатында жаһандану қауіптеріне қарсы тұрудың ең тиімді тәсілі ретінде таңдап отыр. Бұл үдеріс су-энергетикалық қорларын және транзиттік-көліктік әлеуетін ұтымды пайдалану, аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру, лаңкестікке, діни экстремизмге және есірткі бизнесіне қарсы күресті біріге отырып шешуге мүмкіндік береді. Орталық Азиядағы ықпалдастық үдерісі 1994 жылы Орталық Азия Одағын құрудан басталды. Оның негізі Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан мемлекеттері арасындағы Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы (БЭК) жасалған келісімшартпен қаланды. Аймақтық ықпалдастықта 1997 жылы Бішкек қаласында қол қойылған Мәңгілік достық туралы келісімшарттың маңызы зор. Келісімшартта өзара қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен халықаралық аренада өзара қарым-қатынасты орнату мәселесі басты орынға қойылған [1, 354].

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасындағы әскери саладағы ынтымақтастық туралы Шарт та жасалынды.

Аймақтық өзара қарым-қатынастағы қарама-қайшылықтарға байланысты Орталық Азия ынтымақтастық жобасы бірнеше мәрте қайта қаралып, аймақтық құрылымдар жетілдірілді. Нәтижесінде, 1998 жылы Орталық Азия Одағы Орталық Азиядағы экономикалық қауымдастыққа айналды. 1996 жылдан Ресей, 1999 жылдың шілдесінен Грузия, Түркия және Украина бақылаушы мәртебесіне ие болды. Орталық Азиядағы экономикалық қауымдастыққа 1998 жылы Тәжікстан қосылды. Ал 2001 жылы Орталық Азиядағы экономикалық қауымдастық Орталық Азия ынтымақтастық ұйымына (ОАБҰ) айналды.

ОАЫҰ шеңберінде президенттер халықаралық су-энергетикалық консорциум және есірткіге қарсы коалиция құру туралы шешім қабылдады. 2004 жылы Душанбе қаласында өткен Орталық Азиядағы ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында ұйымға Ресей Федерациясы қосылды [1. 354-355].

Бұдан бұрын, яғни 2002 ж. Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының, Түрікменстанның және Өзбекстан Республикасының Президенттері елдің экономикаларын серпінді дамыту, халықтардың тұрмыс деңгейін көтеру, газ саласындағы өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту мен тереңдету үшін қолайлы жағдайлар туғызу мүдделерін басшылыққа ала отырып, бірлескен мәлімдеме жасады [2].

2005 жылы ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру туралы бастамасын аймақ басшылары оң қабылдады. 2005 жылы «Орталық Азия Ынтымақтастығы» ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының саммитінде бұл аталған ұйым Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа бірікті [1.355].

2007 жылы қазанда Түркия президенті А.Гүлдің Қазақстанға сапарында Н.Ә.Назарбаев түркі тілдес елдердің парламентаралық ассамблеясын құру туралы өз ұсынысын білдірді. Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымы 1,5 млрд долларды құрап отыр. 2008 жылы кездесуде екі ел басшылары 2010 жылға дейін осы көрсеткішті 5 млрд долларға жеткізуге уәделесті. Қазақстан нарығында түрік капиталының қатысуымен 1674 кәсіпорын жұмыс жасауда. Жалпы түрік инвестициясының көлемі 560 млн долларды құрайды. Қазақстандағы екі қазақ-түрік университеті мен 27 қазақ-түрік лицейі білім беру саласындағы ынтымақтастықтың көрінісі болып отыр.

Түркия сыртқы саясатты дамыту үдерісінде Қазақстанды Орталық Азиядағы ең сенімді саяси және экономикалық әріптес ретінде таниды. Сонымен бірге екі ел арасында мәдени ынтымақтастық та жақсы жолға қойылған. Мәселен, 1992 жылы көктемде Стамбул қаласында (Түркия) түркітілдес мемлекеттер мәдениет министрлерінің I кездесуінде – Түрксойдың негізі қаланды. Ұйымның негізгі мақсаты – түркі мәдениеті және өнерін зерттеу және оны әлемдік деңгейде насихаттау. Ұйымды құрушы мемлекеттер қатарында: Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Түркия және Өзбекстан республикалары бар.

Түрксой ұйымы шеңберінде түркі тілдес мемлекеттердің мәдениетін әлемге танытуда көптеген шаралар жүзеге асырылды. Қазақ жазушылары мен ақындарының танымал шығармалары түркі тілдеріне аударылды. Өнер күндері жыл сайын өткізілетін дәстүрге айналды. Түрксой ұйымының жетекшісі болып қазақ мәдениетінің жанашыры, қоғам қайраткері Д.Қасейінов сайланды [1, 359].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы (Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2010. –448 б.
2. Қазіргі Қазақстан тарихы. Хрестоматия. /Құрастырушылар: Т.С.Қаленова, А.Т.Серубаева, Ж.С.Абдраманов. Б.Ғ.Аяғанның ред. – Алматы: Раритет, 2010. –560 б.
3. Егемен Қазақстан. 2002. 2 наурыз.

ФИЛОСОФИЯ, ДІНТАНУ

А.БАЛТАБАЕВА

философия ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

Қ.МӘМБЕТОВ

филология ғылымдарының кандидаты
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ

В данной статье рассматриваются духовная культура, язык, религия и традиции тюркских народов.

This article deals with the spiritual culture, language, religion and traditions of the Turkic peoples

Түркі халықтарының фольклоры, тарихы мен мәдениеті, тілі, діні, салт-дәстүрлері мен ортақ құндылықтары, тәуелсіздігін алған түркі халықтарының бірігуі, жаңа даму жолына түсуіне рухани мәдениетінің ықпалы орасан зор.

Түркілер дүние жүзінің төрт бұрышына тараған, ескі тарихы, мәдениеті, әдебиеті дамыған Ұлы халықтар болып есептеледі. Кеңес Одағының кеңістігінде түркі халықтары саны жағынан славяндардан кейінгі екінші орында тұрса да, олардың тілдері өз дәрежесінде ұлтаралық қарым-қатынас құралының функциясын атқара алмады [1]. Түркі халықтары салт-дәстүрі, мәдениеті, діні, ділі, әдет-ғұрыптарынан, рухани құндылықтарынан айырылудың аз ғана алдында тұрды.

Кеңес Одағы ыдырап, егемендікке, тәуелсіздікке қолы жеткен түркі тілдес халықтардың экономикалық, тарихи, мәдени байланыстары өз жалғасын тауып, одан әрі дами түсуге бағыт алды.

ҚР президенті Н.А.Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабында: «Ұлы дала ерекше рух пен дүниетанымды қалыптастырды. Түркі рухының серпінді қажыр-қайратының түп-тамыры да осында жатыр. Мұның айқын көрінісін эпостық жырлардан, арғы ата-бабаларымыздың ұлан-байтақ дала төсіндегі көшіп-қонып жүрген бүкіл тіршілік-тынысынан, түйсік арқылы жұғысты болып отыратын салт-сана жиынтығынан аңғарамыз.

Түркі әлемінің эпостары – қазіргі түркі тектес халықтардың тарихы мен мәдениетінің біртұтас екендігін терең түсініп, жете сезіну үшін теңдесі жоқ құнды қазыналар. ...Эпостар олардың даму тарихындағы

небір қиын-қыстау кезеңдерде халқымен бірге жасасып, бірге сақталып келуі. Түркі әлемінің мұрагер ұрпақтары бір-бірімен өздерінің ерік-жігерінен тыс қол үзіп, көз жазып қалған тар замандардың өзінде де эпос түркі халықтарының басын біріктіруге қызмет етті» - дейді [2].

Тоталитарлық қатал заманның өзінде де түркілер өздерінің жалпы тарихи сана-сезім естелігін, рухани бірлігі мен жалпы мәдени тұрғыдан алғандағы ұқсастығын сақтап қала білді. Яғни, түркі әлемінің рухани, мәдени қатынастары ғасырлардан ғасырларға жетіп, өзінің құндылығын арттыра түсті. Елбасының «эпос – түркі халықтарының басын біріктіруге қызмет етті» деген пікірі, бүгінгі тәуелсіздігін алған түркі халықтарының бірігуі мен дамуына қызмет ететіні даусыз. Елбасының бүгінгі таңда «түркі әлемін біріктірудегі» қағидаттарымен де сай келеді. Түркі әлемінің ерте дәуірден дамып келе жатқан рухани дүниелерінің тәуелсіздігін алған түркі халықтарының дамуына ықпалы зор.

Көшпенділердің сана-сезімі мен ақыл-парасаты өздері жаулап алған ғажайып өлке атаулының барлығындағы рухани қазыналарды толық қамтып игере білді. Мұны көшпелі халықтардың эпостары мен аңыздарының мазмұнынан анық аңғаруға болады. Олардың фольклорлық әлемінің географиялық шекаралары орасан зор. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырын терең зерттеген В.М.Жирмунский өзінің «Эпическое сказание об Алпамыше» и «Одиссея» Гомера» (Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. М., 1979) деген еңбегінде осы екі жырды сюжет жағынан ұқсас депті [3]. Бұл дәлел түркі әлемінің географиялық шекараларының орасан зор болғанын айғақтай түседі.

Түркі халықтарының рухани бай мұралары көзі ашық, көңілі ояу ақындардың, шешендердің, ойшылдардың игілігіне айналды.

Немістің ұлы ақыны Гете Шығыс поэзиясына ден беріп: «Шығыста жеті ұлы ақын бар. Солардың ең төмені менен анағұрлым артығырақ» [1], – деген болатын. Ал ұлы Абай сол Гете айтқан жеті ақынды атап-атап көрсетеді.

Физули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һөммәси
Мәдәт бер я шағири фәрияд [4].

Осыны ойлағанда, дүниенің қайсы бұрышында жасауына қарамастан озық ойлы адамдардың бірін-бірі түсінетіндігінде, асылды

асыра бағалай білетіндігіне таң қалмау мүмкін емес.

Шығыс әдебиеті мен мәдениетінің озық үлгілерін сіңірген Орта Азия мен Қазақстандай түркі тілдес халықтар тілдерінің ашылмаған сыры, айтылмаған ойы толып жатыр. Асан қайғы:

Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас, жел толқытса шығады,
Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады [4],

деп дөп басады.

Түркі мақал-мәтелдері көне тарихтың куәсі ретінде түркі сөздік қорының құнарлы, нәрлі, шұрайлы, сымбатты, сұлу, маржан-меруерттерін сақтап келген тіліміздің мол қазынасы болып есептеледі. Ол ойымызды тереңдетіп, тілімізді байытумен келеді.

Түркі әлемінің рухани құндылығы, олар адамға терең ой салып, ғибрат береді. Халық ауыз әдебиеті адам тәрбиесі, қоғам мәселелерінен шет жырланған емес. Оның басты айтар ойы – халықты, адам баласын сүйе біл, еңбек пен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дұшпанға берік бол, жас та болсаң елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен де, өрге, өнерге ұмтыл дейтін ғибрат.

Елбасының сөзімен сабақтай түссек: «Халықтың ауыз әдебиетінде, әсіресе, адамның имандылық мінез-құлық жүйесіндегі ізденістеріне ерекше көп көңіл бөлінген... адамның өзге біреулермен қарым-қатынасы, өмір мен өлім... адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ер жетуі, тіршілік етуі, қартаюы, жасы үлкендер мен кішілердің бір-бірімен қарым-қатынасы, ата-ана мен балалар арасындағы сыйластық, ақсақалдар мен жалпы жасы үлкендерге құрмет көрсету, өз руластарына қамқорлық жасап отыру сияқты қасиеттер тән болды» [2]. Мұның бәрі адам, әсіресе жас ұрпақ тәрбиесі үшін аса қажет болған.

Түркілер әлемінің тап ортасында адам тұрды, олар ең алдымен адамды құрмет тұтты. Адамдар әлемі адамзат – түркі рухының қасиетті жиынтығы. Орхон-Енисей жазбасында: «Жоғарыда зеңгір көк, төменде қара жер жаралғанда, олардың екеуінің арасында адам баласы пайда болды» [2].

Сонымен, түркілер адамзат әлемінің ұстын тірегі деп Адамды таныды. Тап сол адамның өмірі, құштарлыққа арман-мақсатқа, іс-әрекетке және түрлі оқиғаларға толы, жеке адамның өмірі мемлекеттің, қоғамның өмірімен етене тұтастықта қарастырылды. Сондықтан да тарихты нақты адамның өмірімен салыстыра отырып

түсінді [2].

Жыраулыққа, аңыз айтуға бейімі бар ақыл-парасаты мол адам халықтың рухани ақыл-ой қазынасын сақтаушы ақын болған.

Түркі тектес халықтарға ортақ мұра – «Қорқыт ата» эпосы. Қорқыт VIII ғасырда жасаған мәшһүр ақын, асқан күйші, ойшыл, данышпан адам болған. Қорқыт бабамыздың артында қалған мол асыл қазыналары «Қорқыт ата кітабында» жарияланған. Мысалы: «Тәкаппарлықты тәңір сүймес», «Ананың халқы – құдайдың хақы», «Әдепті сөйле де – тыныш отыр», «Дәулетті ұл – ошақтың қоры (байлық көзі), Дәулетсіз ұл – атаның көрі», «Қаратаудың басындай байлық жиса да, Бұйырғаннан артық ешкім ештеңе алмайды». Қорқыт бабамыздың артына қалдырған қай өнеге, тәлім-тәрбие – көпшілігі мақал-мәтелге айналып кеткен. Тақырыптары да сан түрлі, өмірдің барлық саласын қамтып жатады, оқыған кісіге ой салады [2].

Ата-бабалар армандап кеткен тәуелсіздікке қол жеткізген ХХІ ғасыр адамдары өз өмірлерінде Қорқыт ата айтып кеткен насихат сөздеріне құлақ түріп бойларына сіңірсе, алатын асулары да орасан болады.

Түркі халықтарының ертеден келе жатқан рухани эпостық жырлары «Қорқыт ата», Қыпшақ сөздігі «Кодекс куманикус» (IX ғ.), «Оғуз наме» (IX ғ.), Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігін зерттеген ғалымдар, солардың бәрін түркі тектес халықтарға ортақ мұра ретінде қарайды. Белгілі түрколог Э.Н.Наджип: «Түркі тектес халықтардың ертеректе жазба өркениетін қалыптастыруда бүгінгі татар, башқұрт, өзбек, қазақ, түркімен, әзірбайжан халықтарының ата-тегі бірі аз, кейбіреулері көп дәрежеде ат салысқан. Сондықтан аталған халықтар ертеректе жасалған әдеби ескерткіштердің заңды мұрагерлері болып есептеледі» [5], – деп жазған.

Көне түркі өлеңдерін мұқият зерттеп жүрген түрколог И.В.Стеблева: «Көне түркі поэмалар – түркі халықтар әдебиеті дамуының тарихын айқын көрсететін ерекше құбылыс...» [5], – дейді.

XX ғасырдағы қазақтың біртуар ақындарының бірі – Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты шығармасында:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой [6]

деп ақын жырлағандай Қожа Ахмед Иассауи Бұхарада Юсуф Хамаданидан діни білім алғаннан кейін, Түркістанға келіп, сол кезде

кең тараған софьлық, діни идеялардың насихатшысы болды.

Елбасы: «Қожа Ахмед Иассауи Орталық Азиядағы, оның ішінде Қазақстанда да барлық түркі халықтарына ұлттық рухани ілім жүйесін өрнектеп берді.

Түркі халықтарына исламды тарату ісінің басы ғана емес, сонымен бірге Тәңірге табынушылық пен ислам мәдениеттерінің өзара ықпал ету үрдісі де Қожа Ахмед Иассауи есімімен байланысты» [6], – деп жазды.

Қожа Ахмед Иассауидің «Диуани хикмет» («Даналық сөздері») түркі халықтарының тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, этнографиясын зерттеуде маңызы аса зор. «Диуани хикметте» негізінен, еңбек, ауызбірлік, сыйластық, ананы, ұстазды сыйлау, жетім-жесірлерге жәрдем беру сияқты асыл қасиеттер уағыздалады. «Диуани хикметте»:

Ишарат еттім, дана болса мағына алсын,
Сөз өнерін өрнектедім нақыл қалсын.
Дүр гауһар лебізді есіне алсын,
Халымды айтып ғашықтарға берді, міне! [7]

деп аталы сөзді құрметтейді.

Қожа Ахмед Иассауидің «Диуани Хикмет» кітабын оқығанда, ғұлама ақын «заманның бар шындығын ашып айтқан, әділдік пен адамгершілік мұраттарын аңсаған және уағыздаған, халықты имандылық пен қайырымдылыққа шақырған. Ақиқат жолын іздеген және оны таба да білген данагөй, бөтуәлі, батагөй ақын. Оның негізгі шығармасы – «Хикметтер» жинағы. Бұл – әлемдік рухани қазынаға қосылған қымбат мұра» [1].

«Диуани хикметте»:

Хикметтерім айтылар адал пенделерге,
Ақиқаттың жолын іздеп шөлдегенге.
Әділет күші Шындықта, Адалдықта
Жол бермес қулық пенен аярлыққа...
...Білімнен бейхабарлар білмейді Алланы да,
Пірден безген биәдеп мұның бір айғағы да.
Хикметімді білімділер қолына алсын,
Мақсаттары ойға алған орындасын [7].

«Диуани хикмет» адамдарды адалдықтың, шындықтың, ақиқаттың жолын іздеуге және оны табуға шақырады. «Ақиқаттың жолын іздеп шөлдегендер» оқып сенім білдірсе, алға қойған мақсаттарына

жететініне нық сенім білдіреді.

Жоғарыда аталған еңбектер – түркі халықтарының ортақ мұрасы. Аталған еңбектер түркі халықтарының тілін, әдебиетін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін қалыптастыруда бағалы дүниелер екені сөзсіз.

Қорыта айтқанда, түркілердің мәдени мұралары, тәуелсіз еліміздің бірлігі мен дамуына қызмет ететін құнды асыл рухани қазыналар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Нұрмаханов А.* Түркі фразеологиясы. 1-кітап. -Алматы: Ғылым, 1998. –272 б.
2. *Назарбаев Н.* Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. –296 б.
3. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ фольклорының тарихы (Құрастырып, алғы сөзін жазған Т.Қоңыратбаев). –Алматы: Ана тілі, 1991. –288 б.
4. *Бес ғасыр жырлайды.* 2-том, А., 1989. -275 б.
5. *Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы /Құрастырушылар Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдықов.* –Алматы: Мектеп, 1967. – 204 б.
6. *Жұмбаев М.* Шығармалары. -Алматы, 1989. -173–176-бб.
7. *Қожа Ахмед Иассауи.* Хикметтер (Аударған және түсініктерін жазған – Ө.Жәмішұлы (Абраһмат Жамалиддин). -А., 1995. -6-б.

Е.О.АЛПЫСБАЕВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ИМАМ ӘБУ ХАНИФАНЫҢ ХАДИС ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ

В статье рассматриваются роль и место основателя ханафитского мазхаба имама Абу Ханифа в науке хадисов.

This article deals with the role and place of the Abu Hanifa, founder of the Hanafi madhab in the Hadith science.

Әбу Ханифаның хадис үйренуге маңыз беруі

Имам Ағзам Әбу Ханифа – Ислам әлеміндегі әйгілі төрт мазхабтың бірі – Ханафи мазхабының негізін салушы ғалым. Ол хижри 80 жылы Куфа қаласында дүниеге келген. Шын аты – Нұғман ибн Сәбит. Алайда, ол халық арасында «Әбу Ханифа» лақабымен танымал болған. Әбу Ханифа жас кезінде саудамен айналыса жүріп, Құран Кәрімді толық жаттаған әрі араб тілінің грамматикасы мен араб әдебиетін меңгерген. Ирак жеріндегі беделді ғұламалардан хадис тындап, фикх мәселелерін үйренген. Ол өзінің зеректігімен, ақыл-ойының ұшқырлығымен, парасаттылығы және адамгершілігімен танылған. Оның ғылым жолына түсуіне әйгілі ғалым Шағби ықпал еткен. Әбу Ханифа 18 жыл бойы Ирак жерінің атақты ғалымы Хаммад ибн Әбу Сүлейменге шәкірт болып, оның дәрістеріне қатысқан.

Деректерге көз жүгірту арқылы, Имам Әбу Ханифаның хадис үйренуге өте қатты көңіл бөлгенін көреміз. Ғалым Зәһәби «Сияру Ағламин-Нубәлә» атты еңбегінде Әбу Ханифаның хадис үйренуге ықыласпен мән бергенін және сол мақсатта бірнеше рет сапарға шыққандығын жазады. Ол аталмыш еңбегінде Имамның h.100 жылдан бастап бұл мәселеге қатты көңіл бөлгенін айтып өтеді [1.5/392]. Әбу Ханифа қасиетті Мекке қаласына сапар шегіп, сол жердің әйгілі ғұламасы Ата ибн Әбу Рабах және Нафиғтан хадис үйренген. Сондай-ақ ол Куфаға келген ғалымдардан да хадис тындап, оларды пайдаланып қалуға тырысқан. Надр ибн Мұхаммад әл-Қурайши әл-Марузидің айтуы бойынша Яхия ибн Сағид әл-Ансари, Хишам ибн Уруа және Сағид ибн Аби Аруба сынды ғалымдар Куфаға келгенде Әбу Ханифа: «Мына келген кісілерде біз тындайтын хадис табылып қалар, барып көріңдер» деп шәкірттерін хадис үйренуге үгіттеген [2. 328].

Имамның өзінен жасы кіші ғалымдардан арланбай хадис үйренуі оның хадис үйренуге өте қатты көңіл бөлгенін көрсетеді. Ашһаб ибн

Абдулазиз Әбу Ханифаның имам Маликтің алдында құдды әкесінің алдында тұрған баладай аса құрметпен тұрғанын көргенін жеткізеді [3. 47]. Міне бұл оның ілім мен ғалымдарға көрсеткен ізет-құрметіне және хадис үйренуге деген зор ықыласына айғақ болады. Ғалымның өзінен он үш жас кіші имам Маликтің алдында бұлай әдеп көрсетуін Пайғамбар (с.а.у.) хадисін құрметтеуі деп те түсіну керек.

Сол сияқты Имам Малик те Әбу Ханифаны құрмет етуден шет қалмаған. Оның мешітке дейін имам Әбу Ханифаның қолынан ұстап барғаны, мешіттің есігіне келгенде Әбу Ханифаға жол беріп, құрмет көрсеткені деректерде өтеді [2.328]. Бұлардан біз ғалымдардың бір-біріне деген құрметінің аса зор болғанын аңғарамыз.

Имам Шафиғидің айтуы бойынша, имам Малик өзінен «Әбу Ханифаны көрдің бе?» деп сұраған кісіге: «Иә, оны көрдім. Ол мына бағананы алтын десе, алтын екенін дәлелдеп шығатын адам еді» деп жауап берген [2.328]. Имам Маликтің бұлай жауап беруі Әбу Ханифаның оның назарында үлкен ғалым болғанын көрсетеді.

Әбу Ханифа өз заманының ең білгір ғалымы

Хафыз әс-Самғани «әл-Әнсаб» атты еңбегінде Әбу Ханифа жайлы былай дейді: «Әбу Ханифа өмірін ілім жолына арнады. Сол жолда өзгелер бағындыра алмаған биіктерді бағындырды. Ол Аббаси халифасы Мансұрдың алдына кіргенде, Иса ибн Муса Мансұрға оны мензеп: «Мынау осы күнгі жер жүзінің ең үлкен ғалымы» дейді» [3.15].

Хафыз әл-Миззи «Тәһзибуль-Кәмәл» атты еңбегінде Мәкки ибн Ибраһимнің Әбу Ханифа туралы: «Әбу Ханифа өз заманының ең білгір ғалымы еді» деген сөзін келтіреді [4. 10/451].

Қазылардың қазысы Әбу Юсуф: «Хадистің тәпсірін Әбу Ханифадан жақсы білетін ғалым көрмедім» дей келе, Язид ибн һарунның: «Мыңға жуық ғалыммен жолығып, олардың көбінен ілім жаздым. Солардың ішінде бесеуінен асқан фақиһ, бесеуінен асқан тақуа, бесеуінен асқан ғалым кісі көрмедім. Солардың алғашқысы Әбу Ханифа» деген сөзін риуаят етеді [3.15].

Хатиб Бағдади Ахмад ибн Мұхаммад әл-Бәлхиден Шәддәд ибн әл-Хақимнің: «Әбу Ханифадан асқан білгір ғалым көрмедім» деген сөзін жеткізеді [3.15].

Абдулла ибн Мубарак Хасан ибн Амараның Әбу Ханифаның тізелерінен ұстап тұрып: «Алланың атымен ант етейін, фиқһты сенен артық білетін және сенен артық қысқа да нұсқа жауап қайыратын ғалымды көрмедім. Талассыз сен фақиһтардың мырзасысың. Сен

туралы айтылған қауесеттердің барлығы көреалмаушылықтан айтылған сөздер» деп айтып тұрғанын көрдім дейді [3.15-16].

Хатиб Багдади Мұхаммед ибн Сағд әл-Катибтен Абдулла ибн Дауыт әл-Хурайбидің: «Намазда Әбу Ханифаға дұға ету әрбір мұсылманның борышы. Себебі, ол сүннет пен фикһті меңгеріп, оларға түсіндірді» деген сөзін жеткізеді. Мұны имам Суюти де «Табюдус-Сахифа» атты еңбегінде айтып өтеді [3.16].

Имам Әбу Жағфар әш-Шайзамари Ибраһим ибн Икрима әл-Махзумидің: «Әбу Ханифадан асқан тақуа, одан асқан білгір ғалым көрмедім дегенін жеткізеді [3.16].

Абдулла ибн Мубарак былай дейді: «Куфа халқынан: «Ең білгір ғалымдарың кім?» деп сұрадым. Барлығы жаппай: «Әбу Ханифа» деп жауап берді [2. 310].

Раух ибн Убада былай дейді: «h.150-ші жылы Ибн әл-Жаррахтың қасында тұрғанымда Әбу Ханифаның өлім хабары келді. Сонда ол Әбу Ханифаға Алладан рақым тілеп, «ілім кетті десеңші» деп күрсінді» [3. 17].

Міне бұлар - Әбу Ханифаның көзін көрген, онымен замандас болған мәшһүр ғалымдардың оның ілімі туралы айтқан сөздері. Олар ғалымның өз заманының ең білгір ғалымы болғанын мойындаған әрі осындай ыстық лебізді сөздерімен куәлік еткен.

Әбу Ханифа өмір сүрген кезеңде ілім дегенде ойға тек Құран мен хадис ілімі ғана оралатын. Себебі, ол кезеңде Ислам ілімдері бүгінгідей әр түрлі салаларға әлі бөлінбеген-тұғын. Хафыз әз-Зәһәбидің: «Логика, Жәдәл сынды ілімдер сахаба мен табиғиннің, Аузағи, Сәури, Мәлик және Әбу Ханифаның үйренген ілімдері болмаған. Олардың ілімдері Құран мен хадис ілімдері болған» деген сөзі осының айғағы [5. 1/192]. Сол уақытта Құран мен хадисті ең жақсы білген ғалым ең білгір ғалым болып табылды. Олай болса, замандастарының Имам жайлы жоғарыда келтірілген «ең білгір ғалым» деген сөздерін «Құран мен хадисті ең жақсы білген ғалым» ретінде түсінген дұрысырақ болады. Осыған байланысты, Әбу Ханифаны хадис ілімін терең меңгерген үлкен ғалымдардың бірі деп айту артық айтқандық емес.

Хадисші ғалымдардың дәріптеуі

Мәкки ибн Ибраһим, Язид ибн Нарун және Абдулла ибн Мубарак сынды мәшһүр хадисші ғалымдардың Әбу Ханифаны өз заманының ең білгір ғалымы деп айтқан сөздерін жоғарыда келтірдік. Бұған қоса Әбу Ханифаның фикһ ілімінде имам, мұжтаһид ғалым екендігі хақында

ғалымдар арасында ижма бар [3. 19]. Мысалы, әйгілі ғалым Суфиян әс-Сәури оны «Жер бетінің ең үлкен фақиһы» деп мақтаған. Абдулла ибн Мубарак болса: «Алла тағала маған Әбу Ханифа мен Суфиян арқылы жәрдем бермегенде өзге адамдардан еш айырмашылығым болмас еді» дейді [2. 311].

Надр ибн Шумайл: «Адамдар Әбу Ханифа оятқанға дейін фикһ ілімінде ұйқыда болды» дейді [3.20].

Үлкен хадисші ғалым Яхия ибн Сағид әл-Қаттан: «Әбу Ханифаның пікірінен (рай) жақсы пікір естімедік. Шыны керек, оның көптеген пәтуасымен амал етеміз» дейді [2. 312].

Имам Шафиғи: «Адамдар фикһ ілімінде Әбу Ханифаға мұқтаж» десе, әйгілі хадисші Әбу Дауыт: «Алла тағала Әбу Ханифаға рақым етсін. Ол нағыз имам еді» деген [3. 21].

Фикһ ілімінде Пайғамбардың (с.а.у.) хадистерін, сахабалар мен табиғиндердің пәтуалары мен кереғар көзқарастарын (ихтилаф), насих және мәнсух аяттар мен хадистерді білместен пәтуа беру немесе ижтиһад ету әсте мүмкін еместігі мәлім. Бұл жайлы Имам Мұхаммед ибн Хасан: «Құран мен сүннетті, сахабалардың пәтуаларын және фақиһ ғұламалардың ижтиһадтарын білген кісі ғана туындаған мәселелерде ижтиһад ете алады» дейді [3. 22].

Олай болса, хадисші ғалымдар Әбу Ханифаны «ең үлкен фақиһ», «имам» әрі «мұжтаһид ғалым» сынды жағымды сипаттармен дәріптей отырып, оның хадистерді жоғары дәрежеде меңгерген «хафыз»^{*} екенін де мойындаған болып табылады. Себебі, аз ғана хадис білетін кісінің имам, мұжтаһид ғалым болуы әсте мүмкін емес.

Хадис ілімінде хафыз аталуы

Хафыз ғалымдар туралы жазылған табақат кітаптарында Әбу Ханифаның есімі тыс қалмаған. Солардың бірі - хафыз әз-Зәһәбидің «Тәзкиратуль-Хуффаз» атты еңбегі. Хафыз әз-Зәһәби аталмыш еңбегінде Әбу Ханифаны хафыз ғалымдармен бірге атап өтіп, оған мақтаулар айтқан. Ол кітаптың кіріспесінде былай дейді: «Бұл еңбек Пайғамбар (с.а.у.) ілімін арқалаған әділ, сондай-ақ, рауилердің сенімді немесе әлсіз және хадистердің сахих немесе әлсіз қабыл етілуінде сөздеріне құлақ асылатын ғалымдарға тоқталып өтеді».

Сонымен қатар, ғалым Мақдиси де Әбу Ханифаны өзінің еңбегінде атап өткен. Ол өзінің еңбегін кітабының бас жағында былай деп

^{*} Хадис ілімінде рауиларымен бірге жүз мың хадис білетін ғалым.

таныстырады: «Бұл - хадис ілімімен шұғылданып жүрген ілім адамының білуі тиіс кейбір хафыз сахаба, табиғин және әтбағут-табиғиндердің өмірбаяны қамтылған ықшамды (мұхтасар) еңбек». Атламыш кітаптың кішігірім еңбек болғанына қарамастан Әбу Ханифаның өмірбаянына тоқталып өтуі Имамның танылуы маңызды хафыздардың бірі екендігін аңғартады.

Хафыз шайхуль-Ислам әс-Салихи әш-Шафиғи «Уқудуль-Жуман фи Мәнақибиль-Имамиль-Ағзам Әби Ханифа ән-Нұғман» атты еңбегінің 23-ші бөлімінде Әбу Ханифаның көп хадис білгендігі және хафыз хадисшілердің алды болғандығы жайында тоқталады. Ол кітабында былай дейді: «Әбу Ханифа алдыңғы қатарлы хафыз хадисшілерден. Хафыз әрі сыншы (мунаққид) Әбу Абдулла әз-Зәһәбидің «әл-Мумтиғ» және «Табақатуль-Хуффазил-Мухаддисин» атты еңбектерінде оны хафыздардың арасында атап өтуі өте орынды болған. Әбу Ханифа хадистерге қатты көңіл бөлмегенде фикһи мәселелерде мұншалықты үкім шығара алмас еді. Күмәнсіз ол дәлелдерден үкім шығарған алғашқы ғалым» [7.319].

Әл-Ажлуни былай дейді: «Табиғиннан саналатын Әбу Ханифа - талассыз мұжтаһид ғалымдардың имамы. Ғалымдардың ортақ пікірі бойынша, ол ижтиһад есігін алғаш ашқан ғалым. Әбу Ханифаның фикһ ілімін зерттеген кісі оның аса білгір, Құран мен сүннетті өте жақсы меңгерген ғалым екендігіне көз жеткізеді. Себебі дін мәселелері Құран мен сүннеттен алынады. Усул және хадис ілімдерінің ғалымдары Әбу Ханифаның сахих хадисті қиястан жоғары қойғандығына ижма қылған. Иә, ол өзге имамдар сияқты көп хадис риуаят етпеген. Дегенмен, имам, мұжтаһид болудың шарттары ішінде көп хадис риуаят ету шарты жоқ. Өйткені, ижтиһад ету хадистерді басқаларға жеткізумен емес, сүннеттерді біліп, оларды меңгерумен мүмкін болады. Мысалы, хз.Әбу Бәкір әс-Сыддық күмәнсіз сахабалардың ең үлкен имамы, ең білгір фақиһы. Соған қарамастан ол дәрежесі өзінен төмен өзге сахабалардан аз хадис риуаят еткен» [6. 27].

Демек, аз хадис риуаят ету аз хадис біледі деген сөз емес. Олай болса, Әбу Ханифаның басқа хадисші ғалымдарға қарағанда аз хадис риуаят етуі оның көп хадис білмеуінен деген үстірт шешім қабылдау қателік болып табылады.

Жарх және тағдил іліміндегі орны

Хз.Пайғамбардың (с.а.у.) көзі тірісінде де, дүниеден өткеннен кейін де сахабалар бір-бірінен хадис риуаят етуде күмәнданбаған. Сол

секілді табиғин буынының өкілдері де сахабалардан естіген хадистерді шүбәсіз қабылдаған. Өйткені олар сахабалар жеткізген хз. Пайғамбар (с.а.у.) сөздерінің қандай да бір бұрмалау мен жалғаннан ада екендігіне кәміл сенген. Алайда, халифа Осман ибн Афғанның өлімінен кейін бірінен соң бірі орын алған саяси оқиғалар мұсылмандардың тыныштығын бұзып қана қоймай, хадис жеткізушілер арасында сенімсіздік тудырды. Себебі, бұрын-соңды естілмеген сөздер хадис ретінде адамдар арасында кеңінен тарай бастады. Діннің екінші қайнар көзі – хадистерге төнген қауіпті дер кезінде сезе білген дін жанашырлары (хадистанушылар) әрбір хадис жеткізушіні мұқият зерттеуге көшеді. Осының нәтижесінде хадис жеткізуші тұлғалардың сенімділігін анықтайтын хадис ілімінің жаңа бір саласы – «жархтағдил*» ілімі пайда болды [8.147].

Деректерге көз жүгірте отырып, Имам Әбу Ханифаның жархтағдил ілімінде сөзі қабыл етілетін ғалымдардан болғанын көреміз. Бұл саланың ғалымдары рауилердің сенімділік мәселесіне қатысты өз сөздерін қуаттап, дәлелдеу үшін еңбектерінде оның пікірлеріне де орын берген.

«Әл-Жауаһируль-Мудийя» кітабының авторы Әбу Ханифаның жархтағдил іліміндегі орны жайлы былай дейді: «Имам Әбу Ханифа жархтағдил мәселесінде сөзі қабыл етілетін ғалымдардың бірі. Аталмыш ілімнің мамандары жархтағдилге қатысты имам Ахмад, Бұхари, Ибн Мағин, Ибн әл-Мәдини сынды ұста ғалымдармен қатар имам Әбу Ханифаның да пікірлеріне құлақ салып, оның сөзімен амал еткен. Міне бұл Имамның жархтағдил саласында үлкен ғалым болғанын көрсетеді»[9.65].

Тирмизи «әл-Иләлус-Сағир» атты еңбегінде Әбу Ханифаның: «Жабир әл-Жуғфидан асқан өтірікші, Атадан асқан абзал жан көрмедім» деген сөзін келтіреді [2. 331].

Байһақи «әл-Мадхал» атты еңбегінде былай дейді: «Әбу Сағд әс-Санғани Әбу Ханифаға келіп: «Уа Әбу Ханифа, Сауриден хадис алуға қалай қарайсың?» деп сұрайды. Әбу Ханифа оған: «Оның хадистерін жаз. Өйткені, ол сенімді адам. Бірақ, Әбу Исхақтың Харистен жеткізген хадистерін және Жәбир әл-Жуғфидің хадисін жазба!» дейді» [2, 332]. Әбу Ханифадан Саури және оның замандастарының сұралыуы

Сондықтан да, осынау өмірлік маңызы зор күрделі мәселені жүзеге асыруда ғалымдардың еңбегінің алар орны ерекше. Өйткені, этно-саяси қайшылықтарды зерттеу теориясы да, тәжірибесі де әлі де тереңдете түсуді қажет етеді. Рас, бүгінгі таңда республикамызда этникалық қайшылықтардың алдын алуға байланысты мол тәжірибе жинақталған. Этникалық тұрғыдан әртүрлі құрамдағы елімізге бұл бағытта терең жұмыс қажеттігін дәуірдің өзі талап етіп отыр. Еліміздің ұлттық саясаты да мемлекеттің осындай ерекшелігін ескере отырып, дамытылуда. Қазіргі кезеңде Қазақстандағы этносаралық қатынастарды дамыту саясаты, этносаралық өзара қатынас жолдарын іздеу, ұлттық мәселелерді әділ шешудің тұғыры болып есептелетін қоғамдық тұрақтылықты сақтау, заңның үстемдігі, мемлекет тәуелсіздігін нығайту және белсенді интеграциялық саясатты жүзеге асыру принциптеріне сүйене отырып жүргізілуде. Бұл орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев былай деп атап өтеді: «Қазақстанның көпұлтты халқы қиын тарихи сынаққа шыдады. Тәуелсіз даму кезінде біздің елімізде ұлттық, діни негіздегі бірде бір қайшылықтар орын алған жоқ. Алдағы уақытта да зайырлы, демократиялық мемлекетімізді сақтап және нығайта түсу үшін біз осыны естен шығармауымыз керек. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірігуі – бұл саясаттың негізі» [4].

Этносаралық мәселелерді шешудегі қазақстандық тәжірибе әлемдік қауымдастық тарапынан да жоғары бағаланып отыр. Біздің

еліміздегі ұлттық саясат әділ де шыншыл. Егемен елде әрбір этникалық топтың ұлттық тілдерінің кедергісіз дамуы конституциямен қорғалады. Яғни, әрбір тілдің теңдігін қамтамасыз етудің конституциялық негіздері бойынша Қазақстан Республикасында шынайы қостілділік (қазақ және орыс тілдерінің шынайы теңдігі) ғана емес, сонымен қатар, әрбір ұлт өкілінің өз тілінде сөйлесе алуы, олардың өз балаларын өздеріне қажетті тілде оқыта алуына кең мүмкіндіктер берілген. Әрбір ұлт пен ұлыстың мәдени орталықтары жұмыс істейді. Бүгінгі таңда республикамыздағы түрлі диаспора өкілдерімен бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс жасауда. Әрбір ұлт өкілі өз тілімен қоса, балалар әдебиетін, өлкетануды, өз халқының тарихы мен әлемдік діндерді оқиды. Қазақстан Республикасының әрбір азаматына тілін таңдау еркіндігі берілген. Қазақ тіліне мемлекеттік тіл дәрежесі беріле отырып, бұл Заң жеке тұлға құқығын шектемейді. Яғни, әрбір азамат өз тілінде мемлекеттік органдарға бара алады және өзіне қажетті тілде жауап алады. Тәуелсіз Қазақстанның КСРО бодауында болған жылдардан басты айырмашылығы да осы теңдігінде.

Этникалық қайшылықтарды болдырмаудың келесі бағыты «Мәдени консенсус инфрақұрылымы», яғни мемлекетімізде тұрып жатқан барлық этностардың мәдениеттерінің дамуына жағдай жасау, әртүрлі этникалық топтардың мәдени дамуына ықпал ету, ұлттық қақтығыстың алдын алу. Этникалық қайшылықтарды болдырмауда әлеуметтік институттар да маңызды орын алады. Олар балаларды сәби жасынан бастап тілге, мәдениетке, дәстүрге деген сүйіспеншілігін қалыптастырып, бойына сіңіруде зор рөл атқарады.

Сондай-ақ, республикада этносаралық келісім мәселесін шешуде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен құрылған Қазақстан Халықтарының Ассамблеясының алар орны ерекше [4].

Бүгінгі таңда елімізде 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Әлеуметтік топтар мен халықтардың жалпыұлттық келісімде өмір сүруі дамудың маңызды факторы болып табылады. Бірінен кейін бірі жарасымды көштей өтіп жатқан ЕҚЫҰ саммитінің Астанада өтуі, Ақ Азиада, түрлі дәрежедегі халықаралық дінбасылар форумы, тағысын-тағы сол сияқты көптеген бейбіт сипаттағы бас қосулар қазақ жерін мекендеген түрлі ұлт өкілдерінің ауызбірлік ынтымағын, татулығын көрсетеді. Осының бәрі ұлтаралық қатынастардың күн тәртібінен түспей келе жатқан маңызды мәселе

екендігінен хабардар етеді. Сондықтан да, Қазақстандағы ұлтаралық тұрақтылықтың кепілі бола алатын халықтар бірлігін нығайтуды басты назарда ұстаған жөн. Екіншіден, Қазақстанның барлық азаматтары үшін, олардың ұлттық, әлеуметтік және шығу тегіне қарамастан тең мүмкіндіктерге негізделген біртұтас азаматтығын дамыта түсу керек. Үшіншіден, қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен ынтымақты одан әрі нығайтуға қажетті жағдайларды жүзеге асыруға арналған шаралар кешенін қамтамасыз еткен дұрыс. Төртіншіден, қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қатаң әрі дәйекті түрде қарсы тұру. Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың келешекте Ассамблеяның республиканың алғашқы даму кезеңінде шешімін табуға тиісті атап өткен төрт міндеті.

Біз – көпұлтты мемлекетпіз. Оның тұтастығын сақтау – бүгінгі таңда еліміздің алға қойып отырған негізгі мақсаты. Өйткені, ұлтбірлігі – ең басты құндылықтарымыз. Ал, осы құндылықты тұрақтату үшін халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуды, мәдениетін, тілін, діні мен әдебиетін дамытуды өркендеткен жөн. Бұл бағытта тәуелсіз Қазақстанда мақсат көздеген, түрлі бағыттағы жұмыстар атқарылып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі. Ғаламтор. 2012 ж. www.stat.gov.kz
2. *Нәсімова Г.О.* Этносаралық қақтығыстардың алдын-алудағы Қазақстандық тәжірибе. // Қоғам және дәуір. 2004 ж.
3. *Айталы А.* Ұлтаралық келісім мәдениеті: кеше, бүгін, ертең. // Егемен Қазақстан 14 сәуір. 2008 ж.
4. Қазақстан Халқының Ассамблеясы. Ғаламтор. www.assembly.kz

Н.ТАШКЕНБАЕВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

«ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ» ҰҒЫМЫ

В данной статье всесторонне рассматриваются значение, структура и личные характеризующие знаки понятия “Культура межнациональных отношений”.

This article deals with the meaning, structure and personal characterizing signs of concept “Culture of the international relations”.

Қазіргі кезде ғаламшарымызда 225 мемлекетке біріккен 3000-нан астам ұлыстар мен ұлттар, тайпалар өмір сүруде. Қазақ елінде демографтардың болжауы бойынша жалпы саны ХХІ ғасырдың аяғына дейін 50 миллионға жететін 130-дан асатын әр түрлі ұлттар мен ұлыстар мекен ететін болады деп көрсетуде. Әр түрлі ұлттар мен нәсілдерді ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті негізінде адамдардың теңдігіне негізделген мемлекеттер мен халықтардың өзара қарым-қатынасының гуманистік тұжырымдамасы оны әлеуметтік топтың маңызды бөлігі жастар десек, этикалық қарым-қатынас мәдениеті ұғымына ғылыми талқылау жасау, оның ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне айтарлықтай ерекшелігі барын айқындайды. Д.Жазыбаев: «Осы ұғымдардың мағынасына ортақ мәселелер көп, бірақ олардың бір ғана мағынада сәйкестендіріліп қолданылуы әдістемелік жағынан бұрыс болатын сияқты» - дейді. Этникалық қарым-қатынас мәдениеті мен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті ұғымдары біржақтама, мағынасы жағынан бір ортақ нәрсені айқындатқанымен, оларды бөлетін айырмашылықтарын көрсететін құбылыстар көлемі мен кеңістігі, ауқымы жағынан айрықшаланады. Осы себептен де олар бір-бірімен толық сәйкестене бермейді. Этникалық қарым-қатынас экономикалық-әлеуметтік, мәдени дамудың әр түрлі көрсеткіштерінде тұрған елдердің әр түрлі этникалық-әлеуметтік қауымдастықтардың бір-біріне жәрдем көрсету, бір-бірімен достығы, әріптестігі негізінде пайда болды. Ұлтаралық мекендейтін ұлттардың дамуы мен жақындасуы сипатында қалыптасады. Масштабы [1.69-72]. Осы ұғымдарды бір-бірінен бөлуге де болмайды. Бұл термин, яғни этникалық қарым-қатынас мәдениеті термині үлкен мағынадағы сапалы жаңа саяси құбылысты көрсетеді. Жастардың этникалық қарым-қатынас мәдениеті өз табиғатымен ұлыстардың, ұлттардың, тайпалар мен мемлекеттердің жоғары ынтымақтасу көрсеткішін көрсететін интернационалды, жалпы адамзаттық, жалпы этникалық

құбылыс жастардың ұлтаралық қары-қатынас мәдениеті – осы ұлттық және халықаралық мәселелерді ғылыми жолмен шешудің нәтижесі ретінде көпұлтты қоғамның салалығы мен адамдардың басты жетістіктерінің бірі ретінде айқындалады. Осы себептен де діни, ұлттық, рулық кемсітудің кез келген түрі ұлтаралық қарым-қатынас принциптеріне қарама-қайшы келетін, адамгершілікке сәйкес келмейтін іс-әрекеттер негізінде қарастырылуы міндет. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің этникалық қарым-қатынас мәдениетіне қарағанда халықтардың нақты өмірінің зерттелуі үлкен ұғым еместігін көрсетеді. Себебі, оның негізінде елдің ұлттық өмірін интернационалдыққа тәрбиелеу, ынтымақтасу мен достық жатыр. Жастардың этникалық қарым-қатынас мәдениеті-ұлттар мен ұлыстардың өзара толысуы мен дамуы сипатынан да пайда болып, этностардың толық теңдігін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына, ұлтаралық айырмашылықтарына, этникалық мүдделеріне және тіліне аса құрметпен қарау болып саналады. Ұлттық келісім әлеуметтік даму және қоғамдық қатынастар саласындағы халықтар мен мемлекеттердің достық, гуманистік өзара қатынастары, байланыстарымен өзара іс-әрекеттерінің ерекше тұрақты жүйесі. Жастардың қарым-қатынас мәдениетінде халықтардың достығы мен бірлігі және елдердің өзара тиімді әріптестігі айрықша назарда болуы қажет. Жастардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің құрылысы оның элементтерін өзара байланыста ұстап отырудың жиынтығын көрсетеді. Осы элементтермен байланыстар ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін әділетті демократиялы қоғамның басты атрибуты ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Этникалық және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің құрылымы туралы түсінікті Р.Абсаттаров айтып өткендей диалектикалық жағынан өзара байланысты, өзара анықталған, шартталған екі элементтерден тұрады: біріншіден, ұлттық қарым-қатынас мәдениеті жайында белгілі бір білімге ие болу. Екіншіден, осы білімді тәжірибе жөнінде іске асыру болып табылады. Қоғамымыздың жаңаруы бағытына қарай әр мемлекетке халықтар мен ұлттардың интерграциялық процесі жылдамдайды. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті парагдималарын талқылай келе әдетте «халықтар достығы» ұғымын «ұлттық қарым-қатынас үндестігі» ұғымына теңестіреміз. Осы екі ұғым бір-бірімен жақын байланысты бір-бірін толықтырып отыратын, ғылыми зерттеулерге сипат болатын ажырамайтын түсініктер. Қазіргі таңда түрлі ұлттық қауымдастықтың арасында

халықтар достығы, әріптестігі ұлтаралық қарым-қатынастардың үйлесімі ретінде қарастырылуда. Дегенмен, ұлттық қарым-қатынас үйлесімділігі түрлі тұлғалық және қоғамдық деңгейде айқындалатын есте ұстау қажет. Осы жағдайда олардың ұлтаралық айырмашылықтарын айқындау керек. Әр түрлі тең құқықты халықтардың өзара сенімі мен түсінігіне негізделген ұлтаралық қарым-қатынастар үйлесімділігі ұлттық этникалық қауымдастықтардың өзара іс-әрекетін көрсететін ұлттық қатынастардың ерекше формасы болып табылады. «Халықтар достығы» түсінігінің «ұлтаралық қарым-қатынас үйлесімділігі» түсінігінің ерекшелігін көрсету үшін пайдаланады. «Халықтар достығы» әр түрлі ұлт өкілдері мен халықтар арасындағы өзара әріптестік пен көмек. «Халықтар достығы» терминін кең және тар мағынада түсіну қажет. Кең мағынада «халықтар достығы» әр түрлі этностардың үлкен топтары арасындағы қарым-қатынастарды көрсетуі үшін пайдаланады. Ал, тар мағынада әр түрлі халық пен ұлт өкілдерінің тұлғаралық қарым-қатынастары. Басқаша айтқанда «Халықтар достығы» түсінігі өз ішінде әр түрлі этнос өкілдерінің тұлғалық қатынастарын ғана емес, сонымен қоса осы халықтардың материалдық және рухани қарым-қатынастарының үлкен жиынтығын көрсетеді. «Халықтар достығы» этникааралық және ұлтаралық қатынастар үндестігінің өзара сыйластық, демократиялық жариялылық, өзара түсіністік және гуманизм принциптеріне сүйенген ұлттық және этникалық топтардың, ұлыстар мен ұлттардың арасындағы қатынастар болып саналады. Сонымен қатар, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті «халықтар достығы» түсінігінен әлдеқайда күрделі әрі терең де үлкен түсінік екендігін айта кету керек. Этникааралық қарым-қатынас мәдениетінің тұжырымдамасы – адамдардың санасына жаңарып келе жатқан қоғамның бағытына енетін тәсілдерінің жиынтығы болып саналады. Жастардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің мағынасы – олардың жоғарғы мәдениеті мен адамгершілігінің, жаппай ұлыстар мен ұлттардың, ұлттық және этникалық топтардың, тайпалардың, мемлекеттердің мүдделермен сәйкес келуі.

Ұлтаралық қарым-қатынас әр адамның мәдениеті мен сана-сезімінің көрсеткіші, адамгершілік парасаттылығы, өзге ұлт өкіліне деген ойы, пайымы, ар-ожданлық пиғылы, өмірлік тәжірибесі ерекше орын алуда. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті оның мағынасының

негізгі құрамдас бөлігі болып саналатын мемлекеттік, ресми және ұлттық тілдерімен тығыз байланысты. Қазіргі кезде біздің еліміздің негізінен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті мағынасының көрінісі ретінде қос тілдік кең таралды. Өзінің туған тілімен қатар өзге халықтың тілін білген адам Ж.Х.Жүнісова айтып өткендей, басқа халықтың тілін, мәдениетін қоса алып жүрушілермен өндірілген материалдық және рухани құндылықтарға қол жеткізе отырып, көптеген өзге ұлттың адамдарымен етене араласуына мүмкіншілік ала алды [2.29]. Осы ұғымның, яғни ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті түсінігінің мағынасын қарастырсақ, бұл жерде этникалық жалпы адамзаттық түсініктерінің арақатынасын анықтап алу мақсаты маңызды мәселеге айналды. Себебі бұл ұғым өзара диалектикалық бірлікте болады және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті ұстанымдарының негізгі бағыттарын іске асыру тәсілдері болып саналады. Келесі кезекте «ұлттық» және «жалпы адамзаттық» құндылықтарды айтып өтсек. Қоғамдық өмірде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар адамдардың өзара қарым-қатынастары арқылы мінез-құлқы, ұстанымдары, іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады. Ежелден айтылып келе жатқан жоғары абырой адамгершілік, сүйіспеншілік, намыс, адалдық сияқты құндылықтар бізге жеке тұлғалар арқылы жетті. Кез келген ұлт сол ұлтты құрайтын адамдардың ұлттық құндылықтарды жеткізушісі болып табылады. Қоғамдық қарым-қатынастардан, қауымдастықтан ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар тыс қалыптаспайды. Таптық көзқарас түрлері адам бойындағы қанаушылар мен қаналушылар, буржуазия мен пролетариат арасындағы қарама-қайшылық жалпы адамзаттық құндылықтарды өзгертіп, шатастырып жіберген. Бұл құндылықтар алдымен отбасында, табиғи ортада, қоршаған ортамен қарым-қатынаста бойға дариды. Ата-ананың магнетизмі, ой-өрісі балаға беріледі. Ал оны ананың сүтімен, бесік жырымен бойға дарып қалыптасады. Келер ұрпаққа ата-бабалар үні, ата-аналардың тектік белгілері жетілдіріліп, түрленіп беріледі. Бұларды меңгеру жеке тұлғаны қалыптастырудың белгілі бір іргетасын құрайды. Келер ұрпақтар түрленген қоғамдық құндылықтарды бойына сіңіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жазыбаев Д. Культура межэтнического общения. Мысль, 2000, №5. -С 69-72.
2. Джунусова Ж.Х. Сближение нации. Алма-Ата: Знание, 1984. Стр. 29.

Н.ТАШКЕНБАЕВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ЖАСТАР БОЙЫНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТИ

В данной статье рассматриваются нынешние отношения, формирующие проблемы межнационального содружества, понимания и взаимоважения.

This article deals with the present relations forming problems of international commonwealth, understanding and mutual respect.

Жастар бойында қарым-қатынасты қалыптастыруда негізгі орын алатын, оның ішінде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дұрыс ұғыну үшін ғылыми еңбектерде әлі зерттелмеген этностар мен ұлттар қарым қатынасы мәдениеттерінің негізгі міндеттерін ұштастыруымыз қажет. Ең алдымен халықтардың өзара ынтымақтасуы, іс-әрекет бірлігі, ұлттық мүдделер мен тәуелсіздіктерінің танылуы, ішкі істеріне араласпау, жалпы демократиялық және интернационалдық принциптердің бірлігі, мемлекеттер мен халықтардың достық қарым-қатынастары болып табылады. Жастардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың негізін құрайтын принциптер мен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің алдыңғы кезеңдегі дәрежесімен байланысты туындайтын мәселелер қарастырылады.

Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу мемлекет болу сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу- болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар алдымыздағы ұрпақтың алдындағы- парыз деп түсінуіміз керек. Яғни парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Өйткені, біз бұдан былайғы кезеңде бүкіл адамзат баласы жасаған өркениеттермен қатар дамуға тиіс мәдениеттің(қазақ мәдениетінің) мүшесі болып саналамыз. Ендеше адамзат баласының осы уақытқа дейін жасаған озық тәжірибелері мен жетістіктерін қолдан келгенше түгел игеріп, қажетімізге пайдалануымыз керек. Сондай-ақ ағымдағы уақыттың

талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыруда ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуы тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жаңа дәрежеге, интеллектуалды сапаға көтеріп алу тиімді болып отыр.


Қысқаша айтқанда, ұлттық тәрбие–ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеу негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті - мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілімен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриялық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу; білім және мәдени рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана–сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Көп этникалық және көп дінді құрамы мен ҚР-ның халқы өзге мемлекеттерден ерекшеленеді. Мұнда көптеген ұлыстар мен ұлттардың өкілдері мекендеп жатыр.


ОҚО-да ұлтаралық қарым-қатынас деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтанулық деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтанулық зерттеулер жүргізген болатынбыз. Бұл сауалнама бойынша барлығы 500 респондент тартылды. Ұлттық ерекшеліктеріне байланысты:

	Қазақ		өзбек		Орыс		Басқа ұлт өкілдері	
Шымкент	98	49%	24	12%	60	30%	18	9%
Кентау	114	57%	18	9%	52	26%	16	8%
Түркістан	52	52%	22	22%	15	15%	11	11%
Барлығы	264	52,6%	64	14,3%	127	23,6%	45	9,3%

Бірінші сұрақ бойынша «облысымызда қай ұлттың өкілдері басым тұрады деп ойлайсыз» деген сұраққа:




«Сіз өзіңіз тұратын елді мекендегі әртүрлі ұлт өкілдерінің арасындағы қарым-қатынасты қалай бағалар едіңіз?» атты сауал қойылған еді.



Ұлтаралық қатынастарды реттеуде Қазақстан Халқы Ассамблеясының ықпалы қаншалықты?

Жауап нұсқалары	Жоғары	Орта	Төмен
Шымкент	(98) 49%	(57) 28,5%	(45) 22,5%
Кентау	(115) 57,5%	(64) 32%	(21) 10,5%
Түркістан	59%	36%	5%
барлығы	(272) 55,1%	(157) 32,16%	(71) 12,6%

Қазақстанда тұратын ұлттардың қазақ тілін меңгеруі жоғары деңгейде ме?



«Ұлттық қатынастарды жетілдіру жолдары неде деп ойлайсыз?»

Жауап нұсқалары	Ортақ тілде	Ортақ дінде	Татулық пен бірлікте	Билік күшінде
Шымкент	(33) 16,5%	(39) 19,5%	(48) 24%	(80) 40%
Кентау	(26) 13%	(27) 13,5%	(34) 13,5%	(113) 56,5%
Түркістан	23	42	15	20
Барлығы	(82) 17,5%	(108) 25%	(97) 18,6%	(213) 38,8%

Осы сауалнаманы жүргізу кезінде респонденттерге «Сіздің ойыңызша облысымызда ұлтаралық келеңсіздіктер мен керісулер жиі кездеседі ме?» деген сауалымыздың қорытындысы бойынша сұралған облыс тұрғындарының 86,7%-ы қаламызда ұлтаралық келеңсіздіктер мен керісулер жиі кездеспейтінін көрсетсе, 13,3%-ы кездесетінін көрсеткен.

«Басшылықтың ұлттық саясатты жетілдіру және оны іске асыру бойынша қызметін» респонденттердің 30%-ы сөз жүзінде барлығы дұрыс айтылады, алайда тұрғылықты жерлерде барлығы өзгеше істеледі деп бағаласа, 70%-ы өлшенген, белсенді саясат ұлтаралық келісімге ықпал ететіндігін көрсете білген.

Осы сауалнама нәтижесі облысымыздағы ұлтаралық қарым-қатынас жағдайы бір қалыпты сипатта, сонымен қатар басқа ұлт өкілдерінің тұрғылықты қазақ ұлтының ұлттық мүдделеріне үлкен құрметпен қарайтындығын көрсетті. Бұл облысымызда ұлтаралық келісушіліктермен түсініспеушіліктердің белең алуына негіз жоқ екенін айқындатуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жазыбаев Д. Береке басы – бірлікте. Этникалық қарым-қатынас мәдениетінің негізгі принциптері мен проблемалары// Қазақ әдебиеті, 1999, №12.
2. Елікбаев Н. Ұлттық психология. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 85-86 бб.

ӨНЕРТАНУ

А.М.ЕРДЕНОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

А.К.СӘДІБЕК

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

«ҚҰСҚАНАТЫ» ОЮЫ – БЕЙБІТШЛІК ӨРНЕГІ

В данной статье рассматриваются история орнамента «Кусканаты» и их применение в изделиях.

This article deals with the history of ornament “Kuskanaty” and their using in products.

Ою-өрнек тарихы қазақ халқы өнерінің, атаулардың пайда болуын, қолданыстық мәнін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен байланысын, тіпті халықтың рулық ұстанымдарын көрсетеді. Ою-өрнектің салынуы, қолданысы әрбір тарихи кезеңге сай өнердің даму ерекшеліктерін, өзгерістерді екшелейді [1].

Қазақ халқының қолөнерінің сала-саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне әрі күрделі түрі – ою-өрнек. Қазақтың қолтума сәндік өнерінің барлық түрлерінде де оюлар мен өрнектер алғашқы элемент ретінде қолданылады. Қазақ халқының ескі заман дәуірінен сөнбес мұра болып, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, ұзақ жылдар өзіндік тарихымен елімізді бүкіл әлемге мәдени қол өнерімен танытып келген «далалық өркениеттің» алтын бесігі Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан. Қазақ халқы мол байлығымен республика жерінде ескіден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді, салтты өркендетуші, ары қарай жаңғыртып, байытушы. Көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі қоңыр адамзат мәдениетінің дамуын қарастыратын болсақ, мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастың, сұхбаттың үзілмей келе жатқанын көреміз. Белгілі ғалым Л.Н.Гумилев көшпелілер жайында былай дейді: «Біздің дәуірге дейінгі I ғасырдағы көшпенділер мәдениеті ерекше дараланды. Оның үстіне XVIII-XIX ғ.ғ. көшпелілер мәдениетінен көп жоғары болған» [2].

Тарихи-ғылыми деректерге жүгінсек, қазақ халқының ою-өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алады. Үйсін тайпалары Қазақстан аумағында б.з.д. II – б.з. VI ғасырларда өмір сүріп, өздерінің мемлекетін құрған. Қытайда туып өскен лингвист, тарихшы-ғалым Нығмет Мыңжанидың деректерінде: «Біздің жыл санауымызға дейінгі

үйсін молаларынан шыққан ою-сызу өрнектер ХІХ ғасырдағы қазақтың ою-өрнектеріне ұқсас. Демек, бұл қазақтың ою-өрнек өнерінің ежелгі үйсін мәдениетінің жалғасы және дамыған түрі екендігін дәлелдейді», – делінген [3].

Ұлттық ою-өрнек өзіне тән белгілерінің жүйелерін қазақ халқының қалыптасуымен әрі республиканың қазіргі аумағын мекендеген Азияның басқа да халықтары мәдениетімен тығыз байланыста дамыды.

Ә.Марғұлан ою-өрнектерді төрт топқа бөледі. Олар: космогониялық, зооморфтық, өсімдік тәрізді, геометриялық өрнектер. Қазақ халқының ою-өрнек әлемінде ең көп кездесетін, кең таралған ою-өрнек түрі – зооморфтық ою-өрнектер. Ал зооморфтық ою-өрнектер туралы Ә.Марғұлан «көне малшылар мен егіншілердің тіршілік әлемінен сыр шертетін, көне мифологиямен, ертедегі адамдардың өнерімен байланысты өрнектер» деп ерекше атап еткен [3].

Қазақтардағы жетекші ою-өрнек мотиві – зооморфтық стильдегі ою-өрнектердің ішіндегі «құсқанаты» өрнегі – ұзатылған қыздың тұскиіз, сандық қап сияқты бұйымдарына, отау құрып шығатын ұлдардың жиһаздарына салынып «құс қанатымен ұшып құйрығымен қонады, ұясынан ұшқан балапандарым сендер әлі де қанат-құйрығымсындар» деген мағынаны білдірген. Бұдан басқа «құсмойын», «құстұмсық» сияқты құс атына байланысты өрнектер де қолөнер үлгілерінің барлық түрлерін жасауда қолданылады [1, 3]. Сол себепті бойжеткен қыздардың қазіргі киім-кешегінде құсқанаты өрнегін кеңінен пайдаланған жөн.



«Құсқанаты» өрнегі сонымен қатар бейбітшілік белгісі. Осыған да байланысты аталған өрнекті күнделікті киімдерде де пайдаланылса, қазақстандықтардың бейбіт, тәуелсіз өмір сүретіндігін киімі арқылы сөзсіз-ақ жеткізуге

болады.

Табиғаттың төл баласына айналған көшпенділер ұрпағы үшін қанатты қыран – дала бүркітінің де орны бөлек. Оның елтаңба мен туда (байрақ) бейнеленуі де таңсық емес. Бұл еркіндіктің белгісі, биік армандарға қол созу, жер бетіндегі тіршілік көзі ұмтылған алыс армандарға қол созу, жер бетіндегі тіршілік көші ұмтылған алыс армандарға қиялдап қанат қағу нышаны. Ә.Марғұлан «қазақ халқы

кілемдердің шеттерінің көмкермелеріне бүркіт өрнекті көп салады», ол сонымен бірге «құсқанат», «бүркіт қанат», «лашын қанат» сияқты бүркіт оюлары түрлерінің барын атап өтеді [1, 3].

Ою-өрнектің де өз тілі бар. Бағзы заманда ою-өрнек хаттың орнын алмастырған. Қыздар орамалдың шетіне ою салып, сол арқылы ғашығына ойын жеткізген. Сондықтан да ою-өрнекке жай нәрсе деп қарау – қателік [1].

Халықтың қолөнері мен ою-өрнек шығармашылығын ғылыми негізде арнайы жекелеп зерттеу ісі басталғалы 100 жылдан астам уақыт өтті. Бұл іс ең алдымен біздің Отанымыздың ғалымдары, олармен қатар Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары басынан бастап-ақ халықтың қолөнері туралы байыпты зерттеулер мен кітаптар шығарылды. Демек, ою-өрнектердің шығу тарихы олардың сюжеттік мазмұны мен атаулары туралы мәселе әлі де болса көп зерттеулерді талап етеді. Жалпы алғанда, ою-өрнек түрлерінің 500-ге жуық атауы белгілі. Этнограф Садық Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері» атты кітабында қазақ қолөнерінде жиі қолданылатын 200-ден аса ою-өрнектің түрлерін атап өтеді. Әйткенмен ою-өрнектің түрлері осымен ғана шектелмейтіні өзінен-өзі түсінікті. Өмірдің өзінің тынымсыз даму үстінде болатыны секілді, өнер де әр заманның, әр кезеңнің бағыт-бағдарына, сұраныс-қажеттілігіне қарай дамып, жетіліп, өркендеп отырады [1, 2].

Менің түсінігімде ою-өрнек дегеніміз – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылығы, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады.

Қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ою-өрнек үлгілері андронов мәдениеті мен байырғы сак, ғұн, үйсін өнері мұраларында кездеседі. Тартымды көркемделген өнердің көне мұралары б.з.б. VIII-I ғасырларында ою-өрнек өнерінің жоғары дәрежеде болғандығын көрсетеді [2].

Киетін киімінен бастап ішетін табағына дейін оюлап, өрнектеп, барынша әсемдеп отыратын қазақ халқы туралы көптеген зерттеушілер «қазақ халқы ою-өрнек әлемінде өмір сүреді» деп тегін

айтпаған болар [3].

Қазақ ою-өрнегіне зер салған адам ою-өрнектің өз бойына еншілеген тақырыптық мағынасы, композициясы, симметриясы мен ритмі, сондай-ақ оған арналған философиялық мәні бар екені байқап түсінуге болады. Мысалы, қызыл, жасыл, ашық және анық, жарқын түсті ою-өрнектердің жасырын құпия тілдерін түсіну қиын емес. Бояу үндестігі, бояу шешімі ою-өрнек өнерінде адамға идеялық және эмоциялық жағынан әсер ететін негізгі арқау болып саналуында.

Киім адамды қоршаған ортаның әр түрлі әсерінен қорғап, денесіне сән береді. Қазақтың ұлттық киімдері оның бай тарихи-мәдени мұрасы, өзге халықтардың киімдерінен басқаша және ерекше қасиетке, сән-салтанатқа ие. Қазақтар киімді солға қарай қаусырады. Бұл сақ тайпаларының киімдерінде, орта ғасырлардағы түріктерде кездесетін ерекшелік. XX ғасырдың 20-шы жылдары Ойыл мен Сағыз бойында өмір сүрген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С.И.Руденко күпінің қазақтардың ата-бабасына кем дегенде бұдан екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеп берді. Бұл қазақтың ұлттық киімдерінің тарихының көшпелілер (сақ, ғұн, қыпшақ) тарихымен тығыз байланыста екендігін танытады [5].

Қыпшақтардың ішкі-сыртқы киімдері көшіп-қонуға, еркін жүріп-тұруға, ауа-райының барлық жағдайларына қолайлы етіп тігілген. Негізінен, Еуропаға шалбар киюді де үйреткен – қыпшақтар. Олардың киімдері төзімді де ыңғайлы, қарапайым да әсем болған, мұндай киім киген адамдарға қыстың қаһарлы аязы, жаздың аптап ыстығы, күздің қара суығы, жауын-шашын ешбір қауіп-қатер төндіре алмаған. Қазақтың ұлттық киімдерінің жасалуы жөнінде Сәбит Мұқанов былай деп жазады: «Адамға ауа-райының қолайсыз жағдайынан қорғану үшін және көріктілік үшін де киім қажет. Ертедегі адамдардың киім-кешектері мал терісінен жасалатын еді. Әсіресе, теріні сырт киім үшін пайдаланылатын-ды» [5].

Қазақ ою-өрнектерінің жасалу принциптері бар. Жалпы қазақ қолөнер шеберлері өлшеп-пішпей-ақ екі заттың тең пропорциясын жасай білген. Қазақ ою-өрнегінің басты ерекшелігі — композиция, ритм (ырғақ) симметриялық принциптерінің берік сақталып келуі. Сондай-ақ ою-өрнектің әр заттың өзіне лайықталып, жарасымын, үйлесімін, сәнін тауып, қабысып, шынайы көркемдік беруі қолданылған түстерге де байланысты. Ою-өрнек жасаушы шебер оюды

олпы-солпы болудан сақтауы, әсемдігіне жеткізе білуі керек. Сондықтан да өрнектердің композициялық құрылымына, бояу түрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасымын дұрыс таба білуіне көп көңіл бөлген жөн. Мысалы: көк түс – аспан, жасару, өмір, өсу деген мағынаны білдіреді, қызыл түс – оттың, күннің белгісі, қара түс – жердің түсі, берекенің белгісі, сары түс – ақыл, парасат, байлықтың белгісі, ақ түс – қуаныштың, бақыттың, тазалықтың белгісі, жасыл түс – жастықтың, көктемнің белгісі. Осыларға мән бере отырып, композициялық құрылымның дұрыс болуын да қадағалай білу керек [4].

Қазақ ою-өрнегінде ақ бояу түрі көбірек қолданылады. Оны ағарған дейміз. ағарғанның идиомалдық ұғымы да – ақ, ағарған деп аталады. Ою-өрнектің біздің кең байтақ территориямызға қарай, стильдері де, атаулары да әртүрлі болып келеді. Оңтүстік Қазақстанда, негізінен, стилденген қошқар мүйіз оюы мен геометриялық фигуралар араласа қолданылса, Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда стилденген зооморфты оюлар басым, Батыс Қазақстанда стилденген зооморфты оюлар өсімдік тектес өрнектермен жаңа үйлесім тапқан және киім-кешек сәндеу мен өрнектеуде де көрініс тапқан [1, 4].

Қазақ ою-өрнектерінен халқымыздың тарихы, мәдениеті, қоғамдық құрылысы, кәсібі мен күнкөрісі, ой ұғымының дамуы мен өзгерістері, бір сөзбен айтқанда, философиясы мен менталитеті көрініс тауып отырғаны белгілі.

Шындығында, ою-өрнектердегі бедерлер халықтың қоршаған орта, өмір туралы түсініктерімен астасып жатады. Оюлардың бедерлері неге түрліше болып келеді дегенді әрқайсымыз да ойға алып қоятынымыз рас. Өйткені оның барлығы өзіндік мәнге ие. Расында да, кейбір оюлар геометриялық пішінде болады. Олар үш бұрышты, ромб формасынан құралады, ал енді бір оюларда ай, күн, жұлдыз бейнеленеді.

Ғасырлар қойнауынан жеткен және қазақ халқының сан ғасырлық тәжірбиесімен тексерілген бұл энергоакпараттық белгілер ішкі-сыртқы кеңістіктің үндесуіне, бейбітшілік пен махаббатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Міндеті – әр адамның рухани шығармашылығын ашу, шығармашылық жағынан дарынды адамдарға психологиялық және материалдық көмек көрсету, сана-сезім сырына арналған ғылыми-философиялық мұраларды зерттеу, рухани эзотеризм саласындағы білімді толықтай игеру екен [6].

Ою-өрнектермен әсемделген киім үлгілері энергияны басқаруды,

табиғи күш пен тепе-теңдікті сақтауды және осының арасында өмірге қуанышты оқиғаны тартуды, үндестікке жетуді, жеке өмірді саналы түрде басқаруды үйретеді. Ол қазақ халқының байырғы білімдері мен дәстүрлеріне негізделген. Олар қазақ халқының киім үлгілеріне ою-өрнек қолдану өнерін дамытуға, қайта жаңғыртуға және әлемге қазақ халқын тағы да танытуға негіз болады.

«Әрбір өрнек – ол зор төзімділік пен тұрақтылықты игерген тұрақтандырылған жүйе. Ою-өрнек әлем сырына үңілуге, сондай-ақ адамның денесі мен психикасына қолайлы әсер етуге мүмкіндік береді. Ол ғарыш пен адам арасындағы дәнекер ретінде қызмет етіп, оған энергетикалық тасқындардың көптеген түрін сезіну мен қабылдауға көмектеседі, рухтың оянуына себепші болады және рухани даму жолына түсуге көмектеседі», – дейді эзотериялық әдістеменің және рухани тәжірибелердің авторы, космоэнипсихолог, көріпкел Елена Гомер [6].

Негізінде ою-өрнектерге үңілсеңіз, оның маңызы терең екенін түсінесіз, қазақтар альфавит жоқ кезде осы ою-өрнектермен жазу жазған-ау. Өйткені әрбір ою-өрнектің өзіндік терең мағынасы бар.

Бұл оюларды күнделікті тұрмыста қолдануды әдетке айналдырсақ, алдымыздан тек жақсылық күліп шығатын болады. Ал оны қалай пайдаланамыз? Ол үшін аталған ою-өрнектерді ең алдымен киім-кешегіңізге, сонымен қатар төсек-орын жабдығы мен дастарқаныңызға пайдалансаңыз жетіп жатыр.

Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қазақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеу, әшекейлеудің негізі болып келеді.

Ою-өрнектің жасалу техникасына қарай ойып, жапсырмалап, сырып өрнектелетін түрлері бар. Ою-өрнек ісімен шұғылданатын шеберді «оюшы» деп, ал осы өнердің зер төгіп, кестелеп жасалатын нұсқаларымен айналысатын ісмерлерді «өрнекші» дейді. Ел ішінде ағаш, киіз тәрізді материалдарды ойып, тесіп, бедерлеп, сүйек, металдан жасаған сәндік жосықтарды «ою» деп, кестелеп, термелеп, жонымалап шығарған ою ырғақтарын «өрнек» дейді. Халықтық ою-өрнектерді қарап, шеберлер көңілдеріне ұнағандарын не қағазға, не тақыр теріге, не матаға түсіріп ойып алатын болған. Оюдың осындай қиындысын «үлгі» деп атайды [4].



а) Алдыңғы көрінісі



б) Арқа көрінісі

Суретте көрсетілген киім үлгісін түсіне, оюына қарап ақылды, парасатты, бақытты, берекесі мол жас бойжеткенге күннің нұры шашылып тұр деп сипаттауға болады. Жасыл түсті көбірек қолданылуы бойжеткен қыздың белгісі. Ал мұндағы құсқанаты өрнегі бейбітшілікті көрсетіп тұр.

Ою-өрнек – мәдениетіміздің әшекейі. Олардың қолданыстағы ыңғайлылығы мен кез келген дизайнды әрлендіріп жіберетіні таңғалдырады. Сосын барлық ойымды, шабытымды осы Қазақстанның рәміздеріне, ою-өрнектеріне, тіпті Қазақстанның тұрған географиялық орнына байланыстырып алдым. Мысалы, біз орта Азияда тұрмыз. Сондықтан Азиялық және Еуропалық киім үлгілерін қосуға тырыстым. Менің ойымша, бізге тек шетелдік киімдерді әкелмей, өзімізде де күнделікті тұрмыстық киімдер жасайтын, не болмаса осы киімдердің стильдік шешімінің образын жасай беретін кез келді.

Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасқан. Ұлттық киімнің барша сымбатында, ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі жатыр. Ол – біздің ұлттық мәдениетіміз [1].

Қазақтардың өнері дамыған сайын, тынысы кеңейіп, өнер түрлері Қазақстанның барлық жерлерінде түгелдей өрістеді. Әр өңірдегі өнердің қалыптасып, дамуына көрші халықтардың ықпалы зор. Ата-бабамыздың қолөнер мұраларын жақсарту – қазіргі заман жастарының ісі, халықтың ертедегі істері жарасымды жалғасын тапса, өнер дамыған үстіне дами береді.

Бұл мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық қоңыр ою-өрнек-

терімізді, қазіргі жаһандық заманда аман сақтап, жастарымыздың бойына ұялата білу біздің парызымыз. Ұлттық мәдениеттің бір саласы қолөнер, яғни ою-өрнек болғандықтан, қолөнер шеберлерінің дәстүрлі талабын да жан-жақты зерттеу болашақ жастардың ісі. Қолөнер – баға жетпес, өшпес мұра. Оны қорғай да, қолдай да білуіміз керек.

Біз үшін өзіміздің немесе басқалардың киімдерімізде қазақ оюын көру патриоттық сезім тудырады, ал басқа халық адамдары үшін алмағайып. Сондықтан менің оюларды қолдану стилім және стратегиям – оларды киім дизайнында белгілі көлемде қолдану. Киімдегі оюларды көрген кез келген адам оның шығарушы елді бірден тануы қажет деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Жәнібеков Ө.* Қазақ киімі. Альбом. – Алматы: Өнер, 2005. – 160 бет.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Нысанбаев Ө. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9.
3. *Қасимов С.* Қазақ халқының қол өнері. – Алматы: Қазақстан. 1995. – 240 бет.
4. *Райымхан К.Н.* Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 136 бет.
5. Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National clothers of Kazakh people. Құрастырушылар Хинаят Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 384 бет, суретті.
6. <http://news.nur.kz>

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ФИЛОЛОГИЯ

ТАУКЕБАЕВА Р.Б. ШАФИГУЛИНА Р. О специфике перевода художественного текста Көркем мәтінді аудару ерекшеліктері	3-9
TAUKEBAYEVA R.B. SHAFIGULINA R. About specificity of artistic texts translation	
УРАЗБАЕВ К.Б. АЙСИЕВА Д. Об устойчивых словосочетаниях в средствах массовой информации Бұқаралық ақпарат құралдарындағы тұрақты сөз тіркестері	10-17
URAZBAYEV K.B. AISSIYEVA D. About English Set Phrases in Mass Media	
САДЫҚБЕКОВ Қ.А. Мәмлүктер мемлекетінде қыпшақ тілінде жазылған діни жәдігерліктер Религиозные памятники, написанные на кипчакском языке в мамлюкском государстве	18-23
SADYKBEKOV K.A. Religious Monuments Written in Kipchak in the Mamluk State	
ТАУКЕБАЕВА Р.Б. БАЙРАМКУЛОВА С. Особенности концепта игры в романе С.Моэма «Театр» С.Моэмның «Театр» романындағы ойын концептісінің ерекшеліктері	24-30
TAUKEBAYEVA R.B. BAIRAMKULOVA S. About specificity of artistic texts translation	
ЧАКАНОВА С.Ж. Коммуникативная методика обучения русскому языку в иноязычной аудитории Шетел аудиториясында орыс тілін коммуникативтік әдіспен оқыту	31-35
CHAKANOVA S.ZH The Communicative Method of Teaching the Russian Language to Foreigners	
УРАЗБАЕВ К.Б. ХАЛМАТОВА З.У. Structural Formation of Technical Terms	36-42
УРАЗБАЕВ К.Б. ХАЛМАТОВА З.Б. Техникалық терминдердің құрылымдық жасалуы Семантические особенности технических терминов	

ДҮЙСЕН А. САЙБЕК Ж.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі зат есімнің ұқсастықтары мен айырмашылықтары Сходства и различия имен существительных в английском и казахском языках	43-47
DUYSSEN A. SAIBEK ZH.	Similarities and Distinctions of Nouns in English and Kazakh	
ҚОНЫСОВА А.А.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістіктің ашық рай категориясы Категория изъявительного наклонения в английском и казахском языках	48-50
KONYSSOVA A.A.	The Category of Indicative Mood in English and Kazakh	
ЖУРНАЛИСТИКА		
СЕРДӘЛІ Б.	Телеоператордың жарықпен жұмысы Работа телеоператора со светом	51-59
SERDALI B.	Work of the Television Cameraman with Light	
СӘДІБЕКОВ А.К.	Журналистің кәсіби этикасын заңдастыру - уақыт талабы Необходимость закона о профессиональной этике журналиста - требование времени	60-64
SADIBEKOV A.K.	The Urgency of Legalization of Journalist's Professional Ethics	
СЕРДӘЛІ Б.	Телепортрет Телепортрет	65-71
SERDALI B.	Teleportrait	
ПЕДАГОГИКА		
ОРТАЕВ Б.Т. ТЕМІРБЕКОВА С.Ж.	Болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениеті жөнінде О технологической культуре будущих учителей начальных классов	72-80
ORTAYEV B.T. TEMIRBEKOVA S.ZH.	About Technological Culture of Future Primary School Teachers	
ТЕМІРБЕКОВА С.Ж.	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің еңбекке баулу бойынша технологиялық мәдениетінің мазмұны Содержание технологической культуры по приучению труда будущих учителей начальных классов	81-86
TEMIRBEKOVA S.ZH.	The Content of Technological Labour Teaching Culture of Future Primary School Teachers	

ТАРИХ

МӨМБЕТОВ Қ. Елбасы және түркі халықтарының бірлігі Глава государства и единство Тюркских народов	87-91
МАМБЕТОВ К. Head of State Unity of the Turkic Peoples	

ӘБУШӘРІП С. МӨМБЕТОВ Қ. Түркі халықтарының бірлігін нығайту – тарихи қажеттілік Укрепление единства тюркских народов – историческая необходимость	92-96
ABUSHARIP S. МАМБЕТОВ К. Strengthening of Unity of Turkic peoples as the Historical Necessity	

ФИЛОСОФИЯ, ДІНТАНУ

БАЛТАБАЕВА А. МӨМБЕТОВ Қ. Түркі халықтарының рухани әлемі Духовный мир тюркских народов	97-102
BALTABAYEVA A. МАМБЕТОВ К. The spiritual world of Turkish peoples	
АЛПЫСБАЕВ Е.О. Имам Әбу Ханифаның хадис ғылымындағы орны Место имама Абу Ханифы в Хадисоведении	103-110
ALPYSBAYEV YE.O. The Role of Abu Hanifa in the Hadis Knowledge	

СОЦИОЛОГИЯ

ДЖАППАРОВА Р.Т. Роль образования в политическом воспитании молодежи Жастарды саяси тәрбиелеудегі білім берудің рөлі	111-114
ZHAPPAROVA R.T. The role of education in political training of youth	
ЧАКЫР М. Основные социологические факторы и влияние спорта на человека Спорттың адамға ықпалы және негізгі социологиялық факторлары	115-125
CHAKYR M. Impact of Sports on Human and Basic Sociological Factors	
СЕКСЕМБАЕВА С. Ұлт тағдыры – ел тағдыры Судьба нации – судьба страны	126-131
SEKSEMBAYEVA S. Destiny of the Nation – Destiny of the State	
ТАШКЕНБАЕВ Н. «Ұлтаралық қатынас мәдениеті» ұғымы Понятие “Культура межнациональных отношений”	132-135
TASHKENBAYEV N. Conception “Culture of international relations”	

ТАШКЕНБАЕВ Н.	
Жастар бойындағы ұлтаралық қатынас мәдениеті	136-139
Межнациональная культура отношения вдоль молодежи	
TASHKENBAYEV N.	
International culture of relation along young people	

ӨНЕРТАНУ

ЕРДЕНОВА А.М.	
СӘДІБЕК А.К.	
«Құсқанаты» оюы – бейбітшілік өрнегі	140-147
Орнамент «Құсқанаты» – узор мира	
YERDENOVA A.M.	
SADIBEK A.K.	
"Kuskanaty"’S Ornament as the World Pattern	

Мазмұны	148-151
Содержание	
Contents	
